AIQYN апта

СЕНБІ №132 (4817)
21.11.2026

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ГАЗЕТКЕ ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

e-mail: aikyn.kz.gazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti
www.aikyn.kz

ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ



Қасым-Жомарт Тоқаев Хайсам бен Тариқ Әл Саидті Оман Сұлтандығының Ұлттық күнімен құттықтады.

Қазақстан Президенті Оман Сұлтанының жуырда елімізге жасаған тарихи сапарын ықыласпен еске алып, оның нәтижелері екіжақты стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайтуға септігін тигізетінін атап өтті.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Хайсам бен Тариқ Әл Саидтің жауапты саяси қызметіне табыс, ал бауырлас Оман халқына құт-береке тіледі.

ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ҚЫЗМЕТІ РЕФОРМАЛАНАДЫ



Мемлекет басшысы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Марат Ирменовті қабылдады.

Президент ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар мен алдағы кезеңге қойылған міндеттер туралы есепті тыңдады.

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің басшылығымен өткен жиын қорытындысы бойынша берілген тапсырмаларды орындау аясында Мемлекет басшысына ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметін реформалау және тиімділігін арттыру бойынша қолға алынатын шаралар туралы баяндалды.

Кездесу соңында Президент бірқатар нақты тапсырма берді.

БАСПАСӨЗ-2027

AIQYN

AIQYN республикалық қоғамдық-саяси газетіне 2027 жылға жазылу басталды



Жазылу түрлері	Индекс	Жазылу мерзімі	«ҚАЗПОШТА» АҚ жазылу бағасы	
			Қала	Ауыл
Заңды тұлғалар үшін	15102 – AIQYN	6 ай 12 ай	18 204,60 36 409,20	13 643,46 27 286,92
Жеке жазылушылар үшін	65102 – AIQYN	6 ай 12 ай	Қала 9 741,30 19 482,60	Ауыл 9 393,42 18 786,84

KAZPOST

Анықтама телефондары:
«Қазпошта» анықтама бөлімі: 8 (7172) 58-02-96
Жазылу және тарату бөлімі: 8 (778) 837-07-21

АҚОРДА

ЕЛ ЫРЫСЫН ЕСЕЛЕГЕНДЕР

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің III форумында сөз сөйледі.



– Құрметті жиналған қауым! Ең алдымен, кәсіби мереке баршаңызға құтты болсын дегім келеді. Бұл – мән-мағынасы ерекше оқиға. Себебі ауыл шаруашылығы – ел экономикасы үшін стратегиялық маңызы айрықша сала. Бүгін де жыл сайынғы дәстүрге сай мемлекетіміздің аграрлық ахуалын талқылау үшін арнайы жиналып отырмыз. Алқалы жиынға еліміздің әр аймағынан келген білікті мамандар, дихандар, шаруалар, бір сөзбен, еңбек адамдары қатысып отыр. Сондықтан бұл форумды жалпыұлттық ауқымдағы нағыз елдік басқосу десек те қате болмас. Ең алдымен, қазір сөз сөйлеп, өз көзқарасымен бөліскен азаматтарға, инвесторларға алғыс білдіремін. Су ресурстарын үнемдеу, жайылымдық жерлерді тиімді пайдалану, ауыл еңбеккерлерінің әлеуметтік жағдайын жақсарту және басқа да өзекті мәселелерге қатысты мазмұнды пікірлер, ұтымды ұсыныстар айтылды. Үкімет және құзырлы министрлік осы мәселенің бәрін міндетті түрде назарға алуы керек.

Баршаңызға мәлім, бүгінде ауыл шаруашылығы мамандары ауыл әлеуетінің артуына, тұтас мемлекетіміздің өсіп-өркендеуіне мол үлес қосуда. Сіздер атакәсіпті абыроймен атқарып, ұлтымыздың игілігін еселеп жүрсіздер. Ауа райы қолайсыз болғанына қарамастан, биыл да ел қамбасы астыққа толды. Күзгі жиын-терінде еліміз бойынша 24,5 миллион тонна дақыл жиналды. Егіннің бітік болуы – молшылық пен тоқшылықтың кепілі. Бұл – еліміздегі әр шаңырақ ырысқа кенеліп, дастарханымыз берекелі болады деген сөз. Мен бүгін дихандар қауымына және осы салада еңбек етіп жүрген барша азаматқа алғыс айтамын, – деп бастады сөзін Мемлекет басшысы.

ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНА ҚОНҒАН ҚҰТ

Президент осы орайда қазақта «Еңбек төрге оздырады» деген сөз барын еске салып, шын мәнінде, өз ісін адал атқарып, міндетіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын азаматтардың арқасында еліміз өсу, өрлеу дәуіріне қадам басып келе жатқанын жеткізді.

– Біз жасампаз әрі озық ойлы ұлт болып әрдайым алысқа көз тігеміз, ел мүддесі үшін тек қана биік мақсаттарға ұмтыламыз. Мемлекет басшысы ретінде осы мақсатқа адал болу – мен үшін қастерлі парыз. Биылғы Жолдауымда көрініс тапқан «Халықтық құрылыс» бағдарламасы соның айқын дәлелі екені сөзсіз. Бұл – құт қонған қазақ даласы енді ауқымды құрылыс аумағына айналады деген сөз.

Алдымызда тұрған құрылыс жоспары – шын мәнінде, оның ауқымы тұрғысынан алып қарасақ, айбынды әрі бірегей. Еліміздің барлық аймағында емхана, аурухана, балабақша, мектеп, мәдениет және спорт ғимараттары, яғни халқымыздың тұрмыс сапасын жақсартуға арналған аса маңызды әлеуметтік нысандар бой көтереді. Сапалы жолдар төселеді, атом, су, электр станциялары, деректерді өңдеу орталықтары салынады. Осылайша, мемлекетіміздің тұрпаты мен келбеті, экономикамыздың құрылымы айтарлықтай өзгеретініне күмән жоқ, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының сөзінше, бір мезетте бүкіл саланы және барлық аймақты қамтитын дәл осындай өте ауқымды құрылыс ел тарихында бұрын-соңды болмаған.

– «Халықтық құрылыс» халқымыздың қолдауына ие болатын, ұлт дамуына кең жол ашатын жоба болмақ. Жалпыұлттық жобаға өндіріс орындары да, отандық кәсіпкерлер де белсене атсалысады. Жаңа жұмыс орындары пайда болады, азаматтардың табысы артып, тұрмыс сапасы жақсарады. Түптеп келгенде, «Халықтық құрылыстың» игілігі мен жақсылығын Қазақстанның әрбір азаматы, әсіресе өскелең ұрпақ өкілдері көреді. Сондықтан біз «Құрылыс және тағы да құрылыс» сөзін отаншылдық ұраны етіп, біртұтас қоғамымыздың мүддесі үшін Әділетті Қазақстанның әр кірпішін бірге қалаймыз. Мен бұған кәміл сенемін.

«Халықтық құрылыс» деген атауында тұрғандай, бұл жоба халықтың игілігін көздейді, барлық азаматты жасампаз іске жұдырықтай жұмылдырады. Бұл – шын мәнінде, келешек ұрпақтың қамы үшін қолға алған жалпыұлттық міндет. Құбылмалы әрі тұрақсыз әлемнің күрделі сын-қатерлеріне біздің лайықты жауабымыз – «Құрылыс және тағы да құрылыс!». Геосаяси және экономикалық ахуал бұлыңғыр жағдайда мемлекетіміздің, ел азаматтарының қауіпсіздігін қамтамасыз етудің анағұрлым дұрыс, қисынды жолы осы екеніне сенімдімін, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев осы мазмұны терең бағдарлама аясында ауыл-аймақтарға, шаруалар мен агроөнеркәсіп кешендеріне қажетті инфрақұрылым салынатынын айтты.

– Жалпы, соңғы жеті жылда ауыл шаруашылығы саласында жемісті нәтижелерге қол жеткіздік. Азық-түлік өндірісі 28 пайызға өсті. Жалпы құны 2,7 триллион теңге болатын 1 630 инвестициялық жоба іске қосылды. Агроөнеркәсіп өнімдері экспортының көлемі екі есе ұлғайып, 7 миллиард долларға жуықтады. Соның ішінде өңделген өнім үлесі 52 пайызға жетті. Былтыр елімізде соңғы жиырма жылдың ішінде алғаш рет ауыл шаруашылығына қатысты ұлттық санақ жүргізілді. Санақ кезінде цифрлық технологиялар қолданылды. Нәтижесінде, ауыл шаруашылығының жай-күйі туралы жан-жақты әрі нақты мәлімет алынды. Осы саланың шынайы ахуалын көрсететін толықканды деректер жиналды. Жалпы, еліміздің ауыл шаруашылығындағы әлеуеті зор. Басты міндет – қолда бар мүмкіндікті тиімді пайдаланып, уақытты созбай, белсенді түрде жұмысқа кірісу керек, – деп атап өтті Мемлекет басшысы.

АУЫЛДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫ АРТУҒА ТИІС

Президент осы орайда алдымызда тұрған нақты мақсат-міндеттерге тоқталды.

– Бірінші мәселе. Ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын арттыру үшін оларға тиісті жағдай жасау қажет. Бұл – дұрыс. Алайда соңғы жылдары ауыл шаруашылығына қатысты «аттары бөлек, бірақ заттары бірдей» бағдарламалар тым көп болып кеткен сияқты. Мәселен, қазірдің өзінде «Ауыл аманаты», «Ауыл – ел бесігі», «Кең дала», «Береке», «Жайлау», «Игілік», «Сыбаға» және тағы басқа бағдарламалар жүзеге асырылып жатыр.

(Жалғасы 2-3-беттерде)

АҚОРДА

21 ҚАРАША 2026 | СЕНБІ

ЕЛ ЫРЫСЫН



(Басы 1-бетте)

Әрине, әр жоба осы саладағы өзекті мәселелерді шешу үшін жазылады. Бірақ сол жұмыстың бәрі қаншалықты тиімді жүзеге асырылып жатыр? Меніңше, бұл – заңды сұрақ. Бізге бағдарламаның саны емес, ауыл шаруашылығының сапалы дамығаны керек. Сондықтан Үкімет ауыл мен аграрлық секторды қолдау үшін дайындалған осындай құжаттарға жан-жақты талдау жүргізуге тиіс. Әр бағдарламаның өз мақсаты мен міндеті болуы қажет. Ең бастысы, бұл жұмыс шараларға түсінікті болып, ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын жақсартуға ықпал етуі керек. Бұл мемлекет қаржысын үнемдеу қажеттілігіне тікелей байланысты мәселе. Жалпы, бұл бағытта жұмыс жүргізіліп жатыр, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы тиісті министрліктің мәліметі бойынша тек былтырдың өзінде «Ауыл – ел бесігі» бастамасымен 500-ге жуық ауылда 921 жоба жүзеге асырылғанын айтты. Олардың жалпы құны – 173 миллиард теңге. Бұдан бөлек, 277 елді мекенде сумен жабдықтау жүйесі жаңғыртылды.

– Енді осы жұмыстың нәтижесін тексеру керек сияқты. Неге мен бұл мәселені арнайы қозғап, қазбалап айтып тұрмын? Себебі бұрын бәріміз адамдарды қуантатын «керемет, тіпті мінсіз» ақпаратты көп тыңдадық. Соның бәріне қуандық. Сосын дұрыс статистикалық мәлімет берілмеді деп сылтау тауып, мәселені «алыс сөреге» ысырып қоя салатын едік. Біз мұндай жағдайға жол бермеуіміз керек.

«Халықтық құрылыс» бағдарламасы ауыл-аймақтардың одан әрі дамуына жаңаша серпін беруге тиіс. Бұл орайда ауылдардың өсіп-өркендеуіне үлес қосып, тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамтып отырған кәсіпорындарға айрықша назар аудару қажет. Әсіресе ірі шаруа қожалықтары орналасқан аудандардағы инженерлік желілерді жетілдіріп, олардың сапалы жұмысына қажетті кіреберіс жолдар салу керек, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев атаған тағы бір маңызды мәселе – ауылдағы кәсіпкерлікті дамыту.

– Елімізде «Ауыл аманаты» бағдарламасына бүгінге дейін 150 миллиард теңге қаржы бөлінді. Соның арқасында ауылдарда 22 мыңнан астам жұмыс орны ашылды. Әрине, бұл – жақсы көрсеткіш. Бірақ басты мәселе – сол 22 мың жұмыс орны қазіргі таңда сақталды ма? Қалай десек те, осы жобаның аясын әлі де кеңейте түсу қажет.

Мен бұған дейін цифрлық сауда алаңдарының және банктер мен логистикалық компаниялардың мүмкіндіктері ауыл тұрғындары мен кәсіпкерлері үшін қолжетімді болуы керек деп нақты айттым. Енді осы жұмысты тиімді ұйымдастырып, өнімдерді тұтынушыға жеткізу жолын айқындайтын нақты келісімшарттар жасау керек. Жалпы, шағын шаруашылықтары бар аудандарда өнімді қабылдайтын және сақтайтын орталықтар құру қажет. Мұндай инфрақұрылым барлық өндірушіге бірдей қолжетімді болуға тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Президент сонымен қатар Жолдауда ауыл шаруашылығы саласына цифрлық технологияларды, соның ішінде жасанды интеллектіні кеңінен енгізу қажет екенін айтқанын еске салды.

– Бүгінде озық шешімдердің игілігін көріп отырған шаруа қожалықтары аз емес. Мысалы, Солтүстік Қазақстанда осындай кәсіпорындар бар. Атап айтқанда, «Ақселеу» шаруашылығы өндірісті цифрлық басқару және жер серігі арқылы бақылау жүйелерін енгізді. Есепке алу жұмысы да автоматты түрде жұмыс істеп жатыр. Шаруашылық ауыл-аймақтың әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға да ерекше көңіл бөліп отыр. Мәселен, тұрғындар орталықтан жылыту жүйесімен және таза ауызсумен қамтамасыз етілген. Кәсіпорын мектепке, спорт кешеніне және басқа да әлеуметтік нысандарға тұрақты түрде қолдау көрсетуде. Осылайша, цифрландырудың арқасында ауыл шаруашылық өндірісінің тиімділігі, оның бәсекеге қабілеті артып, жалпы ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасы жақсаруда. Сондықтан басқа да шаруа қожалықтары осы мүмкіндіктерді өз аймақтарында қолданғаны жөн деп санаймыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

АГРОСЕКТОРДЫҢ АРЫНЫ

Мемлекет басшысы екінші мәселе ретінде агросекторға қолжетімді әрі ұзақмерзімді қаржыландыру көзі қажет екенін атады.

– Бұл жөнінде бірнеше мәрте айттық. Аграрлық кредиттік корпорация мен «ҚазАгроҚаржының» қолданыстағы инвестициялық құралдары өтінімдерді ұзақ қарайды әрі рәсімделу тәртібі қиын, сондай-ақ цифрландыру жағы жеткілікті деңгейде емес. Сондықтан Үкімет «Бәйтерек» холдингімен және қаржы нарығын реттеуші органмен бірлесіп 2027 жылдың бірінші тоқсанының соңына дейін агросекторға арналған инвестициялық құралдардың бірыңғай тізбесін ұсынғаны жөн. Екінші деңгейлі банктер ауыл шаруашылығын кредиттеуге белсенді атсалысуы керек. Бұл жөнінде де ұдайы айтып жүрміз. Әлбетте, оңай шаруа емес. Өйткені банктер – жекеменшік.

Осы ретте кредитті шараларға қолайлы шартпен ұзақ мерзімге беру қажет. Қарызды өтеу кестесінде нақты өндіріс циклі ескерілуге тиіс және инвестициялық кезеңде негізгі берешектің төлемін кейінге шегеру мүмкіндігі болғаны жөн. Әрине, мұны тілек қана емес, тапсырма деп түсініңіздер. Бәріміз бір елде тұрамыз, бір ауамен тыныстаймыз, бір жердің суын ішеміз. Сондықтан табыста аса үлкен алшақтық болмауы керек. Қаржы көздеріне қолжетімділік туралы түсінікте де айырмашылық болмағаны жөн.

Фермерлер кредиттің алғашқы төлемін жабу үшін егінін жинап бола сала, өнімін арзан бағаға сатып жіберуге мәжбүр. Бұған жол беруге болмайды. Үкімет пен министрлік осы мәселені шешуге кірісуі керек. Шаруалар да мемлекетіміз көптеген, соның ішінде көрші елдермен салыстырғанда ауыл шаруашылығы саласына орасан зор қаржы құйып жатқанын түсінуге тиіс. Мұнда масылдыққа орын жоқ. Яғни бөлінген қаражат мақсатқа сай тиімді жұмсалуы керек, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзінше, аграрлық шаруашылықтың табысты болуы – мемлекет пен халықтың мүддесіне толық сай келеді.

– Осы түсінікке арқа сүйейміз. Сонымен қатар қаржыландыруға өтінім беруден бастап оны алуға дейінгі әуре-сарсаңды азайтып, рәсімдерді барынша оңтайландыру қажет. Бұл – бұрыннан келе жатқан мәселе. Проблеманың шешімі оңай көрінгенімен, қайталауға тура келіп тұр. Басқаша айтқанда, шаруалардың кредитті өтеу қабілетін бағалайтын цифрлық модель енгізу керек.

Біз ауыл шаруашылығына жасанды интеллектіні енгізу туралы жиі айтып жүрміз. Жуырда ЖИ саласындағы жаһандық жетекші компаниялардың басшыларын қабылдадым. Олар бізге агросекторға жасанды интеллектіні енгізу мәселесімен айналысу жөнінде кеңес берді. Өйткені әлемдегі азық-түлік қауіпсіздігінің келешегіне қатысты болжамдар, өкінішке қарай, мәз емес. Қазір Эль-Ниньо деп аталатын табиғи құбылыстың салдарына кешенді талдау жүргізілуде. Жорамалдар көңіл көншітпейді. Бірақ Қазақстан бұл жағдайда үлкен артықшылыққа ие. Яғни орайлы сәтті пайдаланып, аталған салаға жасанды интеллектіні енгізу арқылы алға озуға және әлемдік ауқымдағы азық-түлік қорын қалыптастыруға мүмкіндігі бар. Осы істі неге қолға алмасқа? Меніңше, бұл міндетті бірінші кезекте Үкіметтегі осы мәселемен айналысатын блокқа жүктеу керек. Мұндай құрал кредит беру туралы шешімнің объективтілігі мен ашықтығын қамтамасыз етіп, өтінімдерді қарау мерзімін және әкімшілік кедергілерді қысқартады, – деді Мемлекет басшысы.

Президент осы тұста жасанды интеллект ауыл шаруашылығының өнімділігін еселеуге қалай көмектесетінін зерделеу керек екенін айтты.

– Әрине, ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыру үшін қаржы құралдарын белсенді әрі тиімді қолданған жөн. Ал саланың өнімділігі ойдағыдай емес. Оны мойындағанымыз дұрыс. Үкіметке халықаралық қаржы ұйымдарымен бірге арнайы бағдарлама әзірлеу міндеті жүктелді. Құжатта әлемдегі озық тәжірибе де ескеріледі. Бағдарламада ұзақмерзімді шартпен қаржы тарту, техникалық және сараптамалық қолдау көрсету, заманауи технологиялар мен озық ғылыми әзірлемелерді қолданысқа енгізу тетіктері қарастырылуға тиіс.

Тағы бір өзекті мәселе – агросақтандыру жүйесін жетілдіру. Қуаңшылық, үсік және мал ауруы жылдар бойғы маңдай тер, табан ақыны желге ұшыруы мүмкін. Жергілікті климат жағдайына сеніп, жайбарақат отыруға болмайды. Бұл – әуел бастан тиімсіз стратегия. Шығынды үнемі бюджеттен өтеу де проблеманы шешпейді. Сондықтан Үкімет Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен бірлесіп аталған нарықты дамыту жөнінде нақты ұсыныстар беруі керек. Сонымен қатар шараларды тәуекелдерден алдын ала ерікті түрде сақтануға ынталандыратын шаралар қарастыру қажет, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Мемлекет басшысы үшінші мәселе ретінде мал шаруашылығын дамыту жайын сөз етті.

– Мемлекет бұл салаға нақты қолдау көрсетіп келе жатыр. Кейінгі жылдарда атақәсіппен айналысатын бизнес өкілдеріне несие беру көлемі ұлғайды. Асыл тұқымды мал сатып алуға баса назар аударылатын болды. Жаңа фермалар мен бордақылау алаңдары салынып жатыр. Мәселен, былтырдан бері 71 тауарлы сүт фермасы іске қосылды, 33 бордақылау алаңы салынды. Енді осы өндіріс орындарының тиімді әрі тұрақты жұмыс істеуі үшін қажетті жағдай жасау керек.

Шаруашылықтарды сапалы жем-шөппен қамтамасыз еткен жөн. Дайын өнімді өткізу мәселесі де шешімін табуға тиіс. Жайылымдардың өнімділігін қалпына келтіруге және егістік көлемін ұлғайтуға ерекше көңіл бөлген абзал. Су көздері де шаруа қожалықтары үшін қолжетімді болуы керек. Бұған қоса, ветеринария саласын жаңғыртуға айрықша мән беру қажет. Дүниежүзілік жануарлар денсаулығы ұйымының ұйғарымына сәйкес, Қазақстан ящур ауруынан таза аймақ ретінде танылды. Бұл – ет және басқа да мал шаруашылығы өнімдерін сыртқы нарыққа шығару үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашылады деген сөз. Соны тиімді пайдалану керек. Мал басын есепке алу жүйесін жетілдіріп, зертханалық диагностиканың сапасын арттыру қажет. Үкімет өнімдерді экспортқа шығаруға кедергі келтіретін тосқауылдарды жоюға тиіс, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөзінше, төртінші мәселе – егін шаруашылығындағы өнімділікті арттыру.

– Еліміздің азық-түлік қауіпсіздігі осы стратегиялық салаға тікелей тәуелді. Бұл белгілі жайт. Сондықтан біз үшін егіннен мол өнім алу және әр гектарға шаққанда оның өзіндік бағасын төмендету өте маңызды. Бұл түйткілді шешу жолы түсінікті деп ойлаймын. Еске сала кетейін, бұған егістіктің рационалды құрылымы, сапалы тұқым, қолжетімді тыңайтқыш, ғылыми дәлдікке негізделген егіншілік және суды үнемді пайдалану есебінен жетуге болады.

2023 жылдан бері бидайдың бітік шығуына тәуелділікті азайтып, пайдасы әлдеқайда жоғары дақылдардың үлесін көбейту бағытында жоспарлы жұмыс жүріп жатыр. Топырақ пен климат жағдайын, сондай-ақ өндеуші кәсіпорындардың сұранысын ескере отырып, егістікті әртараптандыруды одан әрі жалғастырған жөн. Биыл дикандарымыздың минералды тыңайтқыш пайдалану деңгейі алғаш рет ғылыммен негізделген қажетті мөлшердің 65 пайызына жетті. Бұл – ауыз толтырып айтарлықтай жетістік. Бірнеше жыл бұрын аталған көрсеткіш небәрі 20 пайызды құраған еді, – деді Мемлекет басшысы.

Президент сонымен бірге отандық тыңайтқыш өндірісін дамытудың маңызы зор екенін баяндады.

– Қазір пайдаланып жүрген тыңайтқыштың жартысына жуығы шеттен келеді. Жағдайды бұлай қалдыруға болмайды. Бұл жөнінде талай айттық. Қазір Түркістан облысында фосфорлы тыңайтқыштар шығаратын зауыт салынып жатыр. Маңғыстау облысында еліміздегі алғашқы аммиак-карбамид кешенінің құрылысы жоспарланған. Үкімет те осындай жобаларға қолдау көрсетеді.

Тағы бір міндет – суармалы егіншіліктің тиімділігін арттыру. Бұл аса маңызды мәселе әлі күнге шешімін таппай келеді. Осы тақырып төңірегінде қызу пікірталас жүріп жатыр. Қазір 700 мың гектар суармалы алқапта су үнемдеу технологиясы қолданылады. Бұл жалпы ауданның жартысына да жетпейді. 2030 жылға дейін кемінде 1 миллион 300 мың гектар жерді

АҚОРДА

21 ҚАРАША 2026 | СЕНБІ

ЕСЕЛЕГЕНДЕР

қамту міндеті тұр. Мәселенің өзектілігін ескере отырып, Үкіметке аталған шаруаны тұрақты күн тәртібіне енгізуді, яғни күнделікті жұмыс ретінде қарауды тапсырамын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы бүгінде 4,6 мың шақырым суару арнасын реконструкциялау мен жөндеу жұмыстары басталғанын айтты. Мың шақырымға жуығы жыл соңына дейін пайдалануға беріледі. Нәтижесінде 200 мың гектар суармалы жердің жағдайы жақсарады.

– Үкімет әкімдіктермен бірлесіп, суармалы жерлерді кеңейту жоспарын су жеткізу мүмкіндіктерімен, арналардың жағдайымен және энергия желілерінің қуатымен ұштастырғаны абзал. Егін шаруашылығының әлеуетін толық пайдалану үшін озық ғылыми тәсілдер мен заманауи технологияларды енгізуге күш салуымыз керек. Өздеріңізге мәлім, жер қателікті көтермейді. Бірақ аялап, ұқыпты қараса, көл-көсір пайдаға кенелтеді. Мұны сіздер жақсы білесіздер.

Мемлекет туған жерінің өркендеуіне үлес қосатын, ауылдастарының игілігін ойлайтын адал фермерлер мен іскер шаруаларға әрдайым қолдау көрсетеді. Алайда жерден пайда тауып жүргенімен үлкен қалада немесе шетелде тұратын бизнесмендер де бар. Олар тіпті өздерінің шаруашылықтарына бармайды, көбіне әлеуметтік жауапкершілік танытуға құлықты емес, отандастарына жаны ашымайды, адамдардың мұң-мұқтажын түсіне бермейді. Осы орайда заңды сауал туады. Бізге жер қадірін білмейтін, халықтан алыс, ауыл шаруашылығын тек пайда табудың жолы ретінде қарастыратын адамдар қажет пе? Меніңше, жауабы анық. Қажет емес. Ендеше заң жүзінде шаралар қабылдау керек, – деп атап өтті Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл шаруашылығы саласында кәсіппен айналысатындардың бәрі, ең алдымен, ауылдағы тұрмыс сапасын жақсартуды ойлауға тиіс екенін нақтылады.

– Аграрлық сектор – мемлекетіміздің жаһандық бәсекеге қабілеттілігіне ықпал ететін негізгі факторлардың бірі. Әсіресе тұрақсыз заманда оның өзектілігі арта түсті. Қазір келесі жылға және одан кейінгі ортамерзімді кезеңге арналған әлемдегі климат ахуалы жайында түрлі болжамдар жарияланып жатыр. Климаттық күн тәртібі геосаясатпен және экономикамен тығыз байланысты. Мәселен, климаттың күрт нашарлап бара жатқанына және алдағы қуаңшылыққа байланысты алаңдаушылық жиі айтылады. Ауыл шаруашылығына жасанды интеллектіні енгізуге байланысты пікірімде осыған тоқталдым.

Кейбір сарапшылардың пікірінше, 2027 жыл өте ыстық болуы мүмкін. Ауа райындағы ауытқулар қуаңшылыққа, өртке, су тасқынына душар етуі, соның салдарынан жаһандық азық-түлік қауіпсіздігі күрделеніп, әлемдік жеткізу тізбегі бұзылуы ықтимал. Ауыл шаруашылығын дамыту және су ресурстарын басқару ісінде біз осындай қауіп-қатерлердің бәрін ескеруіміз керек. Біз бұл мәселені енді қолға алып жатырмыз. Бірақ жүрісіміз баяу. Өйткені еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету – ең маңызды міндет. Астанада Ислам ынтымақтастығы ұйымы аясында азық-түлік қауіпсіздігімен айналысатын халықаралық ұйымның штаб-пәтері орналасқан. Салалық министрлік аталған ұйыммен бірге әлемдегі күрделі ахуалды ескере отырып, Қазақстанға және біздің серіктестерімізге арналған ұсынымдар әзірлей алады, – деді Мемлекет басшысы.

Президент бесінші мәселе ретінде ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу ісін дамытуға баса мән беру қажет екенін атады.

– Бұл мәселе бойынша көп әңгіме айтылып жатыр. Соңғы үш жылда елімізде азық-түлік өндірісі 15 пайызға жуық өсті. Соның ішінде өсімдік майын өндіру көлемі 36 пайызға, ал ет және сүт өнімдерін өндіру 25 пайызға артты. Бұл – жақсы көрсеткіш. Енді осы қарқынды сақтап, өңдеу өнеркәсібінің әлеуетін барынша күшейту қажет. Тағам өнеркәсібі саласындағы жобаларды жедел саралап, жүзеге асыру керек. Бұл жобалар азық-түлікпен қамтамасыз ету ісінде импортқа тәуелділікті азайтуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ жаңа өндіріс нысандарын инженерлік желілерге уақытылы қосу өзекті мәселе болып отыр. Жалпы, Үкімет әкімдіктермен бірлесіп, осы салаға қолдау көрсетудің бірыңғай тәртібін әзірлеуге тиіс. Сонымен бірге оның нақты жолдарын, қаржыландыру көздерін анықтап, мерзімдерін бекіту маңызды. Бірақ бұл істе қағазбастылық әлі бар, оны мойындауымыз керек. Мен Жолдауда мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік компаниялар жариялаған сатып алу үдерістеріне шағын және орта бизнестің қатысу мүмкіндігін кеңейту жөнінде нақты міндет қойдым. Бұл үдеріс, әсіресе тағам өнеркәсібіне серпін беруі қажет. Сондықтан ұзақмерзімді келісімшарттар әзірлеу, тиімсіз талаптарды қысқарту және отандық өндірушілерге тең жағдай жасау мәселелері шешімін табуға тиіс. Әрине, мұның бәрі өнімнің сапасы мен қауіпсіздігіне қойылатын талаптарды қатаң сақтай отырып жүзеге асырылуы керек. Жалпы, алдағы уақытта да мемлекет бұл салаға қолдау көрсетеді. Бүгін айқындалған мақсаттардың ауқымы өте кең, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ХАЛЫҚТЫҢ МАҢЫЗДЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Мемлекет басшысының сөзінше, ең алдымен, ортақ мүдде жолында бір ел болып еңбек етсек, бәріне қол жеткізетініміз анық.

– Құрметті жиынға қатысушылар! Көп ұзамай халқымыз ел Тәуелсіздігінің 35 жылдығын атап өтеді. Бұл – мемлекетіміздің тарихи өсіп-өркендеу жолындағы аса маңызды белес. Осы кезеңде біз талай қилы жолдан аман-есен өттік. Берекелі бірлігіміздің арқасында көптеген сынақты абыроймен еңсердік. Мемлекеттігімізді нығайттық, халықаралық абыройбеделімізді күшейттік. Біз Қазақстанды бәсекеге қабілетті озық ел ретінде дамыту үшін әлі де белсенді әрі табанды жұмыс істей береміз. Әрине, осы кезге дейін бәріміз жұрт болып жұмылып, біраз шаруа атқардық. Өскелең ұрпақ алдындағы жауапкершілікті терең сезіне отырып, ауқымды реформаларды жүзеге асырдық. Наурыз айында өткен жалпыұлттық референдумда мемлекетіміздің төлқұжаты – Конституциямызды қабылдадық. Мұны ұлтымыздың тағдырына тікелей әсер еткен тарихи шешім болды десек, артық болмас.



Конституцияда Егемендік пен Тәуелсіздікті қорғау, жалпыұлттық бірлігімізді күшейту мемлекетіміздің негізгі қағидаттары болып бекітілді. Адам капиталын, білім-ғылымды, инновацияны дамыту конституциялық мәні бар стратегиялық міндет деп танылды. Біз ұлт Конституциясында «Заң мен Тәртіп» қағидатын халқымыздың аса маңызды құндылығы деп айқындадық, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, «Заң мен Тәртіп» – Әділетті Қазақстанды құру жолындағы басты ұстаным.

– Түптеп келгенде, ауқымды саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістер дәл осы қағидатқа негізделеді. Өйткені заң үстемдік етпесе, қоғамда тәртіп болмаса, ешқандай реформаның нәтиже бермесі айдан анық. Мемлекет қазынасына ауыз салу, Конституцияның талаптарын аяққа таптау – елге жасалған ең ауыр қастандық. Сондықтан біз қоғамдық дерттің бәріне, соның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы батыл күрес жүргіземіз. Ешқандай жоғары награда, керемет білім және мол тәжірибе заңға қайшы әрекет жасаған кезде кешірім жасауға негіз болмайды. Кешегі табысың емес, бүгінгі жұмысың бағаланады. Сол орынға қаншалықты лайық екеніңді нақты нәтиже және ісіңе жауапкершілікпен қарау арқылы көрсете аласың.

Президент ретінде менің адамдарға көзқарасым атқарған ісіне қарай қалыптасады. Менің тарапымнан ешқандай артық немесе шамадан тыс талап қойылмайды: тәртіпті бұзбасаң, адал болсаң, жинақы жүріп, мемлекет мүддесіне қиянат жасамасаң болғаны. Бұл – барлық лауазымды тұлғаларға қойылатын қарапайым, орынды талап. Оны мүлтіксіз орындау қажет. Талай рет айттым, тағы да еске саламын: Конституцияда «Заң мен Тәртіп» бұлжымас қағидат ретінде бекітілді және атақ-абыройына, қоғамдағы орнына қарамастан азаматтардың бәріне бірдей қолданылады, – деді Мемлекет басшысы.

Президент барлық деңгейдегі басшылар конституциялық құндылықтарды терең түсініп, оны іс жүзінде ұстануға тиіс екенін, сондай-ақ Әділетті Қазақстан құру идеясын шынайы ниетпен қабылдағаны жөн екенін қадап айтты.

– Алдымызда ауқымды жұмыс күтіп тұрғанын үнемі айтып жүрмін. Мемлекет пен халықтың игілігі үшін жұмыс істеу зор мәртебе, әр азаматқа бұйыра бермейтін бақ. Сондықтан мұндай іске салғырт қарау шын мәнінде ұлт мүддесіне зиян келтіретін кереғар әрекет. Бір қарағанда, тәртіпті бұзбауға, «Заң мен Тәртіп» қағидатын сақтауға және өз жұмысыңа жауапкершілікпен қарауға не кедергі болуы мүмкін? Бұл – барша мемлекеттік қызметші мен отаншыл азаматтың бойынан табылуға тиіс қасиет. Сонда ғана жұртшылықтың ықыласына бөленіп, азаматтардың шынайы алғысын аласыздар.

Мемлекет шетелдік инвестицияны көтермелеу, бизнестің белсенділігін ынталандыру және инвестициялық ахуалды жақсарту саясатын жалғастырады. Бұл арада қандай да бір күтпеген өзгерістер болуы мүмкін емес. Біздің стратегиялық бағдарымыз – қолайлы инвестициялық орта қалыптастыру, елімізде кедергісіз бизнес жүргізуге мүмкіндік беретін институттық негізді нығайту. Бұл жөнінде халыққа арнаған Жолдауымда айттым. Бизнеске заңсыз кедергі жасау – мемлекетке қарсы қылмыс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

БАР ИГІЛІК ҚОҒАМ ҮШІН

Мемлекет басшысы біз табыс пен игілікке жеке адамдар емес, институттар кепілдік беретін мемлекет құрып жатқанымызға назар аударды.

– Еліміздегі оң өзгерістердің түпкі мәні де – осы: адамдардың тұрмыс сапасы біреудің біреуге бүйрегі бұрғанына, қандай да бір шенеуніктің көңіл күйіне тәуелді болмай, керісінше, еңбекқорлық, талант, отаншылдық секілді объективті критерийлерге сүйенуі керек. «Халықтық құрылыс» бағдарламасы, жемқорлықпен жаппай күрес, мемлекеттік басқару жүйесіндегі реформа, қоғамда жаңа жасампаз құндылықтарды орнықтыру – мұның бәрі үлкен жолдың басы ғана.

Алдымызда әлі көптеген іс пен биік белестер күтіп тұр. Осыған дейін айтқанымдай, ел дамуына қатысты ортамерзімді және одан кейінгі перспективаға арналған ойларым мен жоспарым бар. Мемлекетіміздің Егемендігін, Тәуелсіздігін қорғауға қатысты кейбір мәселе түбегейлі шешімін таппады. Мен ол жөнінде халыққа арнаған Жолдауымда айтқанмын. Тоқмейілсіп, бейқам жұрудің жөні жоқ. Мұны жақсы түсінуіміз керек, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың ойынша, Мемлекет басшысының міндеті – жүйелі әрекет ету, діттеген мақсаттан айнымау, ел тағдырындағы маңызды шешімдер үшін жауапкершілік арқалау.

– Еліміздегі өзгерістердің қарқын алғаны қуантады. Ол енді тоқтамайды. Сондықтан халықтың әл-ауқаты мен ұлттық мүддені қара басының қамынан жоғары қоятын нағыз мемлекетшіл тұлғалар қажет. Шынайы отаншылдық адамдарға қамқорлықтан көрінеді, кейінгі ұрпаққа не қалдырамыз деген салмақты сауалмен өлшенеді. Бақдәулет келеді де кетеді, ал соңында жасаған ісің мен жақсы атың қалады. Соның бірі – ертең адамдар, келер ұрпақ игілігін көретін әлеуметтік инфрақұрылымдар.

Қоғамда заң үстемдігі салтанат құруы үшін сенімді тірек керек, яғни адамдардың өзегі мықты, моральдық принциптері мықты болғаны жөн. Дәл осы себепті жаңа қоғамдық этика қалыптастыру және «Таза Қазақстан» тұжырымын дәріптеу өте маңызды. Өйткені тек айналамыздан ғана емес, азаматтарымыздың ниет-пиғылынан, сөзінен және іс-әрекетінен тазалық сезіліп тұруға тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Осы тұста Президент ешкім де заңнан биік емесін қайталап айтты.

– Бұл талап, әсіресе «Халықтық құрылыс» бағдарламасын жүзеге асыру кезінде қатаң сақталуы қажет. Осы мәселемен айналысатын арнайы комиссия өз жұмысын бастайды. Мына нәрсені әрдайым қаперде ұстаған жөн. Кім қылмыс жасайды, сол міндетті түрде жазасын алады. Кім өз жұмысына салғырт қарайды, сол орнынан босатылады.

Жоғары лауазым – ең алдымен, жоғары жауапкершілік деген сөз. Халықтың тағдырына әсер ететін шешімдерді қабылдайтын адамның ниеті, ойы, қолы таза болуы керек. Әрине, біз азаматтардың елге сіңірген еңбегін жоққа шығармаймыз. Бірақ кешегі жетістігін бұлдап, арқаны кеңге салып жүруге кімнің болса да, хақы жоқ. Мен үшін адамның шыққан тегі, лауазымы емес, нағыз іскер болғаны маңызды. Жалпы, іскерлік – мемлекеттік билік жүйесіне ғана емес, барлық салаға қажет дағды. Халқымыз «Ердің атын еңбек шығарады» деп бекер айтпаған. Түптеп келгенде, ерлік жасау – елдік мұратқа қызмет ету деген сөз.

Ұлт мүддесіне мінсіз және адал қызмет ететін азаматтарға әрдайым құрмет көрсетіледі. Бұл – Әділетті Қазақстанның мызғымас қағидаты. Қазір осы жерде жұртқа жанашыр, нағыз адал азаматтар отыр. Мемлекет сіздерді әрдайым қолдайды, еңбектеріңізді жоғары бағалайды. Баршаңызға тағы да алғыс айтамын. Бүгін мен ауыл шаруашылығы саласын дамытуға елеулі үлес қосқаны үшін бір топ азаматты мемлекеттік наградамен марапаттау туралы Жарлыққа қол қойдым. Құтты болсын, – деп түйіндеді сөзін Қасым-Жомарт Тоқаев.

ҚҰРЫЛТАЙ

21 ҚАРАША 2026 | СЕНБІ

ҚҰРЫЛТАЙ ДЕЛЕГАЦИЯСЫ ТМД ПАА КЕҢЕСІНЕ ЖӘНЕ 61-ші ПЛЕНАРЛЫҚ ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСТЫ

Құрылтай Төрағасы Айбек Дәдебай бастаған Құрылтай делегациясы Түркменстанның «Аваза» ұлттық туристік аймағында өткен ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің Парламентаралық Ассамблеясы Кеңесінің жиыны мен 61-пленарлық отырысына қатысты.



Құрылтай Төрағасы пленарлық отырыста сөйлеген сөзінде 1991 жылдың 21 желтоқсанында Алматы декларациясына қол қойылуы ТМД елдерінің тарихындағы маңызды оқиға болғанын атап өтті. Бүгінде Достастық халықаралық деңгейде кеңінен танылған беделді өңірлік ұйымдардың біріне айналды.

– Бүгінде ТМД біздің мемлекеттеріміздің арасындағы саяси диалогты, сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту және жаңжақты мәдени-гуманитарлық байланыстарды тереңдету үшін тұрақты әрі біріктіруші платформа ретінде қызмет етуде. Сонымен қатар парламенттік бірлік ТМД ішіндегі интеграциялық процестерге ерекше құқықтық тұрақтылық беріп, Достастықтың институционалдық негізін нығайтуда маңызды рөл атқарады. Қазақстан Республикасының Құрылтайы ұйым шеңберінде серіктестерімен одан әрі сындарлы өзара іс-қимылға дайын екенін білдіреді, – деді Айбек Дәдебай.

Бұдан кейін Құрылтай Төрағасы әріптестеріне Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен елімізде жүргізіліп жатқан ауқымды саяси реформалар туралы айтып берді. Қоғам Әділетті, Қуатты, Таза және Прогрессивті Қазақстан құру идеясын қолдап, «Заң мен Тәртіп» қағидаты, ел бірлігі мен қоғамдық келісім төңірегінде топтасты. Жалпыхалықтық референдум нәтижесінде жаңа Конституция қабылданып, Вице-Президент лауазымы енгізіліп, Қазақстанның Халық Кеңесі өз жұмысын бастады. Бес саяси партияның өкілдері енген бір палаталы Құрылтай жасақталды. Осылайша, «Күшті Президент – ықпалды Құрылтай – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасы іс жүзінде жүзеге асырылуда.

Мемлекет басшысының жуырдағы Қазақстан халқына арнаған Жолдауы мен соңғы жеті жылдағы жетістіктерге тоқталған Айбек Дәдебай Халықаралық валюта қорының болжамы бойынша, Қазақстанның ЖІӨ 2026 жылы 400 миллиард долларға жуықтап, ал оның жан басына шаққандағы үлесі 19 мың долларды құрайтынын атап өтті. 2027 жыл елді түбегейлі өзгертетін Жалпыхалықтық ауқымды құрылыс жылы деп жарияланды. Барлық өңірде жолдар, әуежайлар, теміржол вокзалдары, денсаулық сақтау және басқа да әлеуметтік нысандар салынады. Сондай-ақ Құрылтай Төрағасы 2019-2025 жылдары Қазақстанға 155,8 млрд АҚШ доллары көлемінде тікелей шетелдік инвестиция тартылып, 625 өндіріс орны іске қосылғанын жеткізді. Мұның бәрі еліміздің алдағы дамуына берік негіз қалайды.

Ынтымақтастықтың жаңа бағыттары туралы сөз қозғаған Құрылтай Төрағасы 9 қазанда Аваза да өткен ТМД мемлекеттері басшылары кеңесінің отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев аталған ұйымның 2035 жылға дейінгі даму стратегиясын әзірлеу туралы бастама көтергенін еске салды. Айбек Дәдебайдың пікірінше, құжатта елдердің ұлттық заңнамаларын өзара үйлестіру және парламенттер арасындағы ынтымақтастықты дамыту ісінде Парламентаралық Ассамблеяның рөлін нақты айқындау қажет.

Қазақстан делегациясы көлік саласындағы бірлескен жұмысқа қатысты да өз ұсыныстарын білдірді. Биыл мамырда ТМД үкімет басшылары Қазақстан Президентінің бастамасымен әзірленген негізгі көлік бағыттарын өзара байланыстыру Тұжырымдамасын қабылдаған еді. Онда «бірыңғай цифрлық дәліз» қалыптастыруға ерекше мән берілген. Ол тасымал үдерістерін цифрландыруды, электрондық құжат айналымын енгізуді және шекарадағы рәсімдерді өзара үйлестіруді көздейді. Осыған байланысты Құрылтай Төрағасы Ассамблеяға ТМД-ның транзиттік-көлік әлеуетін арттыруға атсалысып, бұл бағыттағы жұмыстарға қажетті парламенттік қолдау көрсетуді ұсынды.

Отырыстың күн тәртібіне көшкен Айбек Дәдебай ТМД елдері арасында көші-қон үдерістерін реттеудің ортақ тәсілдерін қалыптастыру және көші-қон саласын басқарудың цифрлық тетіктерін дамыту қажеттігіне назар аударды. Жасанды интеллект пен жаңа технологияларды террористік және экстремистік мақсатта пайдалануға қарсы іс-қимылдың заңнамалық негіздеріне жеке тоқталды. Құрылтай Төрағасы заңнама қазіргі сынқатерлерге дер кезінде жауап беріп қана қоймай, жаңа технологиялардан туындайтын тәуекелдердің де алдын алуы керектігін атап өтті. Бұл ретте қауіпсіздікті қамтамасыз ету, инновацияларды дамыту және азаматтардың құқықтарын қорғау арасындағы тепе-теңдікті сақтау маңызды екенін жеткізді.

Сауда және әкімшілік кедергілерді жою, инвестициялық ынтымақтастықты дамыту, сондай-ақ трансшекаралық су ресурстарын тиімді пайдалану мәселелері де күн тәртібінде көтерілді.

Пленарлық отырыс қорытындысы бойынша қатысушылар Көші-қонның ортақ кеңістігі тұжырымдамасының жаңа редакциясын, «Жасанды интеллект пен робототехниканы террористік және экстремистік мақсатта пайдалануға қарсы іс-қимыл туралы» модельдік заңды, сондай-ақ бірқатар басқа модельдік заңдар мен ұсынымдарды қабылдады.

Отырыс қарсаңында, 19 қарашада Айбек Дәдебай ТМД ПАА Кеңесінің отырысына қатысып, әріптестеріне Құрылтай депутаттарының сайлауында Ассамблея атынан байқаушы болғандары үшін алғыс айтты.

Ассамблея аясында ТМД ПАА делегациялары басшыларының Түркменстан Халк Маслахатының Төрағасы Гурбангулы Бердімұхамедовпен кездесуі өтті.

Сондай-ақ Құрылтай Төрағасы Түркменстан Меджлисінің Төрағасы Дуньягозель Гулмановамен кездесті. Тараптар парламентаралық байланыстарды дамыту және екі ел басшылары қол жеткізген уағдаластықтарды жүзеге асыру мәселелерін талқылады.

Сондай-ақ Құрылтай депутаттары ТМД ПАА-ның Саяси мәселелер және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі тұрақты комиссиясы мен Құқықтық мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясының отырыстарына қатысты.

ТМД-ға мүше елдердің Парламентаралық Ассамблеясы 1992 жылы 27 наурызда Алматыда құрылған. ТМД ПАА-ға Қазақстан, Әзербайжан, Армения, Беларусь, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан және Өзбекстан кіреді.

ӨСКЕЛЕҢ ҰРПАҚТЫҢ МҮДДЕСІ – БАСТЫ НАЗАРДА



Құрылтайда «Қазақстан балалары» депутаттық тобының алғашқы отырысы өтті. Жиында балалардың құқықтарын қорғау, халықаралық ұйымдармен ынтымақтастық орнату және өңірлердегі бастамаларды қолдау мәселелері талқыланды.

Отырысты депутаттық топтың жетекшісі, Құрылтай депутаты Дана Медеуова жүргізді. Жиында Құрылтай Төрағасы Айбек Дәдебай құттықтау сөз сөйледі. Төраға ата-ана, бала және отбасы құқығын қорғау Қазақстанның жаңа Конституциясында бекітілген басты құндылықтардың бірі екенін атап өтті.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі әрбір баланың бақытты әрі қауіпсіз балалық шағы болуы керектігін бірнеше рет атап өтті. Президенттің қолдауымен елімізде балаларды дамытуға, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған кешенді мемлекеттік жүйе қалыптасты. Мемлекет басшысының тапсырмасымен «Қазақстан балалары» тұжырымдамасы қабылданып, жүзеге асырылып жатыр. Бұл стратегиялық құжаттың басты мақсаты – балаларға арналған барлық қолдау шараларын бір жүйеге біріктіріп, олардың дүниеге келген сәтінен бастап ересек өмірге қадам басқанға дейінгі дамуына жағдай жасау, – деді Құрылтай Төрағасы.

Айбек Дәдебай балалардың мүддесіне қатысты мәселелерді шешу үшін әртүрлі фракция депутаттарының басын қосқан арнайы топ құрудың маңызына тоқталды. Оның айтуынша, бұл қоғамды толғандыратын өзекті мәселелерді жан-жақты әрі нақты талқылауға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ депутаттық топ жұмысының маңызды бағыттарының бірі халықаралық серіктестермен, әсіресе ЮНИСЕФ ұйымымен ынтымақтастық болуы керектігін айтты. Бұл балалардың құқықтарын қорғау саласындағы озық халықаралық тәжірибені зерделеуге жол ашады. Құрылтай Төрағасы «Қазақстан балалары» депутаттық тобын құруға бастамашы болған азаматтарға алғыс айтып, жұмыстарына сәттілік тіледі.

Отырысқа ЮНИСЕФ өкілдері Абдул Азиз Фофана мен доктор Рашед Мустафа Сарвар, БҰҰ-ның Қазақстандағы Тұрақты үйлестірушісі Саранго Раднарагча, Еуропалық Одақтың Қазақстандағы өкілдігінің басшысы, елші Алешка Симкич, Президенттің әлеуметтік мәселелер жөніндегі кеңесшісі Алексей Цой, Бала құқықтары жөніндегі уәкіл, Құрылтай Төрағасының орынбасары Динара Закиева, сондай-ақ депутаттар мен мемлекеттік органдардың өкілдері қатысты. Талқылау барысында қатысушылар өз ұсыныстарын ортаға салып, алдағы бірлескен жұмыстың негізгі бағыттарын айқындады.

Жиынның маңызды сәттерінің бірі – «Қазақстан балалары» депутаттық тобы мен ЮНИСЕФ арасында ниет хатына қол қою болды. Тараптар заңнаманы жетілдіру, балалардың мүддесіне бағытталған жобаларды қолдау және өңірлердегі мәселелерге ерекше назар аудару бағытында бірлесіп жұмыс істеуге уағдаласты.

– Жалпыұлттық бастамалар еліміздің әрбір қаласы мен елді мекенінде нақты іске асуы керек, – деді Дана Медеуова.

Осы мақсатта депутаттық топ әкімдіктермен тікелей байланыс орнатып, әр өңірде жауапты үйлестірушілерді белгілейді. Бұл балалардың жергілікті жерлердегі қажеттіліктерін тереңірек түсінуге және пайдалы бастамаларды іс жүзінде жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

– Депутаттық топ балалардың құқықтарын қорғау жөніндегі ұстанымды жүйелі парламенттік жұмысқа айналдыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар балалардың пікірін тыңдау да аса маңызды. ЮНИСЕФ бұл жұмысты қажетті деректермен, сараптамалық қолдаумен және басқа елдердің парламентшілерімен тәжірибе алмасу жағын қамтамасыз етуге дайын, – деді ЮНИСЕФ-тің өңірлік директорының орынбасары Абдул Азиз Фофана.

Өз кезегінде ЮНИСЕФ-тің Қазақстандағы өкілі доктор Рашед Мустафа Сарвар балалардың құқықтарын қорғау жұмысына мемлекеттік деңгейде қолдау көрсетудің маңызын атап өтті.

– Орталық Азияда алғаш рет балалардың мүддесін қорғауға бағытталған парламенттік топтың құрылуы – Қазақстан үшін маңызды қадам. Бұл мемлекеттің бала құқықтарын қорғауға берік ұстанымын көрсетеді. Қазақстанның тәжірибесі Орталық Азия елдеріне және басқа да мемлекеттерге үлгі бола алады. ЮНИСЕФ осы тәжірибені таратуға және елдер арасында бөлісуге дайын, – деді доктор Рашед Мустафа Сарвар.

ЮНИСЕФ-тің халықаралық тәжірибесі мен Қазақстандағы жұмысы бұл бағыттағы бастамаларға үлкен қолдау болмақ. Бірлескен жоба балалардың қауіпсіздігін нығайтуға, құқықтарын қорғауға және жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді.

Жиынды қорытындылаған Дана Медеуова француз жазушысы Франсуа Рабленің: «Бала – толтыруды қажет ететін ыдыс емес, тұтатуды қажет ететін шырақ», – деген сөзін еске салды. Бұл сөз алдағы жұмыстың негізгі мәнін айқындайды. Яғни баланы қорғаумен ғана шектелмей, оның қабілетін ашуға, өз күшіне сенуіне және өмірден өз жолын табуына көмектесу маңызды.

Балаларға қамқорлық жасау – мемлекет пен қоғамның ортақ міндеті. Бүгін олардың жақсы өмір сүруіне жағдай жасау арқылы еліміздің болашағын қалыптастырамыз.

ДАМУ

21 ҚАРАША 2026 | СЕНБІ

АБАЙ ӨҢІРІНІҢ ӨРКЕНДЕГЕН КЕЗЕҢІ

Абай облысында жалпы құны 8,4 млрд теңгені құрайтын, 695 жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік беретін тоғыз инвестициялық жоба мақұлданды. Ауыл шаруашылығы мен өндірістен бастап, көлік-логистика, туризм және сервистік қызметке дейінгі бірнеше саланы қамтитын бұл бастамалар аймақ экономикасын әртараптандыруға, кәсіпкерлік белсенділікті арттыруға және елді мекендердің әлеуетін дамытуға бағытталған. Ендігі маңызды міндет – мақұлданған жобаларды қағаз жүзіндегі жоспардан нақты өндіріске айналдыру.



Елдар ҚАБА *(коллаж)*

Эльмира ЖҮРСІНБЕККЫЗЫ,
Абай облысы

Экономиканың дамуы тек өндірілген өнімнің көлемімен немесе бюджетке түскен кіріспен өлшенбейді. Оның артында жаңа кәсіпорындар, тұрақты жұмыс орындары, дамыған инфрақұрылым, бәсекеге қабілетті бизнес және халықтың әл-ауқаты тұрады. Ал осының барлығына қозғаушы күш болатын тетіктің бірі – инвестиция.

Инвестиция тарту қай кезеңде де ел экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз ететін маңызды бағыттардың бірі саналады. Әсіресе экономикалық әлеуеті зор, табиғи ресурстары мен өндірістік мүмкіндіктері жеткілікті өңірлер үшін оның маңызы айрықша. Себебі инвестиция – жаңа өндіріс ашудың ғана емес, тұтас аумақтың экономикалық келбетін өзгертудің мүмкіндігі. Осы тұрғыдан алғанда, Абай облысында мақұлданған жаңа инвестициялық жобалар өңірдің даму бағдарында маңызды орын алады. Облыс әкімі Берік Уәлидің төрағалығымен өткен инвестиция тарту жөніндегі өңірлік үйлестіру кеңесінің кезекті отырысында жалпы құны 8,4 млрд теңгені құрайтын тоғыз жоба қаралып, қолдау тапты. Олардың нәтижесінде 695 жаңа жұмыс орнын ашу көзделіп отыр. Бұл – жай ғана статистикалық көрсеткіш емес. Әрбір жаңа жұмыс орны – бір отбасының тұрақты табыс көзі, еңбекке қабілетті азаматтың өз кәсібін табуына жасалған мүмкіндік, жастардың туған жерінде қалып, болашағын қалыптастыруына берілген жол. Сондықтан инвестициялық жобалардың әлеуметтік маңызы экономикалық тиімділігімен қатар қарастырылуы керек.

САЛАЛАРДАҒЫ СЕРПІН

Абай облысының инвестициялық саясаты үшін маңызды мәселелердің бірі – экономиканың түрлі саласын қатар дамыту. Себебі бір немесе бірнеше салаға ғана тәуелді экономика сыртқы нарықтағы өзгерістерге, баға құбылуына және өзге де факторларға осал болуы мүмкін. Ал өндіріс пен қызмет көрсету бағыттарын кеңейту өңірдің экономикалық тұрақтылығын арттырады. Мақұлданған тоғыз жобаның ауыл шаруашылығы, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу, көлік және логистика, табиғи тасты өңдеу, қонақүй бизнесі мен жол бойындағы сервисті қамтуы да осы мақсатпен үндеседі. Жобалардың географиялық ауқымы да назар аудартады. Инвестициялық бастамалар Семей қаласы, Аягөз, Жарма, Мақаншы және Бесқарағай аудандарында жүзеге асырылмақ. Бұл инвестициялық белсенділіктің облыс орталығымен шектелмей, аудандарға да бағытталып отырғанын көрсетеді. Өңірдің экономикалық дамуы үшін мұндай географиялық әртараптандырудың маңызы зор. Өйткені аудан экономикасы жанданбайынша, облыстың жалпы даму қарқынын тұрақты деңгейге көтеру қиын. Әр елді мекеннің өзіне тән мүмкіндігі мен артықшылығы бар. Бірінде ауыл шаруашылығының әлеуеті басым болса, енді бірінде көлік-логистика немесе туристік бағыттарды дамытуға қолайлы жағдай қалыптасқан.

Міндет – осы мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып, әр ауданның экономикалық ерекшелігіне сай инвестициялық жобаларды жүзеге асыру.

Абай облысының экономикалық әлеуетін сөз еткенде, ең алдымен ауыл шаруашылығы саласына тоқталуға тура келеді. Өңірдің табиғи-климаттық ерекшеліктері мен қалыптасқан шаруашылық дәстүрлері аграрлық секторды дамытудың кең мүмкіндіктерін қалыптастырып отыр. Дегенмен бүгінгі нарық жағдайында ауыл шаруашылығын тек шикізат өндірумен шектеу жеткіліксіз. Негізгі міндет – өндірілген өнімді терең өңдеп, оның қосылған құнын арттыру. Бұл бағытта өңдеу кәсіпорындарын ашу, өндірістік тізбекті қалыптастыру және дайын өнімді ішкі-сыртқы нарыққа шығару маңызды.

Мәселен, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу бағытындағы инвестициялар шаруалардың өнім өткізу мүмкіндігін кеңейтіп қана қоймай, жергілікті кәсіпорындар мен шаруа қожалықтары арасындағы экономикалық байланысты нығайтады. Бір жағынан, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне тұрақты өткізу нарығы қалыптасса, екінші жағынан, өңдеу кәсіпорындарына қажетті шикізат көзі қамтамасыз етіледі.

Мақұлданған жобалар қатарында көлік және логистика саласының болуы да кездейсоқ емес. Бүгінде өңір экономикасының бәсекеге қабілеттілігі өндіріс көлемімен ғана емес, өнімді тұтынушыға қаншалықты жылдам әрі тиімді жеткізе алатынымен де айқындалады. Көлік-логистика жүйесі дамыған жағдайда кәсіпорындардың нарыққа шығу мүмкіндігі артып, тауар тасымалының тиімділігі жақсарады. Бұл өз кезегінде жаңа кәсіпкерлік бастамаларға жол ашады. Абай облысы үшін логистикалық инфрақұрылымды дамыту – өңірлік экономикалық байланыстарды нығайтуға мүмкіндік беретін маңызды бағыттардың бірі. Әсіресе өндіріс пен ауыл шаруашылығы қатар дамыған жағдайда тасымалдау, сақтау және жеткізу қызметтеріне деген сұраныс та арта түседі. Ал жол бойындағы сервисті дамыту – осы экономикалық байланыстың тағы бір маңызды бөлігі. Қазір сапалы қызмет көрсету инфрақұрылымы тек жол үстіндегі қолайлылықты қамтамасыз етумен шектелмейді. Ол шағын және орта бизнестің дамуына, қосымша жұмыс орындарының ашылуына, жергілікті кәсіпкерлердің табыс табуына мүмкіндік береді.

Инвестициялық жобалардың тағы бір бағыты – табиғи тасты өңдеу. Бұл сала өңірдің өндірістік әлеуетін кеңейтуге және табиғи ресурстарды экономикалық айналымға тиімді енгізуге мүмкіндік береді. Табиғи шикізатты дайын өнімге айналдыру – кез келген өңір үшін экономикалық тұрғыдан тиімді бағыт. Себебі өңделген өнімнің нарықтағы құны жоғары болып, өндірістің қосылған құн қалыптастыру мүмкіндігі артады.

Бұған қоса, өңдеу өндірісі жаңа мамандықтарға сұраныс туғызып, жергілікті кадрлардың кәсіби біліктілігін арттыруға ықпал етеді. Заманауи технологияларды меңгерген жұмысшылар мен техникалық мамандарға деген қажеттілік те арта түседі. Демек, өндірістік жобалардың маңызын тек инвестиция көлемімен бағалау жеткіліксіз. Олардың өңірде технологиялық дағдылардың қалыптасуына, еңбек өнімділігінің артуына және жергілікті өндірістік тізбектің кеңеюіне қосатын үлесін де ескерген жөн.

– Мемлекет басшысының инвестиция тарту жөніндегі тапсырмаларын іске асыру аясында Абай облысында инвестициялық ахуалды жақсарту және жаңа инвестициялық жобаларды іске асыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде. Бүгін қаралған инвестициялық жобалардың әрқайсысы өңір экономикасының орнықты дамуы үшін ерекше маңызға ие. Инвесторларды сапалы сүйемелдеу, туындайтын мәселелерді жедел шешу және қолайлы инвестициялық ахуалды қамтамасыз ету – қала және аудан әкімдерінің тікелей функционалдық міндеті. Инвесторлардың барлық өтініші уақытылы қаралып, әкімшілік кедергілерге жол берілмеуге тиіс, – деді Берік Уәли.

Шын мәнінде, бұл – жергілікті атқарушы органдарға жүктелген маңызды міндеттің айқын көрінісі. Себебі инвестордың жобасын мақұлдау бір бөлек те, оны толық іске асыруға қажетті жағдай жасау бір бөлек.

МАҢЫЗДЫ МІНДЕТТЕР БАР

Кейде жақсы бастама инфрақұрылымның дайын болмауы, құжат рәсімдеу кезіндегі кідірістер немесе мемлекеттік органдар арасындағы үйлестірудің жеткіліксіздігі салдарынан тежеліп жатады. Мұндай мәселелер инвестициялық ахуалға кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан инвесторлармен жұмыста жеделдік, ашықтық және жауапкершілік басты қағидаға айналуы керек. Әрбір өтініш назардан тыс қалмай, туындаған мәселенің шешімі нақты мерзіммен айқындалғаны жөн. Әсіресе аудан әкімдерінің рөлі ерекше. Өйткені инвестициялық жобалардың едәуір бөлігі аудан аумақтарында жүзеге асырылмақ. Жергілікті жерде туындайтын мәселелерді ең алдымен сол аумақтың басшылығы біледі. Демек, инвестордың жұмысын сүйемелдеу, қажетті инфрақұрылымға қол жеткізуіне жәрдемдесу және мемлекеттік органдардың іс-қимылын үйлестіру жергілікті биліктің күнделікті жұмысының ажырамас бөлігі болуы тиіс. Инвесторға қолайлы жағдай жасау дегеніміз – тек жеңілдік ұсыну емес. Бұл – сөз бен істің бір жерден шығуы, қабылданған шешімдердің уақытылы орындалуы және кәсіпкердің заңды мүддесіне құрметпен қарау.

Бүгінде тұрақты жұмыспен қамту мәселесі өңірлер үшін аса өзекті. Әсіресе жастардың еңбек нарығына араласуы, кәсіби мамандардың сұранысқа ие болуы және ауыл тұрғындарының табыс көзін арттыруы – экономикалық саясаттың маңызды бағыттарының бірі. Жаңа өндіріс орындары мен қызмет көрсету нысандарының ашылуы осы мәселелерді шешуге белгілі бір деңгейде мүмкіндік береді. Ең бастысы, жұмыс орындары жергілікті тұрғындар үшін қолжетімді болып, кадр даярлау мәселесіне де назар аударылуы керек. Инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалағанда жұмыс орындарының санымен қатар олардың тұрақтылығы, еңбек жағдайы, жалақы деңгейі және жергілікті мамандарды тарту мүмкіндігі де ескерілгені жөн. Сонымен бірге жаңа кәсіпорындардың пайда болуы ілеспе кәсіпкерлік салаларына да оң әсер етеді. Бір өндіріс орнының жұмысы тасымалдау, жөндеу, жабдықтау, тамақтандыру және басқа да қызмет түрлеріне сұраныс туғызуы мүмкін. Осылайша, бір инвестициялық жобаның айналасында бірнеше шағын кәсіпкерлік субъектісі жұмыс істеуге мүмкіндік алады.

Абай облысында мақұлданған тоғыз инвестициялық жоба – аймақтың экономикалық мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған маңызды бастама. Жалпы құны 8,4 млрд теңге болатын жобалар мен 695 жаңа жұмыс орнының жоспарлануы өңірде кәсіпкерлік белсенділікті арттыруға және экономиканың жаңа бағыттарын дамытуға мүмкіндік береді. Мұның тағы бір маңызды тұсы – инвестициялық бастамалардың бірнеше аудан мен қаланы қамтуы. Бұл облыстың экономикалық дамуын аумақтық тұрғыдан теңгерімді етуге, аудан орталықтарымен қатар ауылдық елді мекендердің де әлеуетін пайдалануға жол ашады. Алайда алдағы кезеңде ең маңыздысы – осы бастамалардың нақты нәтижесін көру. Жобалар уақытылы жүзеге асып, өндіріс орындары іске қосылып, жұмыс орындары ашылғанда ғана инвестициялық саясаттың тиімділігі айқындалады. Бүгінде өңірлер арасындағы бәсекелестік те күшейіп келеді. Әр облыс инвестор тартуға, өндірістік әлеуетін арттыруға және кәсіпкерлікке қолайлы жағдай қалыптастыруға ұмтылады. Мұндай жағдайда Абай облысы үшін өзінің табиғи, өндірістік, ауыл шаруашылығы және көлік-логистикалық мүмкіндіктерін тиімді пайдалану маңызды.

Инвестицияның басты мақсаты – қаржы тарту ғана емес, сол қаржы арқылы экономиканың жаңа мүмкіндіктерін қалыптастыру. Егер әрбір жоба жергілікті тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсартуға, тұрақты жұмыс орындарын ашуға, өндірісті дамытуға және ауыл-аймақтың әлеуетін арттыруға қызмет етсе, онда оның қайтарымы да еселене түседі.

Абай облысының бүгінгі инвестициялық бастамалары осындай үлкен мақсаттармен сабақтас. Ендігі міндет – қолға алынған жобаларды жүйелі жүзеге асырып, жоспарланған нәтижеге қол жеткізу. Өйткені өңірдің өркендеуі бір күнде қалыптаспайды. Ол – нақты жобалардың, жауапты шешімдердің, іскерлік бастамалардың және ортақ еңбектің жемісі. Ал инвестиция – осы жолдағы маңызды қозғаушы күш. Бүгінгі 8,4 млрд теңге инвестиция мен 695 жұмыс орны – ертеңгі экономикалық өсімнің әлеуеті. Ең бастысы, бұл әлеует нақты іске айналып, Абай облысының әрбір тұрғыны сезінетін игілікке ұласуы тиіс.

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ
ЖАҢА ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨЗЕКТІ МІНДЕТТЕРІ
2026

21 ҚАРАША 2026 | СЕНБІ

ҚУАТЫ МОЛ ЕЛДІҢ ҚАДАМЫ НЫҚ

Президент Жолдауда елдегі энергетика саласында қауіпті әрі қитұрқы «бизнес» барын ескертті: қыста Ресейден, Қырғызстаннан электр қуатын удай қымбатқа сатып алады, жазда оларға оны арзанға әрі көп көлемде қайтарады. Энергетика саласы қатысушыларының бұл «көлеңкелі кәсібіне» енді тыйым салынуға тиіс. Ең бастысы, Мемлекет басшысы қойған міндет жүзеге асып, 2029 жылы Қазақстан қуатты өзіне қажеттісінен артық өндіретін елге айналуы қажет. Бұл міндет қалай орындалмақ?



ӨЗГЕНІҢ ЖАРЫҒЫ – ӨЗГЕНІҢ ЫҚПАЛ-ЫРҚЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі кезді – «электр дәуірі» деп атады. Себебі жасанды интеллект әр салада үстемдік ете бастаған бұл заманда электр энергиясының жеткілікті деңгейде болуы әр мемлекеттің бәсекеге қабілетін, тіпті экономикалық тәуелсіздігін айқындайтын шешуші факторға айналды. Мұның сыртында, жерінің астыүсті қазынаға бай Қазақстан, Президент айтқандай, өзінің шикізаттық артықшылығын энергетикалық және технологиялық өрлеу үшін пайдалануға тиіс. Ол мұны «айрықша маңызды міндет» деп бағалады.

– Ашығын айтсақ, бұл тұста қордаланған мәселе өте көп. Қазақстан жыл сайын энергияның елеулі тапшылығымен бетпе-бет келіп жатады. Соның салдарынан қыс мезгілінде, яғни электр энергиясына сұраныс шарықтағанда көрші елдерден қуат көзін қымбат бағамен сатып алуға мәжбүрміз. Ал жаз айларында өзге елдерге энергияны тым төмен бағамен сатамыз. Осындай қитұрқы әрекет ондаған жылдан бері жалғасып келеді! Маған мұны энергетика саласындағы қалыпты жағдай деп түсіндіріп бақты. Кезінде Балқаштағы ЖЭО құрылысының аяқталмай қалуына да осы жайт себеп болды, – деп Президент сондай көлеңкелі кәсіпті ілгерілетушілерді сынады.

Ол бүгінде Түркістан, Қызылорда, Алматы және Екібастұздағы жаңа жылуэлектр кешендерін іске қосудың кейінге шегеріліп жатқанына назар аудартты. Бұл құрылысқа да қосымша серпін берілуге тиіс.

Қазақстан бүгінде сағатына 123 млрд киловатт электр энергиясын өндіреді. Қуат көзінің мұндай көлемі өнеркәсіп пен құрылыс саласын, ауыл шаруашылығы кешендерін қарқынды дамытып жатқан, ең бастысы, экономиканы жаппай цифрландыруды, ЖИ-ді қоғамның барлық саласына енгізіп, деректерді өңдеу орталықтарын жаппай салып жатқан ел үшін «мүлдем жеткіліксіз». Қ.Тоқаев Қазақстанды 2029 жылға қарай қуат көзін артығымен өндіретін деңгейге жеткізуді тапсырды және осыны «стратегиялық міндет» деп белгіледі.

Энергетика министрлігінің түсіндіруінше, 2026-2029 жылдары жалпы көлемі 13,3 ГВт энергетикалық қуат іске қосылады. Оның ішінде 7,4 ГВт-ы – базалық генерация, 5,9 ГВт-ы – жаңғыратын энергия көздері болмақ. Ведомствоның сендіруінше, бұл тапшылықты жойып қана қоймай, 20%-дық профицит қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Энергетика министрі Ерлан Аққенженов электр стансалары штаттық режимде жұмыс істеп тұрғанын жеткізді. Оның айтуынша, Президент ескерткен жылу беру кезеңіндегі электр энергиясын тұтынудың болжамды ұлғаюына жүйе дайын. Сондықтан Тоқаев сынаған қитұрқы әрекеттерге министр биыл жол берілмейтініне сенімді.

– Апатты жағдайларды азайту және ЖЭО-лардың жұмысын жақсарту бойынша ауқымды жұмыс атқардық. Биыл ең жоғарғы жүктеме 18,2 мың МВт болады деп болжанып отыр. Стансаларымыз қазіргі уақытта штаттық режимде жұмыс істеп тұр. Жүктеме шырқау шегіне жеткен кезде де енді Қазақстан өзін электр қуатымен қамтамасыз ете алады. Келесі жылы қайта 1,5 млрд кВт/сағ артық профицит болады деп көзделіп отыр, – деді министр Аққенженов.

Бұл ретте еліміздің бас энергетигі сол бұрынғыдай тәуекелдің «қызыл» аймағында қалып тұрған 5 ЖЭО-ны – Ақтаудың, Семейдің, Оралдың, Теміртау және Тараз қалаларының жылу-электр орталықтарын 1 жыл ішінде «сары» аймаққа ауыстыруға уәде етті. Ал қалған 14 станса қазірдің өзінде «сары» және «жасыл» аймақтарда орналасқан.

ТҰТАС ЖЕЛІ ЕЛДІ БІРІКТІРЕДІ

«Самұрық-Энерго» АҚ басқарма төрағасы Аңсар Айдаров Мемлекет басшысының сынына іліккен нысан – Екібастұз ГРЭС-2-де жұмыстар қарқын алатынын мәлімдеді. Оның дерегінше, ондағы үшінші және төртінші энергоблоктар құрылысы жаңадан бекітілген кестеге сәйкес жүргізіліп жатыр. 3-ші энергоблокты 2028 жылы, 4-шісін 2030 жылдың қазан айында пайдалануға беру жоспарланған.

– Құрылыс алаңында 450-ге жуық адам еңбек етіп жатыр. Жабдықтарды жеткізу де жоспарға сай жүзеге асырылады. Қазандық жабдықтары келіп жетті. Келесі жылдың басынан турбиналық жабдықтар жеткізіледі деп күтудеміз: оларды сол жылы монтаждаймыз. Бүгінгі таңда Екібастұз ГРЭС-2-дегі үшінші және төртінші энергоблоктардың құрылысы бойынша кестеден ауытқулар тіркелген жоқ, – деді Ансар Айдаров.

Өз кезегінде KEGOC АҚ басқарма төрағасы Нәби Айтжанов Павлодардағы тұтас қалашыққа бара-бар «Деректерді өңдеу орталықтары алқабы» секілді мол қуат көзін қажет ететін жаңа жобалар іске қосылғанда Қазақстанда электр энергиясының тапшылығы болмайтынын хабарлады.

– Жалпы, «ДӨО алқабы» жобасы іске қосылған кезде де электр энергиясы профицит болады. Болжалды балансқа сәйкес, 2028 жылы электр тапшылығынан профицитке көшу күтіледі. 2029 жылдан бастап қажетті резервті ескере отырып, профицит шамамен 2,8 ГВт құрайды, ал 2035 жылға қарай ол шамамен 5 ГВт-қа жетеді, – деді

> **Энергетика министрлігінің түсіндіруінше, 2026-2029 жылдары жалпы көлемі 13,3 ГВт энергетикалық қуат іске қосылады. Оның ішінде 7,4 ГВт-ы – базалық генерация, 5,9 ГВт-ы – жаңғыратын энергия көздері болмақ. Ведомствоның сендіруінше, бұл тапшылықты жойып қана қоймай, 20%-дық профицит қалыптастыруға мүмкіндік береді.**

Қазақстанның ұлттық электр желілерін басқаратын ұлттық компанияның басшысы.

Оның сөзінше, Қазақстанның көршілерден энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету, электр энергиясына сұраныстың артуы салдарынан туындаған қуат тапшылығын еңсеру мақсатында ауқымды стратегиялық іс-шаралар қолға алынған. Оның аясында 2035 жылға дейін жалпы қуаты 26 ГВт-тан асатын жаңа энергия көздерін іске қосу жоспарланды. Бұл ретте атом энергетикасын өркендетуге, экологиялық талапқа сай «таза» көмір генерациясын дамытуға айрықша басымдық берілмек.

Экономиканың өрлеуі, өндірістік жаңа жобалардың іске қосылуы және цифрлық инфрақұрылымның кеңеюі елдің энергетикалық жүйесіне түсетін жүктеменің едәуір ұлғаюына алып келеді. Сондықтан Президенттің 2029 жылға қарай қуат көзін артығымен өндіретіндей деңгейге қол жеткізу міндеті 3 бағытта, атап айтқанда генерация қуаттарын арттыру, электр желілерін дамыту және тұтыну көлемінің өсуін толық үйлестіру арқылы жүзеге асырылмақ.

KEGOC басшысы Нәби Айтжановтың мәліметіне жүгінсек, осы орайда елдің Бірыңғай электр энергетикалық жүйесінің Оңтүстік аймағының электр сымдарын күшейту жобасы қолға алынды. Тек осы арқылы «Алматы – Жамбыл – Шымкент» транзитінің өткізу қабілеті 440 МВт-қа арттырылады. Оны 2027 жылдың шілдесінде пайдалануға беру жоспарланған. Көпшілік біле бермес, бірақ республиканың оңтүстік өңірлерінде жарықтың біразға сөніп қалуы оқиғалары әлі күнге кездесіп тұрады. Ал мына жобаны жүзеге асыру оңтүстік аймақты электрмен жабдықтау сенімділігін нығайтады, сондай-ақ жаңартылатын энергия көздерін интеграциялау үшін қосымша жағдайлар жасайды екен.

Сарапшысы сол, еліміздің батыс өңірлері кеңес кезіндегідей көрші Ресейге тәуелділіктен арыла алмай келеді. Сол себепті Батыс Қазақстанның энергожүйесін Қазақстанның Бірыңғай электр энергетикалық жүйесімен біріктіру жобасы өңірдің шетелдік энергиядан тәуелсіздігін күшейтуге және оған қуат өткізуші инфрақұрылымның қабілетін 500 МВт-қа дейін ұлғайтуға бағытталған.

– Бұл жобаны жүзеге асыру батыс аймақты өзімізде өндірілген электрмен толыққанды жабдықтауға жол ашады. Атырау және Ақтөбе облыстарындағы электр стансаларының өндіру қуатын еселеп, Ақтөбе энергия торабына түсетін жүктемені жеңілдетеді. Жобаны аяқтау келесі жылдың желтоқсанына жоспарланып отыр. Ары қарай батыс аймақты Қазақстанның Бірыңғай электр энергетикалық жүйесімен біріктіру жобасының екінші кезеңі 2035 жылы жүзеге асырылады. Сөйтіп, бүкіл елімізді жоғары вольты энергия желісімен айналдыра байланыстыру жұмыстары аяқталмақ, – деді KEGOC басшысы.

Осы аталған жобалар Оңтүстік пен Батысты сенімді электрмен жабдықтауға, елдің энергетикалық жүйесі тұтастығын нығайтуға және Қазақстанның энергетикалық дербестігін арттыруға бағытталған.

ЖАРЫҚТЫ ЖИ БАСҚАРАДЫ

Қалай болғанда, энергетикаға жауапты тұлғалар Мемлекет басшысының сын-ескертпелерінен кейін осы жұмыстарға қарқын беруге тырысып жатыр. Соның ішінде Алматы ЖЭО-2-ні жаңғыртуға, Алматы ЖЭО-3-ті реконструкциялауға, Көкшетау мен Семейде жаңа жылу электр орталықтарын салуға, Екібастұз ГРЭС-2-ні кеңейтуге, Қызылорда, Түркістан облыстарында бу-газ қондырғыларын тұрғызуға, сондай-ақ энергия жинақтау жүйелері бар ЖЭК-ті дамытып, гидрогенерация жобаларын жүзеге асыруға жете көңіл бөлінбек.

Энергетика министрлігіне мүдделі меморгандармен және ұйымдармен бірлесіп, 2027 жылдың қыркүйегіне дейін елдің энергетикалық балансын өзектендіру жұмыстарын аяқтау тапсырылды. Электр энергетикасы саласындағы инвестициялық жобалардың уақытылы жүзеге асырылуына бақылау артады. Жобаны қолданысқа енгізуді негізсіз созбалаңға салған мердігерлермен шарттар бұзылуға тиіс.

Айтпақшы, жаңа ЖЭО-лар салмай-ақ, цифрлық технологияларды және жасанды интеллектіні енгізу арқылы да қуаттың ағынын оңтайландырып, босқа ысырап болатын электр шығынын азайтуға болады екен. Бұған қоса, KEGOC базасында диспетчерлік басқару жүйесіндегі 50 мыңнан астам көрсеткішті жаңарту тіпті апаттық жағдайларды жедел жоюға жол ашқан. Мәселен, жыл басынан бері «Солтүстік – Оңтүстік» транзиттік желісінде жүктеменің күрт секірісінің 70-тен астам жағдайы тіркелген. Оның 95%-ы тұрғындарды электр энергиясынан ажыратпай-ақ реттеліпті. Бұрын әр апат сайын қалың жұрт қараңғылық құшағында қалатын еді.

AI-KEGOC интеллектуалды платформасы 21 энергия торабы мен жаңғыратын энергия көздерінің 169 нысанында электр энергиясын өндіру мен тұтыну көлемін бір тәулік бұрын болжайды. Синхрофазорлық өлшеулер негізінде жүйені мониторингтеу мен басқарудың цифрлық жүйелері «Солтүстік – Оңтүстік» негізгі энергия көпірінің өткізу қабілетін 250 МВт-қа арттырыпты. Яғни жаңа нысандар салуға қосымша шығындалмай, оның өткізу қабілеті тұтас бір қала тұтынатын көлемдегі электр энергиясына көбейтілген және электр энергиясының шығындары азайтылған.

Түптеп келгенде, энергетика мәселесі – әрбір отбасының, түрлі кәсіпорынның, тұтас мемлекеттің болашағына қатысты мәселе. Бүгінгі инфрақұрылымдық шешімдер ертеңгі инвестициялық ахуалға, өндіріс қарқынына және халықтың тұрмыс сапасына ықпал етеді. Сондықтан бұл бағыттағы саясат жаңа нысандар салумен қоса, технологиялық жаңғыруға және басқару тиімділігіне негізделуі қажет. Өйткені қуатты энергетика – бәсекеге қабілетті экономиканың, мемлекеттің тәуелсіздігінің де тірегі.

Елдос СЕНБАЙ

«АУЫРЛЫҒЫ» КӨП жеңілдік

Қазақстанда автонесиелердің жалпы көлемі 2025 жылдың соңында 4 трлн теңгеге жуықтады. Ұлттық банк кейбір автонесиелерге қатысты жеңілдікті 2027 жылдың соңына дейін ұзартпақ. Бұл банктерге адамның ай сайынғы несие төлемдері табысының жартысынан асып тұрса да, көлікке қарыз беруге мүмкіндік береді. Тұрғын үй жинақ жүйесіндегі несиелерге осы жеңілдік 2029 жылдың соңына дейін сақталмақ.

Кәмила ДҮЙСЕН

Qazaq Expert Club сарапшысы, қаржыгер Әйгерім Ілиясова екі нарыққа мұның әсері әртүрлі болады деп санайды. Қазір екі жеңілдік те 2026 жылдың соңына дейін қолданылады. Ұлттық банк қарашада олардың мерзімін ұзарту туралы жобасын жариялады. Әдетте банк жаңа несие берерде адамның бұрынғы және жаңа қарыздары бойынша ай сайын қанша төлейтінін есептейді. Жалпы төлем банк есепке алатын табыстың жартысынан аспауға тиіс. Қаржы саласында мұны борыш жүктемесінің коэффициенті деп атайды.

– Тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесі аясында берілетін қарыздар бұл талаптан босатылған. Осы ерекшеліктің қолданылу мерзімі тағы үш жылға ұзартылды. Сонымен қатар БЖК талабы жаңа автокөліктерге берілетін кредиттерге, сондай-ақ бастапқы жарна бойынша белгілі бір шарттар сақталған жағдайда пайдаланылған автокөліктерге берілетін жекелеген кредиттерге қолданылмайды. Пайдаланылған автокөліктер үшін бастапқы жарна кемінде 50%, ал пайдаланылғанына үш жыл толмаған автокөліктер үшін кемінде 30% болуға тиіс. Автокредиттерді БЖК талабынан босату 2026 жылдың соңына дейін қолданылған еді, енді бұл мерзім тағы бір жылға ұзартылды, – деп түсіндіреді Әйгерім Ілиясова.

Жаңа көлік Қазақстанда алғаш рет тіркелуге тиіс. Жеңілдікке жататын үш жағдайда да сатып алынған көлік банкке кепілге қойылады. Ұлттық банк жеңілдікті ұзарту ұсынысын ипотекадағы кешіктірілген төлемнің аздығымен және автонесие өсімінің алдыңғы жылдарға қарағанда баяулауымен түсіндірді.

ҮЙГЕ АҚША ЖИНАУДЫҢ ӘСЕРІ ҚАНДАЙ?

Ілиясованың пікірінше, жеңілдікті ұзарту үй мен көлікке берілетін жаңа несиелер көлемінің төмендеуіне жол бермейді. Дегенмен ипотека алу мүмкіндігі отбасының табысы мен баспана бағасына да байланысты. Сарапшының бағалауынша, елдегі ипотекалық несиенің шамамен 70%-ы Отбасы банк пен мемлекеттік бағдарламалардың үлесіне тиеді.

– Бұған дейін тұрғын үй құрылыс жинақтары (ТҚЖ) жүйесінде тек мамандандырылған Отбасы банк жұмыс істеді, – дейді Ілиясова. – Ресми түрде бұл жүйе екінші деңгейлі банктер үшін толық жабық болған жоқ, бірақ оған қатысу үшін жеке лицензия қажет еді. Банк заңнамасына енгізілген өзгерістерден кейін тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесіне мамандандырылған банктер ғана емес, әмбебап лицензия негізінде екінші деңгейлі банктер де қатыса алатыны нақты бекітілді.

Мәселен, 2026 жылғы шілдеде Freedom Bank Kazakhstan тұрғын үйге ақша жинайтын салымшылардан депозит қабылдауға және сол салымшыларға баспана алуға қарыз беруге мүмкіндік алды.

Сарапшы тұрғын үй жинақ жүйесіндегі берешектің аз болуын ақша жинау тәртібімен байланыстырады. Отбасы несие алуға өтінім бергенге дейін біраз уақыт табысынан ақша бөліп отырады. Осы кезеңде оның ай сайын қанша қаражат бөле алатыны да белгілі болады.

– Шынында да, Ұлттық банк деректеріне сәйкес, ипотекалық портфельдегі мерзімі өткен берешектің үлесі 2-3%-ды құрайды. Кепілмен қамтамасыз етілген кредиттер үшін бұл қисынды көрсеткіш. Менің ойымша, БЖК бойынша ерекшеліктің мерзімін ұзарту ипотекалық портфельдің сапасын айтарлықтай нашарлатпауға тиіс. Оның үстіне бұл шараның әлеуметтік маңызы бар. Өйткені тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесі бүгінде баспаналы болудың ең қолжетімді әрі тиімді тәсілдерінің бірі болып қала береді, – деп есептейді Әйгерім Ілиясова.

Ұлттық банктің қаржылық тұрақтылық туралы есебінде 2025 жылдың соңында төлемі 90 күннен астам кешіккен ипотекалық қарыздардың үлесі 0,6-0,7% шамасында болғаны көрсетілген. Ал сарапшы атаған 2-3%-ды осы санмен салыстыру үшін оның қай кезеңді және қанша күнге кешіккен төлемдерді қамтитынын білу керек.

КӨЛІК АРЗАНДАСА, ҚАРЫЗДЫ КІМ ӨТЕЙДІ?

Kursiv басылымы Finratings.kz дерегіне сүйеніп, 2025 жылы Қазақстандағы автонесиелердің жалпы көлемі 42,4%-ға өскенін жазды. Төлемі кешіккен берешек шамамен 240 млрд теңге болған. Ұлттық банктің есебінде 2025 жылдың соңында төлемі 90 күннен астам кешіккен автонесиелердің үлесі 4,1% болғаны көрсетілген. Бұған банктер балансынан есептен шығарған қарыздар да қосылады. Олардың үлесі 2023-2025 жылдары екі есеге жуық өсіп, 2,9%-ға жеткен. Ұлттық банк екі көрсеткішті бірге есептегенде, проблемалық автонесиелердің үлесі 7% болғанын айтады. Банктер қайтарылуы күмәнді қарыздардың бір бөлігін қаржылық есепте «үшінші сатыдағы қарыздар» деп көрсетеді. Әйгерім Ілиясова осы көрсеткішке назар аударады.



Әсел БАЛТАҚЫЗЫ (коллаж)

Жаңа көлік Қазақстанда алғаш рет тіркелуге тиіс. Жеңілдікке жататын үш жағдайда да сатып алынған көлік банкке кепілге қойылады. Ұлттық банк жеңілдікті ұзарту ұсынысын ипотекадағы кешіктірілген төлемнің аздығымен және автонесие өсімінің алдыңғы жылдарға қарағанда баяулауымен түсіндірді.

– Үшінші сатыдағы автокредиттердің үлесі 5,7%-ға жетті. Бұл көрсеткіш кепілсіз тұтынушылық қарыздар деңгейімен шамалас, ал теориялық тұрғыдан одан төмен болуға тиіс. Проблемалық автокредиттер үлесінің өсуі және жалпы портфель көлемінің айтарлықтай ұлғаюы белгілі бір алаңдаушылық туғызады, – дейді сарапшы.

Ұлттық банктің 2025 жылғы есебінде кепілсіз тұтынушылық несиелер бойынша осы көрсеткіштің 8,2%-дан 9,7%-ға өскені жазылған. Екі көрсеткішті салыстырғанда олардың қай кезеңге тиесілі екенін ескеру керек. Көлікке несие алу туралы шешім көбіне үй алуға қарағанда тез қабылданады. Қарызды автосалонның өзінде рәсімдеуге болады. Бастапқы жарнасы аз ұсыныстар мен жеңілдетілген бағдарламалар да сұранысты арттырады. Бірақ көлік алған отбасының шығыны банкке төлейтін ақшамен бітпейді.

– Автокөлікті күтіп ұстау қосымша шығындарды талап етеді. Олардың қатарында жанармай, шиналар сатып алу, техникалық қызмет көрсету, сақтандыру және көлік салығы бар. Кредиттің жоғары пайыздық мөлшерлемесімен бірге мұның бәрі отбасылық бюджетке айтарлықтай салмақ түсіреді. Сонымен қатар қарызды өтеу кезеңінде автокөлік әдетте құнын жоғалтады, – деп түсіндіреді Ілиясова.

Көлік арзандаған сайын, төлем тоқтаған жағдайда оны сатудан түскен ақшаның қарызды толық жабуға жетпей қалу қаупі бар.

– Қарыз алушы төлем мерзімін өткізіп алған жағдайда банк берешекті реттеу шараларын қабылдағаннан кейін кепілдегі мүлікті соттан тыс немесе сот тәртібімен сатады. Алайда сол уақытқа қарай автокөліктің құны өтелмеген қарыз қалдығынан төмен болуы мүмкін. Осыған байланысты автокредит беру талаптарын жеңілдету маған толық негізделген шешім болып көрінбейді және проблемалық кредиттер портфелінің өсуіне әкелуі мүмкін, – дейді қаржыгер.

ҚАРЫЗДЫҢ БАСЫМ БӨЛІГІ – ТҰТЫНУШЫЛЫҚ НЕСИЕ

Ілиясованы халықтың қанша қарыз алғаны және сол қарыздың ішінде тұтынушылық несиенің үлесі қанша екені алаңдатады.

– Халықтың шамадан тыс кредитке батқанын айту – даулы мәселе. Халыққа берілген кредиттер көрсеткіштері шекті деңгейде емес. Олар көрші елдердің көрсеткіштерімен шамалас әрі көптеген дамыған елдерге қарағанда төмен. Алайда бөлшек кредит портфелінің құрылымы алаңдатады. Халыққа берілген шамамен 25 трлн теңге кредиттің 17 трлн теңгеге жуығы тұтынушылық қарыздарға тиесілі, – дейді сарапшы.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің дерегінше, 2025 жылдың соңында банктердің халыққа берген несиесі 24,8 трлн теңге болды. Соның 16,7 трлн теңгесі – тұтынушылық қарыз. 2026 жылғы 1 қазанда халықтың банктер алдындағы қарызы 26,7 трлн теңгеге, ал тұтынушылық несие көлемі 17,7 трлн теңгеге жетті.

Ілиясова тұтынушылық несиенің біршама бөлігі күнделікті шығындарды жабуға алынуы мүмкін деп болжайды. Ақшаның нақты қайда жұмсалғанын білу үшін бөлек дерек керек. Сарапшы тұтынушылық несие бергенде ай сайынғы төлемге қойылған шекті сақтау қажет деп санайды.

– Тұрғын үй құрылыс жинақтары жүйесіндегі қарыздардың әлеуметтік қызметін ескерсек, оларды БЖК талабынан босату орынды. Ал автокредиттер жағдайында мұндай жеңілдік белгілі бір тәуекелдер туғызады. Сондықтан Ұлттық банк 2027 жыл бойы кредит нарығына мониторинг жүргізуді жалғастыратынын арнайы атап өтті. Жүйелік тәуекелдер күшейген жағдайда халықтың борыштық жүктемесін ескере отырып, қосымша шаралар енгізілуі мүмкін, – дейді Әйгерім Ілиясова.

Жеңілдіктің салдары 2027 жылы берілген автонесиелердің қалай өтелетінінен көрінеді. Төлемі 90 күннен астам кешіккен қарыздардың үлесі азайғанның өзінде, банктер есептен шығарған берешек көбеюі мүмкін. Сондықтан көлік несиесін алғандар қарызын қалай төлеп жүргенін бағалау үшін осы екі көрсеткішті қатар қарау керек.

ТАНЫМ

21 ҚАРАША 2026 | СЕНБІ

Уақыт тегершігін кері айналдырып, миллиондаған жыл бұрынғы Қазақстан аумағына сапар шексек, таңғажайып дүниеге тап болар едік. Ауа дымқыл. Жер бусанып, ылғалға бөгіп тұр. Көкжиекке дейін көсілген мәңгі жасыл өлкені тарам-тарам өзендер айғыздаған. Қопалы, қорысты көлдердің бетінен бу бұрқырап, төңірегін ну тоғай көмкерген. Бұтақтары айқасып, көкке бой созған қалың ағаш арасынан күн сәулесі әрең сығалайды. Сол жыныс орманда піл тектес жануарлар маң-маң басып, жан-жағын аяусыз жапырады. Көк майсалы кең жазықта үш тұяқты жылқылар үйірімен жортады. Отқа тойынған алып мүйізтұмсықтар суатқа беттеп барады. Аспанда қанатты кесірткелер қалықтайды. Нар қамысқа жасырынған қылыш тісті жыртқыш көзі жылтырап, олжасын аңдиды. Теңіз жағасында таудай тасбақа маужырап, сом денелі динозавр жайбарақат жайылып жүр...





МИЛЛИОН

Еркебұлан НҰРЕКЕШ

Құрметті оқырман, бұл қиялдан туған көрініс емес. Ежелгі тіршілік иелерінің қазба қалдықтары қазақ даласынан көптеп табылған.

Кешегі Қашаған жырау әлемнің әзелгі болмысын:

«Дүниенің басы әуелде
Меруерт тастан жаралған.
Меруерт еріп, су болған,
Судан түтін, бу болған,
Аспан, жер содан жаралған.
Он сегіз мың бұл ғалам
Үш бөлім болып таралған:
Алтауы болар жәмәдәт,
Алтауы болар нәбәдәт,
Алтауы болар айуанат.
Үш алтыны қоса ғой –
Он сегіз мың жан болар,
Білмеген адам тақ қалар», –

деп толғаған екен.

Өз кезегінде ғалымдар табиғи эволюция барысында Жер шарында 770 миллиондай биологиялық түр өрбіген дейді. Бірақ бәрі бірдей бүгінге жеткен жоқ. Біреуі жойылды, екіншісі өзгерді, енді бірі жаңа ортаға бейімделіп, ғұмырын жалғастырды. Осынау жұмбақ тарихтың тасқа қатталған таңбасы Қазақстанның жер қойнауында молынан сақталыпты.

Мәселен, Павлодар маңындағы «Қазқонақ» қорымы неоген кезеңінің ең ірі ескерткіші деп есептеледі. 1928 жылы ашылған палеонтологиялық қазына әлі де ғылымның қажетіне жарап келеді. Алайда тарихи мұраның тағдыры алашты алаңдатып қойды. Өйткені Ертіс суы өзен ернеуін шайып, қазба қалдықтары сақталған қабаттарды опырып әкетіп жатыр. «Астана» телеарнасы әзірлеген бейнесюжетте кей тұста жағалау сызығының 6-17 метрге дейін шегінгені айтылады. Әсіресе көктемгі тасқында ахуал асқынады. Аталмыш мәселеге мемлекеттік органдар назар аударып, өзен жиегін нығайтуға арналған жол картасын жасай бастады. Әйтпесе, сүйектер су астында шіріп немесе күн мен желдің әсерінен мүжіліп кетуі мүмкін.

Жалпы, палеонтологиялық деректерге сенсек, бұдан 7-10 миллион жыл бұрын Кереку өңірінің табиғаты африкалық саваннаға ұқсайтын. Қазіргі қуаң даланың орнында тропиктік ормандар болған. Су сіңген алқаптарда пальма, лавр, магнолия сияқты ағаштар өскен. Мұны палеоботаникалық зерттеулер сөзсіз растайды. Ондай жанға жайлы орта сан алуан жануарды бауырына басқан. Гиппарион, мастодонт, керік, мүйізтұмсық, динотерий, түйеқұс, махайрод, гиена т.б. экзотикалық мақұлықтар осы өлкеде жыртылып айырылатын.

ДӘУІРЛЕР АЛМАСҚАН ДАЛА

Дегенмен ежелгі Қазақстан табиғаты «Қазқонақпен» ғана шектелмейді. Әр аймақтан табылған қазба қалдықтары климаттың миллиондаған жыл бойы құбылып отырғанын көрсетеді. Бір дәуірде ит тұмсығы батпайтын джунглилер жайқалса, енді бірде тоғайлар сиреп, жазық далалар кеңейген. Теңіздер біресе құрлыққа сұғына жайылса, біресе кері шегінген. Табиғи өзгерістермен қатар хайуанат әлемі де алмаса берген. Бір заманда парацератерий мен мастодонт жайлаған жерді өзге бір кезеңдерде динозавр мен птерозавр билеп-төстеген. Одан кейінгі мұз дәуірінде мамонттың маңызы артты.

Осылардың ішіндегі ең зоры – парацератерий. Шамамен 34-23 миллион жыл бұрын өмір сүрген жануардың қаңқасы 1912 жылы Торғай ойпатынан аршып алынған. Парацератерийді көзге елестету үшін кәдімгі пілді төрт есе үлкейтіп көріңіз. Алып сүтқоректінің биіктігі де, тұрқы да 8 метрге жеткен. Салмағы 15-20 тонна тартқан. Әрине, мұндай әйдік денені асырау оңай емес. Сондықтан парацератерий ұдайы тамақ іздеп, жүздеген келі азық тұтынған. Ұзын мойнының арқасында ағаштың ұшар басындағы жапырақтарды жұлып жеген. Сол замандағы ылғалды ормандар оған көл-көсір қорек ұсынған.

Ал Қызылорда облысында 85-83 миллион жыл бұрын, соңғы бор кезеңінде аралозавр мекендеген. Ғылымда Aralosaurus tuberiferus деген атпен белгілі динозаврды «Арал кесірткесі» деп те атайды. Шах-Шах шатқалынан сүйегі табылған Аралозавр тек Қазақстанға тән эндемик түр ретінде ерекше бағаланады. Оның тұрқы – 6,5-8 метр, бойы – 2,5-3 метр, салмағы 2–3 тонна болған. Үйректікіне ұқсайтын тұмсығының үсті дөңестеніп біткен. Ғалымдардың пікірінше, бұл дөңес дыбыс шығарып, басқа туыстарымен байланыс орнататын табиғи резонатор қызметін атқарған. Жақ сүйегіндегі мыңға жуық тісі қатты өсімдіктерді ұнтақтап шайнауға көмектескен. Ол дәуірде Арал өңірі ежелгі Тетис мұхитының жағалауына жақын, өзен-көлге бай батпақты жер еді.

Байырғы аспан әлемі де сенсацияға толы. Соның бір дәлелі – Түркістан облысындағы Қаратау жотасынан табылған птерозавр қалдықтары. 160 миллион жыл бұрын, соңғы юра кезеңінде тіршілік еткен рептилия ғылыми айналымға Sordes pilosus немесе «Түкті шайтан» деген атпен қосылған. Себебі Қаратау птерозаврының денесін жүн тәрізді талшықтар жауып тұрғаны анықталған. Бұл ақпарат ұшқыш кесірткенің біз ойлағандай суыққанды емес, жылықанды болғанын айғақтайды. «Түкті шайтан» қос қанатын жайғанда 5-7 метрге дейін құлаш ұрған. Сол заманғы Қаратау маңы тропиктік аралдар мен тұщы көлдер жүйесін құраған. Птерозавр осы көлдерден ірілі-ұсақты жәндіктерді аулаған.

Неоген дәуірінің супержыртқышы делінетін махайрод соңғы миоцен – плиоцен кезеңінде, 9-5 миллион жыл бұрын үстемдік құрыпты. Көзі қарақты көпшілік оны қылыш тісті жолбарыс деп те таниды. Оның тістері мен жақ сүйектері Павлодардағы «Қазқонақ» ескерткішінен және Оңтүстік Қазақстан өңірлерінен табылды. Денесінің ұзындығы – құйрығын қоспағанда 2,5 метр, шоқтығының биіктігі – 1,2 метр, салмағы 200-300 келі болған жыртқыштың алдыңғы аяқтары мен мойын бұлшықеттері мықты дамыған. Жоғарғы жақ сүйегіндегі төмен қарай иіліп өскен азу тістерінің ұзындығы 15-20 сантиметрге жеткен. Жемтігіне тұтқиылдан шауып, пышақтың жүзіндей осы қауіпті қаруымен мастодонт, мүйізтұмсық секілді шөпқоректілердің күретамырын қиып жіберген.

Бертіндегі плейстоцен кезеңінде, мөлшері 2,5 миллион жыл бұрын Еуразия даласының табиғаты тағы бір өзгерді. Мұз дәуіріндегі ашық тундра кеңістігін ерсілі-қарсылы эласмотерий кезіп жүрді. «Сібірлік сыңармүйіз» атанған алыптың дене тұрқы – 4,5-5 метр, бойы – 2-2,5 метр, салмағы 4-5 тоннадай еді. Былайша айтқанда, жүк тиеген ГАЗель көлігімен шамалас. Эласмотерийдің қақ маңдайына өскен күмбез пішінді сүйекке ұзындығы 1,5 метрлік кератинді жуан мүйіз бекіген. Ең қызығы, зерттеушілер сыңармүйіз туралы аңыздардың түп-төркінінде осы жануарды көрген ежелгі адамдардың естелігі жатыр деп топшылайды. Неге десек, эласмотерийдің ақырғы жұрнақтары небәрі 39 мың жыл бұрын ғана құрып таусылған.

Мұз дәуірінің енді бір ерекше өкілі – алып мүйізді бұғы немесе мегалоцерос. Ол шамамен 400 мың жылдан 7,7 мың жыл бұрынғы аралықта плейстоцен дәуірінде өмір сүрген. Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақмола һәм Павлодар облыстарындағы өзен аңғарларынан оның бассүйектері мен мүйіз сынықтары көп табылған. Мегалоцеростың биіктігі – 2-2,1 метр, салмағы 600-700 килограмм болған. Басындағы екі мүйізінің арақашықтығы 3,5-4 метр еді. Бұл кәдімгі жеңіл автокөліктің ұзындығымен бірдей. Қарағайдай мүйізімен қалың орманға сыймағандықтан, мегалоцерос негізінен жазық алқаптарда жайылған. Әсіресе Солтүстік, Орталық Қазақстанның мұз дәуіріндегі мамонт даласы қолайына жаққан.

АЛЫПТАРДЫҢ АҚЫРЫ

Бірақ бұл жануарлардың ешқайсысы өз ортасынан тыс өмір сүре алмайтын. Біріне қалың орман қажет болса, екіншісі ашық алаңқайларға бейімделді. Бірі батпақты өзен аңғарында жайылса, енді бірі көкте самғады. Табиғат түрленген сайын олардың кейбір артықшылығы, керісінше, кемшілікке айналатын. Яғни Қазақстандағы ежелгі фаунаның жоғалуы – бір күндік оқиға емес, 25 миллион жылға созылған күрделі әрі ұзақ үдеріс. Әр жануар өз заманындағы климаттық құбылыстарға, қорек қорының азаюына, тіршілік ортасының тарылуына қарай әртүрлі уақытта жойылған.

Мысалы, парацератерийдің тағдырына мұз дәуірінің еш қатысы жоқ. Ол кезде мұз басу әлі басталмаған-тын. Оның құруына олигоценнің соңында күшейген құрғақшылық кесірін тигізді. 23 миллион жыл бұрын Үндістан түбегінде Гималай тауларының көтеріліп, Орталық Азияға келетін мұхит ылғалын бөгеп тастады. Сөйтіп, Торғай мен Арал өңірінің табиғаты адам танымастай өзгерді. Субтропик-

ТАНЫМ

ЖЫЛДЫҚ МЕКЕН

тік ормандар сиреп, ну тоғайдың орнын шөптесін алқаптар басты. Ағаш басындағы жапырақтарды жеуге машықтанған парацератерий еңкейіп жерде жайылуға жарамай қалды. Күніне 500-600 келі азық тауып, тамақ асырауы ауырлады. Қорек тапшылығы популяцияның кемуіне әкелді. Оның орнына жаңа ортаға жақсы икемделген ұсақ жануарлар пайда болды.

Біраз уақыт өткен соң Павлодардағы «Қазқонақ» фаунасының негізін құраған гиппариондар мен мастодонттардың да дәурені озды. Өйткені 5-3 миллион жыл бұрын климат салқындап, өсімдіктер құрамы өзгерді. Баяғы жұмсақ жапырақты бұталар кремнийі мол қатты шөптермен алмасты. Үш тұяқты жылқылардың тіс эмалі мұндай шөпті ұзақ шайнауға шыдамай, тез мүжілді. Нәтижесінде, гиппарионды бүгінгі бір тұяқты жылқылар біртіндеп экожүйеден ығыстырды.


Шөпқоректілердің өзгеруі оларды жейтін жыртқыштарға да әсер етті. Бұл табиғаттағы бір буынның жойылуы келесі буынның жойылуына ұласатын экологиялық «домино әсері» еді. Баяу қозғалатын, бірақ еті мол мастодонттарды аулауға дағдыланған махайродтар жазықта желдей жүйткитін бөкендер мен жылқыларды қуып жетуде қиындыққа ұшырады. Сондайақ қорек тапшылығынан қатты сүйектерді кеміруге мәжбүр болып, азу тістері жиі сынатын. Жаралы жыртқыштың аң аулау мүмкіндігі де төмендейтіні анық. Осылайша, табиғи ортаның жаңа талаптары біртұтас қорек тізбегін күйретіп салды.

Эласмотерийдің тағдыры көп жыл бойы басқаша түсіндіріліп келді. Бұрын ғалымдар оны шамамен 200 мың жыл бұрын жойылған деп есептеген. Алайда 2018 жылы Павлодар облысы мен Батыс Сібірден табылған бас сүйектерге жүргізілген радиокөміртекті және ДНҚ талдаулары бұл алыптың 39 мың жыл бұрын өмір сүргенін көрсетті. Демек, ол алғашқы саналы адамдармен бір кезеңде тіршілік еткен.

Оның жойылуына «стенофагия» деп аталатын фактор себеп болған. Эласмотерий негізінен қатты дала шөптерінің тамырлары мен түйнектерін пайдаланған. Плейстоценнің соңында жер қыртысы қатып, өсімдіктер құрамы өзгергенде әдепкі азығын табу оған да қиындай түсті. Өзге өсімдік түрлеріне оңай ауыса алмағандықтан, сібірлік сыңармүйіздер күрт азайып, бірте-бірте тарих қойнауына сіңіп жоғалды.

Алып мүйізді бұғының тағдыры, керісінше, мұз дәуірінің аяқталуына байланысты. Шамамен 10-7,7 мың жыл бұрын климат жылына бастағанда Солтүстік Қазақстан мен Орал өңіріндегі ашық тундраның орнына қарағайлы және қайыңды ормандар таралды. Оған дейін ұланғайыр жазықта еркін жүрген мегалоцерос үшін қалың орман қолайсыз ортаға айналды. Алып мүйіздері ағаштардың арасымен қозғалуына кедергі келтірді.

Мұнымен мәселе біткен жоқ. Көктем сайын мүйізін өсіру үшін оның ағзасына көп мөлшерде кальций мен фосфор қажет болатын. Жаңа өсімдіктер бұл минералдарды жеткілікті мөлшерде бере алмады. Табиғи мекенінің тарылуы жануардың тіршілік ету мүмкіндігін тіптен әлсіретті.



Қызылорда облысында 85-83 миллион жыл бұрын, соңғы бор кезеңінде аралозавр мекендеген. Ғылымда Aralosaurus tuberiferus деген атпен белгілі динозаврды «Арал кесірткесі» деп те атайды. Шах-Шах шатқалынан сүйегі табылған Аралозавр тек Қазақстанға тән эндемик түр ретінде ерекше бағаланады.

Бұл кезеңдегі адам факторының да ықпалын терістей алмаймыз. Мәселен, Қазақстанның солтүстігі мен шығысындағы палеолиттік тұрақтардан мамонттар мен ірі тұяқтылардың сүйектері, сол сүйектерден жасалған еңбек құралдары табылған. Демек, ежелгі адамдар ірі жануарларды жаппай аулаған.

Ежелгі фаунаның жойылуына қатысты басқа да болжамдар бар. Солардың бірі – ежелгі адамдармен бірге тараған инфекциялық аурулар. Екінші гипотеза бойынша 12 900 жыл бұрын Жерге құлаған комета сынықтары климаттың тепе-теңдігін бұзыпты-мыс. Әйтсе де, Қазақстан аумағында бұл жорамалдарды толық растайтын нақты геологиялық дәлелдер жеткіліксіз.

СҮЙЕКТЕГІ СЫР, ТАСТАҒЫ ТАРИХ

Қош, бүгінде сол жануарлардың өмірін көз алдымызға қалай елестете аламыз? Тірі қалпында оларды ешқайсымыз көрмегенбіз. Фотосуреті де, бейнежазбасы да жоқ. Бірақ қазіргі палеонтология бір ғана сүйек сынығынан бүтін бір тіршілік әлемін қалпына келтіруге септеседі. Бұл сала қазір геология мен биологияның шеңберінен шығып, ядролық физика, органикалық химия, биомеханика және компьютерлік модельдеу жетістіктерін бір мезетте пайдаланатын ғылымға айналған.

Мәселен, ғалымның қолына ежелгі жануардың бір ғана тісі түсті делік. Сол тістен оның немен қоректенгенін анықтауға болады. Электрондық микроскоп арқылы тіс эмаліндегі ұсақ сызаттар мен ойықтар зерттеледі. Егер бетінде ұзын, бір бағытта созылған сызаттар көп болса, жануар кремнийге бай дала шөптерін шайнаған болуы мүмкін. Ұсақ шұңқырлар мен ойықтардың көптігі ағаш бұтақтарын, жаңғақтарды немесе жемістерді пайдаланғанын аңғартады. Бір қарағанда, елеусіз көрінетін осы белгілер жануардың күнделікті ас мәзірі жайында мағлұмат береді.

Ғалымдар сүйектің өзін де сөйлетеді. Оның өте жұқа кесіндісіне микроскоппен үңілгенде жылдық өсу сақиналарына ұқсас қабаттар көрінеді. Бұл – сүйек гистологиясы деп аталатын зерттеу тәсілі. Ғалымдар сол қабаттарға қарап, жануардың шамамен қанша жыл ғұмыр кешкенін, қай жаста жыныстық тұрғыда жетілгенін, өсуі қандай қарқынмен өскенін түсінеді. Кейбір нышандар сол жылдардағы климаттың қолайлы немесе қолайсыз болғанын да байқатады. Сүйек бетіндегі бұдырлар мен бұлшықет бекіген ойықтар жануардың дене құрылысын қайта құруға жәрдемдеседі. Салыстырмалы анатомия арқылы ғалымдар бұлшық еттердің көлемі мен күшін есептеп шығарады.

Хайуанның қандай ортада жүргенін химиялық іздерден білуге болады. Тұрақты изотоптарды талдау барысында тіс эмалі, сүйектегі көміртек, оттегі т.б. элементтердің арақатынасы зерттеледі. Жануар жеген химиялық элементтер оның ағзасында сақталады. Тіс эмаліндегі көміртек изотоптары оның не орманды алқапта, не ашық саваннада жайылғанын ұқтырады. Оттегі изотоптары сол кезеңдегі ауа температурасын нақтылауға көмектеседі.

Мысалы, Қазақстанның оңтүстігі мен орталығынан табылған ежелгі сүтқоректілердің тісіне жүргізілген изотоптық зерттеулер миоцен дәуірінде бұл өңірлердегі маусымдық температура жұмсақ әрі ылғалды болғанын дәйектеді. Стронций изотоптары жануарлардың қайда көшіп-қонғанын бағдарлауға жол ашады.

Қазба қалдықтарының нақты қай кезеңге жататынын білу де маңызды. Ол үшін радиометриялық мерзімдеу, палеомагниттік әдіс һәм биостратиграфия қолданылады. Радиометриялық тәсіл тау жыныстарындағы радиоактивті элементтердің ыдырау жылдамдығына сүйеніп, олардың жасын есептейді. Палеомагниттік зерттеу Жердің магнит өрісі геологиялық дәуірлерде бірнеше рет өзгергенін ескереді. Ал биостратиграфия белгілі бір дәуірде өмір сүрген жануарлар мен өсімдіктердің қалдықтарын салыстырып, шөгінді қабаттардың жасын ажыратады. Осы тәсілдер бірге қолданылғанда бір сүйектің ғана емес, тұтас геологиялық қабаттың тарихын тануға болады.

Бұрын сүйектің ішкі құрылысын көру үшін оны арамен кесуге тура келетін. Қазір компьютерлік томография мен рентгендік микротомография мұндай қажеттілікті азайтты. Ғалымдар құнды жәдігерді зақымдамай-ақ оның ішкі құрылысын қабатқабатымен зерттейді. Мысалы, бас сүйектің ішкі қуысын үш өлшемді үлгіге айналдырып, ежелгі жануардың иіс сезу, көру немесе есту қабілеті қаншалықты дамығанын біліміз.

Үш өлшемді модельдеу тек сүйектің ішкі құрылысын көрумен шектелмейді. Ғалымдар компьютерде ежелгі жануардың қаңқасын құрастырып, оған виртуалды түрде күш түсіреді. Соңғы элементтер әдісі деп аталатын тәсілмен жануардың жақ сүйегінің қандай қысыммен тістегенін, мойны қанша градусқа бұрылғанын, аяқ сүйектерінің қандай салмаққа төтеп бергенін есептеуге мүмкіндік бар. Мамандар қазіргі жануарлардың дене салмағы мен аяқ сүйектерінің жуандығы арасындағы аллометриялық заңдылықтарды пайдаланып, бір ғана ортан жілік арқылы парацератерий сияқты алыптың салмағын бағалайды. Өстіп, 15-20 тонналық жануардың дене бітімі жай ғана болжаммен емес, нақты анатомиялық есептермен қалпына келтіріледі.

Ғалымдар тіпті миллиондаған жыл бұрынғы ормандарды зерттейді. Өйткені өсімдіктердің тозаңы тау жыныстарының арасында өте ұзақ сақталады. Тозаңдық талдау көмегімен ғалымдар нақты бір кезеңде қандай ағаштар өскенін тұжырымдайды.

ТҮЙІН:

Палеонтологияның жұмысы бір сүйекті тауып, оны музейге қоюмен бітпейді. Ғалымдар әрбір қазбаны өз дәуірінің табиғи ортасымен салғастырады. Павлодардағы «Қазқонақ» сияқты ірі тафоценоз орындарының маңызы да осында. Сондықтан «Қазқонақ» – жай ғана сүйектер көмілген жер емес. Ол – миллиондаған жыл бұрынғы Ертіс өңірінің табиғи шежіресі. 1928 жылы ашылған бұл нысанға 2028 жылы жүз жыл толады. Алайда оның тарихы бір ғасырмен өлшенбейді. Жер қойнауында сақталған деректер миллиондаған жылды қамтиды. Ендеше палеонтологиялық ескерткіштерді қорғау – Қазақстанның мыңдаған ғасырлық тарихын қорғау деген сөз.

ӨЗЕКТІ

21 ҚАРАША 2026 | СЕНБІ

Әр бала мектепке білім алу үшін барады. Бірақ бүгінде білім ордаларының өзінде түрлі құқықбұзушылықтың күн санап өсіп, өршіп бара жатқаны ащы шындық. Бірін-бірі аяусыз соққыға жығу, әлімжеттік жасау, психологиялық қысым көрсету сияқты тосын оқиғалар күн санап жиілей түскен. Бұл бірінші кезекте ата-аналардың балаларының қауіпсіздігіне алаңдауын туғызатыны сөзсіз. Ақмола облысында да қатарластарына қатыгездік көрсету оқиғалары оқтын-оқтын қылаң береді. Бұл орайда мектептегі қауіпсіздікке тікелей жауапты күзет саласының кемшілігі де байқалып қалады...

МЕКТЕПТЕГІ ҚАУІПСІЗДІК: БАЛАҒА КІМ қорған?

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Мектеп қауіпсіздігі дегенде көп жағдайда көз алдымызға күзетші, турникет пен бейнекамера елестейді. Алайда баланың мектептегі қауіпсіздігі тек мұнымен ғана бітпейтінін күнделікті өмірдің өзі көрсетіп отыр. Ғимараттың техникалық жағдайы, өрт қауіпсіздігі, санитариялық ахуал, асханадағы тағам сапасы, бейнебақылаудың тиімділігі, буллингтен қорғану, психолог көмегі, тіпті мектепке дейінгі және мектептен кейінгі балалардың қауіпсіздігі де бақылауды қажет етеді. Ақмола облысындағы 2026 жылғы мониторинг нәтижелері осы мәселенің бәрін бір арнаға тоғыстыру қажетін көрсетіп отыр.

Аймақтағы мектептердің 2026-2027 оқу жылына дайындығын зерделеген мониторинг бір ғана мәселені емес, тұтас жүйенің әлсіздігін айқындап берді. Өңірдің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің дерегінше, өңірде 523 күндізгі жалпы білім беретін мектеп жұмыс істейді. Оның 517-сі мемлекеттік, алтауы – жекеменшік. Мектептерде барлығы 139 478 оқушы білім алады. Яғни мәселе жүздеген ғимараттың техникалық дайындығы туралы ғана емес. Күн сайын осы нысандарға келетін шамамен 140 мың баланың іс жүзіндегі қауіпсіздігі болып отыр.

Қадағалауды қажет ететін аса өткір жайттың бірі – лицензияланған күзет мәселесі. Департаменттің жария еткен деректеріне көз жүгіртсек, 523 мектептің тек 194-і ғана, яғни 38 пайызы лицензияланған күзетпен қамтылған. 329 мектепте мұндай күзет атымен жоқ. Департамент мұның негізгі себебін ауылдағы шағын жинақты мектептердегі оқушылар санының аздығымен түсіндірген. Мұндай білім ошақтарында штаттық күзетшілер бар. Лицензияланған күзет негізінен тек қаладағы ірі мектептерге, лицейлерге, гимназияларға және оқушы саны көп білім ұйымдарына қойылыпты.

Бұл 329 мектеп мүлде күзетілмейді деген сөз емес. Өйткені лицензияланған күзеттің болмауы білім беру мекемелерінің қорғалмайтынын көрсетпейді. Бірақ екінші жағынан, штаттағы қарапайым күзетші мен лицензияланған күзет ұйымының арасы жер мен көктей екені айтпаса да түсінікті. Лицензияланған құрылымның кәсіби даярлығы, жедел әрекет ету тетігі және техникалық қауіпсіздік жүйелері сақадай сай. Сондықтан шалғайда жатқан ауыл мектебінің қауіпсіздігін «күзетші бар» деген бір ғана жауаппен құтылу жөн болмайтын сияқты.

Бұл мәселе биылғы жылы бүкіл елде қайтадан күн тәртібіне шықты. Мәселен, сәуірде мектептердегі күзетке қойылған жаңа талаптардан кейін кей өңірлерде мамандандырылған күзет ұйымдарының конкурсқа қатысудан бас тартқаны мәлім болған еді. Бұған себеп – қауіпсіздік қызметіне қойылатын жаңа талаптар мен оны қаржыландыру көлемінің сәйкес келмеуі. Демек, Ақмоладағы 329 мектептің мәселесін шешу үшін тек бәріне лицензияланған күзет қою жеткіліксіздігін аңғартады. Қаржыландыру, кадр тапшылығы, ауыл мектептерінің ерекшелігі де назардан тыс қалмауы керек.


Елдің басқа аймақтарына қарағанда өңір мектептеріндегі бейнебақылау көрсеткіші, керісінше, жоғары болып шықты.

– Облыстың барлық білім беру ұйымдарында бейнебақылау жүйесі бар. Барлығы 17 500 камера жұмыс істейді. Оның 5 111-і сыртқы, 12 393-і ішкі камера. Бір мектепке орта есеппен 32 камерадан келеді. Ірі қалалық мектептерде, лицейлер мен мамандандырылған білім ұйымдарында олардың саны 70-тен 150-ге дейін жетеді, – деді Білім саласын бақылау департаменті.

Дегенмен камералардың көп болуы қауіпсіздікті толық қамтамасыз ете алады дей алмаймыз. Камера оқиғаны тіркейді, бірақ оның алдын ала алмайды. Сол себепті қауіпсіздік жүйесінде бейнебақылау, күзет, өткізу режимі, дабыл түймесі, полицияның жедел басқару орталығымен жедел байланыс және қызметкерлердің төтенше жағдайда жылдам әрекет ету алгоритмі бір-бірімен қабыса жұмыс істегені абзал.

Ақмола мектептерінің барлығында дабыл түймесінің болуы – осы жүйенің маңызды бөлігі. Бірақ дәл осы жерде тағы бір мәселенің шеті қылтияды. Турникеттер барлық мектепте жоқ. 286 мектеп, яғни 55 пайызы турникетпен жабдықталған, ал 237 мектепте немесе 45 пайызында турникет жоқ. Олар негізінен шағын жинақты және бастауыш мектептерде орнатылмаған. Яғни өңірдегі қауіпсіздік инфрақұрылымы мектептің көлеміне қарай сараланыпты. Ірі мектепте бала көп болғандықтан, турникет пен лицензияланған күзет сақадай сай. Ал шалғайда жатқан шағын ауыл мектептерінде мұндай жүйенің бәрінің орнына тек жалғыз штаттық күзетші жұмыс істейді. Бұл экономикалық тұрғыдан түсінікті болғанымен, қауіпсіздік тұрғысынан ауыл баласының қала баласынан қауіпсіздігі қаладағы баладан төмен болмауға тиіс емес пе деген ой туады.

2026 жылғы 4 қыркүйекте Ақмола облысының Білім басқармасы мектептердегі бейнебақылауды Ұлттық бейнемониторинг жүйесімен интеграциялау және бейнеағынды облыстық Полиция департаментінің басқару пультіне шығару жұмыстары жүргізіліп жатқанын хабарлаған. Өйткені камераның өзі қылмысты тоқтатпайды. Оның тиімділігі оқиға болған сәтте ақпаратты кім көретініне, кім шешім қабылдайтынына және жедел топтың қанша уақытта жететініне байланысты.



Барлығы 17 500 камера жұмыс істейді. Оның 5 111-і сыртқы, 12 393-і ішкі камера. Бір мектепке орта есеппен 32 камерадан келеді. Ірі қалалық мектептерде, лицейлер мен мамандандырылған білім ұйымдарында олардың саны 70-тен 150-ге дейін жетеді.

Ақмола облысы Полиция департаментінің мәліметінше, облыстағы барлық білім беру ұйымына полиция қызметкерлері бекітілген. Мектептер мен колледждерде 396 полиция қызметкері профилактикалық жұмыс жүргізіп, жыл басынан бері оқушылар арасында құқықбұзушылықтың алдын алуға бағытталған 3 мыңнан астам іс-шара өткізіпті. Бұл туралы Ақмола облысы ПД Жергілікті полиция қызметі басқармасының ерекше тапсырмалар жөніндегі аға инспекторы, полиция майоры Айнагүл Қуандықова айтып берді.

– Біздің жұмыстың басты бағыты – құқықбұзушылықты жазалау емес, оның алдын алу. Полиция буллинг, бопсалау, лудомания және балалар арасындағы әлеуметтік желідегі жанжалдарға да мониторинг жүргізеді, – дейді Айнагүл Қуандықова.

Айта кетер бір жайт, құқық қорғау органдары да мәселені шешудің басқа жолдарын қарастыруға көше бастағаны байқалады. Мәселен, бұрын басты назар мектепке қарулы немесе қауіпті адамның кірмеуіне аударылса, қазір баланың әлеуметтік ортасындағы ахуалды да тәртіп сақшылары жіті бақылауға алыпты. Полицияның дерегінде тағы бір алаңдатарлық көрсеткіш ерекше назар аударды. Облыста 970 бала тәрбиелеп отырған 678 қолайсыз отбасы есепте тұр. Жыл басынан бері бала тәрбиесіне жауапсыз қарағаны үшін 425 ата-ана әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Бұл мектептегі қауіпсіздікті білім ұйымының өзімен ғана шектемеу керегін айғақтайды.

БУЛЛИНГТІ КАМЕРА ЕМЕС, АДАМ АНЫҚТАЙДЫ

Оқушыны сыныптастары қорлап, бірақ ол мұғалімге де ата-анасына да айтпай жүре беретін кездер жиі кездеседі. Әлеуметтік желідегі қаптаған кибербуллингтерді де ата-ана бірден байқамауы мүмкін. Сондықтан мұндай жағдайда техникалық құралдардан бұрын адамның кәсіби дайындығы болғаны жөн. Ақмола облысының әдістемелік орталығының психологиялық қызмет бөлімінің әдіскері Гүлім Шәріпова педагог-психологтер мен әлеуметтік педагогтерге зорлық-зомбылық, буллинг және кибербуллингке ұшыраған немесе оның куәсі болған балаларды ерте анықтау және оларға көмек көрсету әдістемесі ұсынылғанын жеткізді. Мамандарға мұндай жағдайларға жедел әрекет ету алгоритмдері де ұсынылыпты.

Бұл жерде мектеп қауіпсіздігінің ең әлсіз тұсы бірден көрінеді. Камера баланың дәліздегі жанжалын тіркей алғанымен, оның бірнеше апта бойы сыныпта өзін жалғыз сезініп жүргенін анықтай алмайды. Мұны сынып жетекшісі, психолог немесе ата-ана ғана байқауы мүмкін.

Баланың қауіпсіздігіне қатысты тағы бір үлкен дау туғызатын мәселе – тамақтану мен санитариялық жағдай. Ақмола облысының Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті 2026-2027 оқу жылына дайындық барысында мектептер мен асханаларға мониторинг жүргізіп, анықталған заңбұзушылықтар бойынша нұсқамалар берген. Департамент басшысының орынбасары Сәуле Сәдуақасованың айтуынша, мектептер мен асханалардың санитариялық жағдайына, тамақтандыру талаптарының сақталуына, жөндеу жұмыстары мен нысандардың оқу жылына дайындығына назар аударылған. Сонымен бірге мектептерде тамақтану стандартының жаңа талаптары іске асырылып жатқаны айтылды.

Департаменттің 2026 жылғы мониторингі бойынша, өңірдегі 19 мектепте орталықтандырылған кәріз жүйесі жоқ, тіпті септиктерді тазартуға келісімшарт та жасалмаған болып шықты. Яғни мектеп қауіпсіздігіне қатысты түйткіл есіктің алдында ғана емес, санитариялық тораптың ішінде де болуы әбден мүмкін.

КАДР ТАПШЫЛЫҒЫ ДА БАР

Мектепте қанша камера немесе турникет болғанымен, оларды басқаратын және балаға күнделікті назар аударатын адам болмаса, оның құны да көк тиын. Департаменттің 2026 жылғы мониторингінде мектептердегі педагог кадрлармен қамту да жеке бағыт ретінде зерделеп шыққан. Облыс мектептеріндегі педагогтердің жалпы саны 17 мыңнан асады. Бірақ кадр тапшылығы да баршылық. Облыс аумағында күні бүгінге дейін 646 педагогикалық бос орын бар. Бұл кадр мәселесінің өңірде әлі де өзекті екенін айғақтай түседі.

Мұғалім тапшылығы білім сапасына әсер ететіні сөзсіз. Бірақ оның қауіпсіздікке де жанама ықпалы бар десек, артық айтпаспыз. Өйткені мұғалім баланың мінез-құлқындағы өзгерісті бірінші болып байқап қалатын адамдардың бірі. Сыныптағы буллингті, баланың тұйықталуын, агрессиясын немесе көмекке мұқтаж екенін ерте анықтау үшін педагогтің балаға уақыты да көбірек болуы керек.

Бір жағынан, барлық білім беру ұйымында дабыл түймесі бар. Бейнебақылау жүйесі кеңейген. Полиция қызметкерлері білім беру ұйымдарына бекітілген. Буллинг пен зорлық-зомбылықтың алдын алуға арналған психологиялық алгоритмдер енгізіліп жатыр. Санитариялық бақылау күшейтілген. Бейнебақылауды полицияның басқару пультіне шығару және Ұлттық бейнемониторинг жүйесіне интеграциялау жұмыстары жүріп жатыр. Екінші жағынан, 329 мектепте лицензияланған күзет жоқ, 237 мектепте турникет жоқ, 19 мектепте кәріз мәселесі бар, педагог кадрлары бойынша 646 бос орын сақталған. Ал департаменттің өзі кейбір білім беру ұйымында балалардың қауіпсіздігіне, қолайлы білім алу жағдайына және психологиялық жайлылығына қатысты тәуекелдер анықталғанын мойындайды.

Өйткені қауіпсіз мектеп дегеніміз – есігіне күзетші қойылған, дәлізіне камера ілінген ғимарат қана емес. Қауіпсіз мектеп қауіптің алдын алатын, баланың психологиялық жай-күйін бақылайтын, санитариялық талапты сақтайтын, төтенше жағдайда жедел әрекет ететін және әр баланың құқығын қорғайтын тұтас жүйе болуға тиіс. Ақмола облысында мұндай жүйенің негізгі элементтері бар. Бірақ 2026 жылғы ресми мониторинг олардың барлығы бірдей деңгейде жұмыс істеп тұр деп айтуға келмейді. Сондықтан ендігі міндет қауіпсіздік құралдарымен қатар балалардың қауіпсіздігіне іс жүзінде қорған болу мәселесіне бағытталса дейміз...

БІЗДІҢ СҰХБАТ

Жақында Алматыдағы Нархоз университетінде өткен Mind for Peace халықаралық конференциясы аясында Оксфорд университетіндегі Oxford Martin AI Governance Initiative бастамасының аға кеңесшісі, халықаралық дипломатия және жасанды интеллектіні басқару саласының сарапшысы Сэм Доузпен (Sam Daws) осы тақырып төңірегінде сұхбат құруға мүмкіндік туды. Бүгінде оның халықаралық дипломатия саласында 35 жылдан астам тәжірибесі бар. Сэм Доуз бізге жасанды интеллектінің жаһандық қауіпсіздікке әсері мен Қазақстанның бұл саладағы болашағы туралы айтып берді.



Сэм ДОУЗ,
Оксфорд университетіндегі Oxford Martin AI Governance Initiative бастамасының аға кеңесшісі, халықаралық дипломатия сарапшысы:

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЦИФРЛЫҚ КЕҢІСТІКТЕГІ ОРНЫН НЫҒАЙТУҒА МҮМКІНДІГІ ЗОР

– Сэм мырза, қазіргі уақытта жасанды интеллектінің игілігімен қатар, көлеңкелі тұстары да байқала бастағандай. Сіздіңше, алдағы уақытта жасанды зерде әлемдік қауіпсіздік пен экономикаға қалай әсер етеді?

– Иә, жасанды интеллект адамзатқа көптеген мүмкіндік сыйлағанымен, белгілі бір қауіптерді де қатар алып келеді. Ең әуелі ол экономиканың дамуына айтарлықтай ықпал ете алады. Жасанды интеллект денсаулық сақтау, азық-түлік өндірісі, өнеркәсіп және мемлекеттік қызмет көрсету салаларын дамытуға көмектеседі. Әсіресе ғылым мен медицинадағы мүмкіндігі зор. Ақылды технологияның көмегімен бұрын қол жеткізу қиын болған ғылыми жаңалықтар ашылып, жаңа шешімдер пайда болуы мүмкін. Ал мемлекеттер мен компаниялар осы жетістіктерді көптің игілігіне жарата алады. Десек те, оның азаматтық және әскери салаларда туындауы мүмкін қауіпті тұстарын назарда ұстауға тиіс. Қазір жасанды интеллект технологиялары әлем елдерінде бірдей деңгейде дамып жатқан жоқ. Ең озық үлгілері АҚШ пен Қытайда жасалып, кейін өзге мемлекеттерге таралады. Сондықтан бүгінде әлем елдерінің көбі жасанды интеллектіге қатысты ережелерді өздері белгілемейді, керісінше, өзгелер белгілеген ережелерді қабылдайды. Біз бірлесе әрекет ете алатын маңызды алаңдардың бірі – Біріккен Ұлттар Ұйымы. Қазақстан бұған дейін де БҰҰ аясында су ресурстарын басқару, биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету секілді мәселелер бойынша халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға үлес қосты. Меніңше, Қазақстан жасанды интеллект саласында да осындай маңызды рөл атқара алады. Өйткені Қазақстан – АҚШ жетекшілік ететін Pax Silica бастамасына да, Қытай құрған WAICO ұйымына да қатысатын әлемдегі жалғыз мемлекет.

– Қауіпсіздік демекші, әскери салада бұл мәселенің салмағы зор. Технология адамзат игілігіне қызмет етуі үшін әлем елдері қандай ортақ қағидаларды ұстануы міндетті?

– БҰҰ жанындағы ғылыми сарапшылар тобы жасанды интеллектіге қатысты қауіптердің үш негізгі түрін анықтады. Соның бірі – бұл технологияның теріс пиғылды адамдардың қолына түсуі. Террористік немесе ұйымдасқан қылмыстық топтар жасанды интеллекті кибершабуылдар ұйымдастыруға, биологиялық қару жасауға немесе басқа да қауіпті әрекеттерге пайдалануы мүмкін. Мұндай жағдайда біз басқа салалардың тәжірибесінен сабақ алуымыз керек. Мәселен, өзара сенім деңгейі төмен салаларда да келісімдер жасалып, сенімді нығайту шаралары қабылданған. Бұл кәдімгі қаружарақка, киберқауіпсіздікке, биологиялық және ядролық қаруға қатысты салаларда да жүзеге асырылған. Қазіргі басты мәселе – білім мен ақпарат алмасу. Мысалы, биологиялық қауіпсіздік саласында елдер бір-бірінің зертханаларына барып, тәжірибе алмасуға болады. Ал ядролық қауіпсіздік бағытында арнайы халықаралық бақылау тетіктері бар. Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің ядролық нысандарды тексеруге арналған жүйесі жұмыс істейді. Осындай тәжірибені жасанды интеллект саласында да қолдануымыз керек. Алайда мұны жүзеге асыру әлдеқайда күрделі. Себебі жасанды интеллект – бейбіт мақсатта да, әскери бағытта да қолданылатын әмбебап технология. Оның соғыс жағдайында пайдаланылуы үлкен алаңдаушылық туғызады. Қазірдің өзінде әскери қақтығыстарда дрондардың кеңінен қолданылып жатқанын көріп отырмыз. Меніңше, бұл жерде бұлжымайтын бір қағида болуға тиіс: адам өмірін қиюға қатысты шешімді ешқашан жасанды интеллектінің өзіне қалдыруға болмайды. Мұндай шешімді қабылдау процесіне міндетті түрде адам қатысып, соңғы шешімді өзі қабылдауға тиіс. Қазір бұл мәселе халықаралық деңгейде де кеңінен талқыланып келеді. Соның бірі – Нидерланд пен Оңтүстік Корея бастамашы болған «Әскери саладағы жауапты жасанды интеллект» бастамасы. Соның аясындағы кездесулер Испанияда да өтті. Ал 2027 жылы кезекті кездесу алғаш рет Африка құрлығындағы Кенияда ұйымдастырылады. Осы орайда тағы бір маңызды мәселеге тоқталғым келеді. АҚШ пен Қытай арасында жасанды интеллекті ядролық қаруға қатысты шешімдер қабылдау процесінен шеттету жөнінде нәтижелі келіссөздер жүргізілді. Адамзат мұндай қаруды қайта қолданатын жағдайға ешқашан тап болмайды деп үміттенеміз. Бұл бағытта АҚШ пен Қытай арасында екіжақты диалог қалыптасқан. Алдағы уақытта осы талқылауға ядролық қаруы бар өзге мемлекеттер де қосылады деп сенеміз.

– Әлемде жасанды интеллект технологияларын дамытуда көптеген елдің мүмкіндігі әлі де шектеулі. Мұндай теңсіздік дамыған және дамушы мемлекеттер арасындағы алшақтықты одан әрі ұлғайтпай ма?

– Расында, жасанды интеллектінің дамуы әлемдегі цифрлық теңсіздікті одан әрі күшейтуі мүмкін деген болжам бар. Бұл мәселе әсіресе Африка елдері үшін өзекті. Өйткені құрлықтағы кейбір мемлекеттерде электр энергиясы тұрақты берілмейді, ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым жеткілікті дамымаған. Ал Қазақстан мұндай алшақтыққа тап болмау үшін ең алдымен қолда бар ресурстарын тиімді пайдалануы қажет. Мәселен, жасанды интеллектіге қажетті есептеу инфрақұрылымын дамытып, суперкомпьютерлерді пайдалануға кететін шығындарды Орталық Азия мемлекеттері арасында бөлісуге болады. Сондай-ақ аймақтағы елдердің тілдік деректерін біріктіріп, Түркі мемлекеттері ұйымымен бірлесіп жұмыс істеуге мүмкіндік бар. Мұны тиімді пайдалану керек. Тағы бір маңызды бағыт – отандық стартаптарды қолдау. Мемлекет стартаптарға салықтық жеңілдіктер беріп, жастардың жаңа жобалар жасауына қолдау көрсету қажет. Оларды шетелдік әріптестермен тәжірибе алмасуға, бірлесіп жұмыс істеуге ынталандырған жөн. Бұл тұрғыда Қазақстанның мүмкіндіктері аз емес. Мен қазіргі уақытта Қазақстанның Оңтүстік Кореямен тығыз ынтымақтастық орнатқанын көріп отырмын. Одан өзге, Жапониямен, Қытаймен, Еуропалық одақпен және АҚШ-пен де байланыс бар. Бұдан бөлек, Қазақстан үшін тағы бір маңызды қадам – БҰҰ аясындағы халықаралық бастамаларға белсенді қатысуы. Қазір БҰҰ деңгейінде жасанды интеллектіге қатысты ортақ саясатты қалыптастыру жөнінде талқылаулар жүріп жатыр. Қазақстан да бұл жұмысқа өз үлесін қосып келеді.

– Қазақстан келешекте АҚШ пен Қытай сияқты алпауыттармен иық тірестіре ала ма? Еліміз технологиялық көштен қалмау үшін қандай қадамдарға басымдық бергені дұрыс?

– Иә, әрине. Қазақстан OpenAI немесе DeepSeek сияқты ең озық жасанды интеллект модельдерін әзірлемеуі мүмкін. Бірақ жасанды интеллект қолданылатын көптеген салада айтарлықтай инновациялар жасай алады. Мен Қазақстанның физикалық әлемде әрекет ететін жасанды интеллекті, өндіріс пен робототехникадағы жасанды интеллект технологияларын кеңінен енгізуге әлеуеті жеткілікті деп ойлаймын. Екіншіден, мемлекеттік қызметтерге, медицина мен денсаулық сақтауға, ақылды қалаларға, автоматтандырылған көлік құралдарына, заң қызметтері мен білім беру саласына арналған мамандандырылған жасанды интеллект жүйелерін әзірлей алады. Оның үстіне, аталған бағыттың көбінде әлемдегі ең қуатты жасанды интеллект модельдерін жаңадан әзірлеудің қажеті жоқ. Оның орнына АҚШ пен Қытайда жасалған, параметрлері немесе бастапқы коды ашық модельдерді алып, оларды жергілікті қажеттілікке бейімдеуге болады. Осы орайда Қазақстанның ұстанымын ерекше атап өткім келеді. Бұл – жасанды интеллект саласында тек бір технологиялық алпауытқа тәуелді болмауға ұмтылуы. Қазақстан Батыс елдерінің де, Қытайдың да технологияларын қатар пайдалануды таңдады. Алайда технологиялық даму туралы сөз қозғағанда тағы бір маңызды мәселені естен шығармаған жөн. Ол – ұлттық тіл мен мәдениетті сақтау. Мен жасанды интеллект дәуірінде қазақ тілінің дамуына ерекше көңіл бөлу қажет деп есептеймін. Бұл Қазақстанға ғана емес, Орталық Азиядағы өзге мемлекеттерге де қатысты. Тәжік, түрікмен, қырғыз және аймақтағы басқа да тілдердің болашақта кеңінен қолданылуы маңызды. Ол үшін осы тілдердегі деректерді толық жинақтап, ауқымды тілдік корпус қалыптастыру қажет. Бұл деректер жаһандық жасанды интеллект модельдерін оқытуға көмектесуі тиіс. Сонымен қатар алгоритмдер Қазақстан мен Орталық Азияның өзіндік мәдени ерекшеліктерін түсінетіндей әзірленуі керек. Қазақстанның ана тілін жасанды интеллект жүйелеріне кеңінен енгізу арқылы цифрлық кеңістіктегі орнын нығайтуға мүмкіндігі бар деп есептеймін.

– Жасанды интеллектінің дамуы еңбек нарығына да үлкен өзгеріс әкелетіні айтылып жүр. Бұл өзгерістен кім ұтады, кім ұтылады? Еңбек жолын енді бастаған жастарға оның әсері қандай болмақ?

– Еңбек нарығында елеулі өзгеріс болары анық. Бірақ оның әсері әр салада әртүрлі көрініс табады. Бұл өзгеріс қазірдің өзінде байланыс орталықтарының жұмысынан байқалып отыр. Филиппин, Вьетнам және Оңтүстік-Шығыс Азияның басқа да елдерінде мұндай орталықтар кең таралған. Осы қызметтің барлығын оңай автоматтандыруға болады. Болашақта мұндай жұмысты адамның қатысуынсыз атқару мүмкіндігі артады. Тағы бір маңызды мәселе – кәсіби қызметтің бастапқы сатысындағы жұмыс орындарының қысқаруы. Мысалы, заң, бухгалтерлік есеп және бизнес салаларында жас мамандар атқаратын бірқатар міндетті жасанды интеллект орындайды. Сондықтан кейбір компаниялар бұрынғыдай көп қызметкер қабылдауға асықпайды. Сондай-ақ болашақта жүргізушілер мен кейбір басқа мамандық иелеріне сұраныс төмендеуі мүмкін. Бұл әсіресе еңбек жолын енді бастаған жастарға қиындық туғызады. Өзгерістің екінші қыры да бар. Жасанды интеллект кейбір жұмыс орындарын қысқартқанымен, жаңа мамандықтар мен қызмет түрлерінің пайда болуына ықпал етеді. Әсіресе робототехника, өндіріс және түрлі міндетті орындай алатын интеллектуалды жүйелер саласында жаңа мүмкіндіктер қалыптасады. Мысалы, үйлерде, кәсіпорындар мен қоғамдық орындарда роботтардың қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жаңа қызмет түрлері пайда болады. Келешекте адамдардың интеллектуалды жүйелермен жұмыс істей білу қабілеті өзекті болады.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Алтынай
БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

21 ҚАРАША 2026 | СЕНБІ

(Соңы. Басы №125 санда)

Мұхтар ҚҰЛ-МҰХАММЕД,
заң ғылымының докторы, профессор, академик

КЕМЕҢГЕР ШАПАҒАТЫ

Замандастарының айтуынша, Мұхаң Алматыға оралған соң достарын жинап, Америка сапары туралы әсерлі естеліктер айтқан.

Ел арасына жиі-жиі кездесулерге шығып, алыстағы жұрттан көргендері мен көкейге түйгендері жайлы пікірлерін ортаға салған. Жазушының осындай сөздерінің бірін филология ғылымының докторы, профессор Б.Майтанов М.Әуезов мұрағатынан тауып, оны кейінгі елутомдыққа қосты.



М.Әуезов Алматы облысы Жамбыл ауданында. 1960 жыл

Көлемі шағын орыс тіліндегі бұл жазба жазушының осындай кездесулерінің бірінде стенографиялық тәсілмен жазып алынғанға ұқсайды. Жазба Мұхаңның сөйлеу мәнеріне өте ұқсас. Мұхаң сөзін бір ай бойы АҚШ-та болғанда мұндай «ұлы, кең-байтақ, сан салалы және аса бай елді» тұтас қамтып шығу мүмкін еместігінен бастап, осы сапардан «үлкен, «жан-жақты» жазбалар әкелгендігінен хабар беріп өтеді. Өзінің алдағы уақытта облыстардың біріне баратын сапарында ел алдында көргенбілгендері жайлы кеңінен әңгімелеуді жоспарлап отырғанын жеткізеді. Сөзінің соңына қарай АҚШ-та көп ұлтты кеңес жазушылары шығармалары сирек басылатынын тілге тиек етіп, бұл туралы американдық оқырмандар алдында мәселе көтергенін атап өткен.

Мұхаң үнді, жапон, Америка сапарларынан соң әуелі көрген-білгендері жайлы түрлі аудиторияда көркем сөзбен кестелеген келісті әңгімелерін шебер лектор, білімдар профессор ретінде төгілте айтып, сол арқылы алдағы жазар дүниелерін жүйелеп отырған. Осындайда ойына күнделікте қамтылмаған кейбір әсерлі оқиғалар оралып, оны қайталап айту барысында үнемі жетілдіре берген. Осылайша санада жаттала басталған естелік диктовкаға түскенде одан әрі әрленіп, жұмырлана түскен.

Көп құғынға ұшырап, абақтыға дейін жабылған Әуезов «Америка әсерлері» мен күнделік жазбаларында алыс жағалауда басынан өткен жағдаяттардың бәрін бірдей хатқа түсіре бермеген.

Башқұрт халқының аса ірі мемлекеттік қайраткері, мәшһүр шығыстанушы ғалым Зәки Уәлиди Тоған Әуезов қайтыс болғаннан кейін, 1967 жылы жарияланған мемуарында Мұхаң Америкаға келген сапарында (естелікте оны 1959 жыл деп жаңсақ көрсеткен) жазушының қазақ эмигрантымен де кездескені жайлы мағлұмат келтірген (Тоган Заки Валиди. Воспоминания. Уфа, 1994, 345-бет).

Зәки Уәлиди естелігінде аталатын эмигрант қазақ кім болды екен деген сұрақ бізді көп мазалады. Мен оның жауабын Әуезов Мәскеуге соңғы сапарға аттанар алдында оны толық дәрігерлік тексеруден өткізіп, ағзасында ешқандай рак жоқ екендігін анықтап, асқазанында сылып тастаудан қалмайтын «полип» дейтін болымсыз өскін бар екендігін анықтаған академик-дәрігер Сайым аға Балмұхановтан естідім.

Атақты онколог-дәрігер Әуезовтің соңын ала 1963 жылы академик Қ.Сәтбаевтың қолдауымен АҚШ-та тағылымдамадан өтеді. Сапар барысында Нью-Йоркте тұратын екінші дүниежүзілік соғыста тұтқынға түсіп, концлагерьден босаған соң Мюнхендегі «Азаттық радиосының» қырғыз редакциясын басқарған Азамат Алтай есімді қырғыз азаматымен танысыпты. Ол АҚШ азаматтығын алып, 1956 жылдан бері Нью-Йорк қаласында тұрады екен. Сұраса келе Азаматтың бастапқы есім-сойы Құдайберген Қожамбердиев екендігі анықталып, ол 1960 жылы Әуезов Америкаға келгенде жазушыны Колумбия университетінде қарсы алушылар тобында болып, қаламгерді шығыстану бөліміндегі түркі халықтары әдебиетіне қатысты кітаптармен таныстырыпты.

Қайсар академик Сайым Балуанұлы ол заманда «Отанын сатқан опасыз» деген қамыт киген Азамат Алтаймен жолығып, оның Мұхтар Әуезовпен кездесуін кейін түрлі ақпарат құралдарында жарияланған сұхбаттарында ашық айтып, көп құпияның бетін ашты.

Азаматтың С.Балмұхановқа берген деректері бойынша Мұхаң Нью-Йоркте болған кезде ол жазушыға тілмаштық қызмет көрсетіпті. Әуезов те қазақ эмиграциясының жай-жапсарын жақсы білетін Азаматтан әшейінде айтыла бермейтін біраз мағлұмат алғанға ұқсайды.

Алтай Сайым ағаны да қонақжай шаңырағына шақырып, туған бауырындай күткен. Осы кездесуде қазақ тарихы үшін тағы бір елеулі оқиға болып, Алтай академикке «Азаттық» радиосында қызмет істеген қазақ азаматтарынан алған Абылай ханның қолдан салынған бейнесі, С.Сейфуллин мен А.Байтұрсыновтың бұрын еш жерде жарияланбаған фотоларын сыйлайды.

Сайым аға бұл жәдігерлерді шекарада аңдып тұрған КГБ қызметкерлерінің қолына түсірмеу үшін ұлтарағының астына жасырып аман-есен елге жеткізіпті.

Абылайдың портретін Қазақ педагогика институтында М.Ғабдуллинмен бірге оқып, соғысқа дейін-ақ ақын-жазушылығымен танылған, кейін тұтқынға түсіп, «Түркістан легионында» қызмет еткен Мәжит Айтбаев 1943 жылы салыпты. Сол жылы Берлинде Мәжиттің «Абылай хан» атты жыр жинағы жарық көріп, сурет алғаш рет осы жинақта жарияланыпты.

Мәжит Айтбаев салған «Абылайдың» суреті 1972 жылы шыққан Қазақ кеңес энциклопедиясының 1-томындағы Абылай ханға арналған мақаламен бірге жарық көріп, кейін ұлы ханның хрестоматиялық бейнесіне айналды.

Әуезов күнделігінің 25 ақпанындағы бетінде «Кітапхана» деген сөзден кейін ағылшын қарпымен: «Kodjomberdiew Koudaibergen. 189 South 9 th St. Brooklyn 11, New York. Tel. EV 4-0856» деп жазылып, әрі қарай кітапхана туралы әңгімені елеусіз ғана жалғастыра түсіп, «үш мың адам істейді» деп жазыпты.

«Азаттықтан» Кеңес Одағына қарсы үгітті қардай боратып жүрген қырғыз қаламгерінің ныспысын «Азамат Алтай» деген тыңдарманға белгілі атпен жаза қалған жағдайда «Отанын сатқан опасызбен ауыз жаласқан» деген пәлеге қалатындықтан оның есімін төлқұжаттағы нұсқамен жазған. Мұнысы дұрыс болып, күнделіктегі Kodjomberdiew Koudaibergen туралы дерек ұзақ жылдар бойы басқаны былай қойғанда жазушы шығармашылығымен арнайы айналысқан әуезовтанушылар назарынан да қағаберіс қалып келді.

Мұхаң Азамат Алтаймен кездесуін елге келген соң өзі сенген қырғыздың зиялы қауымына жеткізіп, оны «Колумбия университетінде біздегі институт директоры деңгейінде қызмет атқарады» деп көтермелей мақтапты.

Кейін ол Америкадағы «шоң қырғыз» туралы толық мағлұмат пен оның мекенжайы мен телефонын тілектес інісі Шыңғыс Айтматовқа құпиялап жеткізген екен.

Азамат Алтайға кеңестік Қырғызстанда «сатқын» деген ауыр айып тағылып келді. Оның есімі ақтаңдақтар ақиқаты ашыла бастаған 1987 жылдың өзінде Қырғызстанның сол кездегі басшысы А.Масалиевтің баяндамасында аталып: «Наибольшую активность в пропаганде националистических идей на нашу республику проявляет редакция радиостанции «Свобода». Там работает изменник Родины Азамат Алтай (он же Кожомбердиев Кудайберген)», – деп қарғыс таңбасы басылыпты («Советская Киргизия», 1987 жыл, 21 ақпан).

Қырғызстан тәуелсіздік алғаннан кейін 1994 жылы отандастары Азамат Алтайды пәле-жаладан арашалап, түгелдей ақтады. Ол талай жыл бір көруді армандаған Алатаудың бауырына, Ыстықкөлдің ыстық құшағына оралып, ағайын-туыс, сағынысқан зиялы қауымымен қауышып, бертінде 2006 жылы дүние салады. Бүгінде «қырғыз халқының азаттығы жолындағы күрескер» деп танылған А.Алтай елге келгендегі сұхбаттарында қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезовпен кездесуі мен оның өзіне тигізген шапағаты жайлы әр сұхбатында дерлік ілтипатпен еске алумен болды.

Шыңғыс Айтматовтың Қалтай Мұхамеджановпен бірге жазған «Көктөбедегі кездесу» спектаклі 1975 жылдың жазында Нью-Йорктің Arena Stage театры сахнасында қойылады. Премьераға қатысу үшін АҚШ-қа келген Айтматов осы сапарында Мұхаң берген мағлұматтар арқасында 17 шілде күні Азамат ағасымен кездесіп, оның шаңырағында қонақта болады. Қырғыз халқының қос ардағының бұл кездесуі жайлы американдық зерттеуші Джеффри Лиллидің Индиана университеті баспасынан 2018 жылы жарық көрген «Таулар құлады ма?» (Have the Mountains Fallen?) еңбегінде толық мағлұмат бар. Бұл өзгеше бір әңгіменің тақырыбы...

Кеңес өкіметі тарапынан Алаш қайраткерлерін қуғындау басталғанда Императорлық Санкт-Петербург университетін тәмамдаған соң саясатқа ерте араласып, Алашорда үкіметінің мүшесі, Түркістан республикасының премьер-министрі дәрежесіне дейін көтерілген, орыс ақсүйек қауымымен байланысы зор Мұстафа Шоқай ғана Түркия арқылы Францияға жетіп, Еуропадағы қазақ диаспорасының негізін қалады.

АҚШ-тағы қазақ қауымдастығының алғашқы тобын концлагерьге түсіп, өздерін елде тек сталиндік азап лагерьлері ғана күтіп тұрғандығын жақсы білген екінші дүниежүзілік соғыс тұтқындары қалады. Қазақ эмигранттарының алғашқы тобы АҚШ-қа осылай жеткен.

Кейін оларға әуелі Түркияны таңдап, сол жақта отбасын құрып, соңынан жұмыс іздеп Америкаға келген эмигранттардың екінші буыны қосылады. Белгілі диаспоролог, профессор Г.Меңдіқұлованың деректері бойынша алпысыншы жылдары АҚШ-тағы қазақ отбасыларының саны жиырмадан асқан.

Қазақстандағы әр жаңалыққа құлақ түріп отырған диаспора өкілдері АҚШ-қа әуелі Д.Қонаев сияқты мемлекет басшысы, кейін М.Әуезовтей мәшһүр жазушы келгенін баспасөзден, радио мен теледидардағы хабарлардан көріп, білген. Дінмұхамед Ахметұлымен кездесу жағы қиындау болғанымен, өздерін мейлінше ашық ұстап,



Шыңғыс Айтматов Нью-Йорктегі Азамат Алтай шаңырағында. Ортада Азаматтың зайыбы – Сания ханым (Сурет Джеффри Лиллидің кітабынан алынды)

көптеген кездесу өткізген жазушылар делегациясы құрамындағы Әуезовпен эмигрант қазақтардың бірі есебін тауып кездесуі де бек мүмкін. Бірақ соңында басқан ізін ғана емес, өзі жоқта жазбаларына дейін тіміскілеп оқып жүретін аңдушылар барын жақсы білетін Мұхаң бұл туралы күнделігінде ешқандай дерек қалдырмаған.

«Дүние – үлкен көл, Замана – соққан жел, Алдыңғы толқын – ағалар, кейінгі толқын – інілер» деп ұлт ұстазы айтқандай, замана желі тудырған «арыстанның жалындай бұйра толқындарымен» жарыса Америкаға алдымен данышпан Абай есімі жетіпті. Арада ғасырға жуық уақыт өткенде ұлы ақын үміт еткен «кейінгі толқын – інілерден» суырыла алға шыққан қайраткер Д.Қонаев пен «Абай жолы» арқылы қазақты жер-жаһанға танытқан кемеңгер Әуезов келіпті алпауыт елге. Бір қарағанда, кездейсоқтау көрінетін осы екі оқиғаның негізінде жаратушының ғана қолынан келетін үлкен заңдылық бар сияқты көрінеді маған.

Жазушы Америкада көрген-білгендерінің бір бөлігін ғана сана сарабынан, саясат сүзгісінен өткізіп, «Америка әсерлеріндей» әдемі жолбаян жазған. Сезімтал суреткердің ой-толғамдарының басым бөлігі күнделік дәптердің беттерінде қалып қойды. Егер соның бәрі уақытында өңделіп, сұлу сөз, келісті пікір, әсерлі тенеу, терең таным, байсалды білімдарлықпен хатқа түсіп, толымды күйінде жарыққа шыққанда, Америка қазақ оқырмандарына өзге қырларынан жарқырап, ашылған үстіне ашыла түсер еді...

ЖАНСАРАЙ

21 ҚАРАША 2026 | СЕНБІ

Жазушыны ерекше құрмет тұтып, шығармашылығын дәріптеп жүрген кейіпкерлерімізді Атырауда өткен Рақымжан Отарбаевтың халықаралық 3-фестивалінде жолықтырдық. Бірі – Сүлеймен Шадкам. Иранда туып, Германияның Мюнхен қаласында тұратын этникалық қазақ. Рақымжан Отарбаевпен аға-дос болып, бір-бірімен тонның ішкі бауындай жақсы араласқан. Екіншісі – қаламгердің шығармаларын зерттеп жүрген әдебиеттанушы Ардақ Үсейінова.

Жүректің ІШІНЕН, қаламның ҰШЫНАН



Гүлзина БЕКТАС

«Рақымжан Отарбаевты бұрыннан білетінмін. Ара-тұра жолымыз түйісіп, кездесіп, әңгімелесіп жүретінбіз. Алайда жақын араласып, бір-бірімізді тереңірек танығаң кезіміз кейінірек басталды. Алғаш Астанада жүздестік. Кейін Атырауға барған сапарларымда жиі кездесіп, етене араласып кеттік. Сөйтіп, сыйластығымыз шынайы достыққа ұласты, – деп бастады әңгімесін Сүлеймен аға. – Менің Рақымжанға деген ықыласымды оятқан оның жазушылығы емес, адамдық болмысы еді. Сөзі де, ісі де, тіпті кейде баладай тентектігі де өзіне жарасып тұратын. Әсіресе ұлтқа деген сүйіспеншілігі, қазақтың намысы мен мүддесіне келгенде ештеңеден тайсалмайтын қайсар мінезі ерекше тәнті етті. Кімнің алдында отырса да, ойын бүкпесіз айтып, шындықты бетке тура жеткізетін. Жалған сөйлеуді, біреуге жағынуды білмейтін. Бір қызығы, екеуміздің жас айырмашылығымыз небәрі төрт ай ғана. Соған қарамастан, мен оны әуелден «аға» деп атап кеттім. Бұл жасына қарап көрсеткен құрметім емес, азаматтық тұлғасына, кісілік келбетіне деген шынайы ілтипатым еді. Кейін сол «аға» деген сөз арамыздағы сыйластықтың ажырамас бір бөлшегіне айналды».

ЖАРАСЫМДЫ ДОСТЫҚ

Сүлеймен Шадкам жазушының шығармаларын шетел оқырмандарына ауадуруға себепші болды. «Бірде оған туындыларын неміс тіліне аудартып, Германияда жарыққа шығаруға атсалысқым келетінін айттым. Ұсынысымды естігенде ерекше қуанды. Өйткені қаламгер үшін шығармасының өзге тілде сөйлеп, басқа халықтың рухани қазынасына айналуы үлкен мәртебе ғой. Осы бастама екеуміздің достығымызды бұрынғыдан да бекемдей түсті. Әрине, көркем шығарманы бір тілден екінші тілге аудару оңай шаруа емес. Ол үшін екі тілді білумен қатар әдебиеттің табиғатын, жазушының ойлау жүйесін, сөз саптау ерекшелігін терең түсінетін маман қажет. Сондықтан бұл іске кәсіби аудармашыларды тарттық. Неміс тіліне тәржімаланған мәтінді осы тілді жетік меңгерген, кезінде дәріс берген білікті маманға қайта тексерттік. Басты мақсатымыз шығарманың көркемдік қуатын, автордың айтар ойын жоғалтпай, неміс оқырманына барынша шынайы жеткізу болатын. Сол кезеңде Рақымжанның шығармаларын жарыққа шығару ісінің өзіндік қиындықтары да аз болған жоқ. Соған қарамастан бастаған ісімізді аяқсыз қалдырмауға тырыстық. Кейін Рақымжанды Германияға да алып бардым. Ондағы жазушылармен, аудармашылармен таныстырып, шығармашылық байланыс орнатуына мүмкіндік жасадық. Бұл сапардың біз үшін маңызы зор болды. Өйткені Рақымжанның шығармашылығын қазақ әдебиетінің шеңберінде ғана қалдырмай, әлемдік оқырманға танытуды мақсат еттік», – дейді кейіпкеріміз.

Қаламгер Германияға барса, Сүлеймен Шадкам Атырауға жиі келіп тұрды. Екі достың аралас-құраластығы осылай жарасымды күйде жалғасып жатты.

«Рақымжанның мен ерекше қадірлеген қасиеті – оның қазаққа деген жанашырлығы. Ол ұлттық салт-дәстүрге, қазақы тәрбие мен рухани құндылықтарға айрықша мән беретін. Халқының бүгіні мен ертеңіне бейжай қарай алмайтын. Қазақтың мүддесіне нұқсан келетін қандай да бір жағдайды көрсе, іштей күйініп, ашық пікірін білдіретін. Ұрпақтың келешегіне алаңдап, елдің еңсесін көтеретін мәселелерді үнемі ой елегінен өткізіп жүретін. Біз бір-бірімізге жиі хабарласып тұрдық. Бірақ Рақымжанға телефон шалсаң, бірден ала бермейді. Ол жазу үстеліне отырғанда сырт дүниеден оңашаланып, шығармасына түгелдей беріліп кететін. Ондай кезде мазалаудың өзі артық. Қолы босағанда өзі қайта қоңырау шалады. Сөйтіп, үзілген әңгімеміз қайта жалғанатын. Рақымжанның бойында менмендік те, жасандылық та болған жоқ. Бірақ шындыққа келгенде ешкімнің ығына жығылмайтын. Өзінің басынан өткен әділетсіздіктерді де жасырмай айтатын. Бірде Америкаға барған сапарынан кейін жұмыстан босатылғанын әңгімелегені есімде. Шындықты айтқаны үшін түрлі кедергіге тап болғанын да білетінбіз. Алайда қандай қиындық көрсе де, оның сағын сындырып, алған бетінен қайтара алған ешкім болған жоқ. Ол өз ұстанымына адал қалды. Айтатын сөзін айтты, қорғайтын шындығын қорғады», – дейді кейіпкеріміз.

Рақымжан Отарбаевтың көзі тірісінде Шымкентте, Бішкекте театр фестивальдары өтті. Оған Сүлеймен Шадкам да қонақ болып барды. Кейіпкеріміз сол күндердің әсері әлі ұмытылмағанын айтады.

«Бішкектегі фестивальдың жөні тіпті бөлек болды. Қырғыз ағайындар Рақымжанды ерекше ықыласпен қарсы алып, шығармашылығына зор құрмет көрсетті. Фестиваль жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Мұндай құрметке кез келген қаламгер ие бола бермейді. Бұл оның ұзақ жылғы еңбегінің, табандылығы мен талантының жемісі еді. Қаншама кедергіні еңсеріп, өз жолынан жаңылмаған азаматтың шығармашылық жеңісін көріп, шын жүректен қуандық. Оның арманы мұнымен шектелмейтін. Рақымжан өз пьесаларының Еуропа сахналарында қойылғанын қалады. Біз де осы бағытта неміс мамандарымен байланыс орнатып, біраз жұмысты қолға ала бастаған едік. Өкінішке қарай, бұл жоспарларымызды толық жүзеге асыруға уақыт жетпеді. Оның қазасы мен үшін өте ауыр тиді. Ақпанның 20-сында жер қойнына тапсырдық. Сол күннің менің өмірімде ерекше орны бар. Өйткені дәл сол күн – менің туған күнім. Бұрын бұл күнді өмірге келген күнім ретінде қарсы алсам, енді Рақымжандай аяулы азаматты ақтық сапарға шығарып салған күн ретінде де еске аламын. Сондықтан ақпанның 20-сы келген сайын көңілімде бір мұң оянады. Қуаныш пен қайғы қатар өрілген бұл күн жадымнан ешқашан өшпейді.

Рақымжанның өзіне ғана тән қызық қылығы да аз емес еді. Әсіресе шаш үлгісі ерекше болатын. Кейде оның шашына қарап әзілдейтінбіз. Біздің балалар да таңғалып, оның өзгеше жүріс-тұрысына қызыға қарайтын. Бірақ Рақымжан ондайға еш қысылмайтын. Өзінің қалыптасқан әдеті, ешкімге ұқсамайтын болмысы бар еді. Сырт көзге тосындау көрінетін сол мінезінің өзі оған жарасып тұратын. Оның тентектігі де, ашуы да, аққөңілдігі де табиғи болатын. Бүгінде өткен күндерді ой елегінен өткізсем, Рақымжандай азаматпен жолым түйісіп, сыйлас дос болғанымды тағдырдың үлкен сыйы деп білемін».

ӘЛІ ХАТ КҮТІП ЖҮРМІН...

«Алғаш Рақымжан Отарбаевты біздің өңірден шығып, республикаға таралатын «Жамбыл» әдеби-танымдық журналына жарияланған «Дүние ғайып» повесі арқылы танидым, – дейді Ардақ Үсейінова. – Жазушы Сібірдің ақ түтек бораны мен сықырлаған сары аязында Янкрынатқа жол тартқан Айнан мен Емронның арасындағы диалог, екі түрлі болмыстың ішкі қайшылығы арқылы өреді ғой оқиғаны. Бірден назар аудартқаны – ақ ит пен қызыл иттің жетек ауыстыруы. Автор ақ пен қызыл итті символға айналдырып, астарлап бір ой түйгенін ә дегеннен түсінгеніммен, шешімін таппай ұзақ ойландым.

Сөйтіп жүргенде Таразда Несіпбек Дәутайұлының 70 жас мерейтойына арналған конференция өтетін болып, оны басқарып-жүргізуге Рақымжан аға Отарбаевтың келетінін естідім. Облыстық баспасөз үйіндегі жұмыс кабинетім Несағаның кабинетіне қарама-қарсы. Аға үш күн бұрын келді. Есіктен кірген-шыққанын, жүрген-тұрғанын бағып отырамын. Қасына барып, кітабына қолтаңбасын қойдырып алуға тәуекелім жетпейді. «Аға» деп жетіп баруға іштей әлдене жібермей тұрады. Жібермей тұрғанға салып, сол күйі амандасуға тәуекел етпесем, мұндай сәт енді қайтып тумастай, алаңдай беремін. Ақыры Несағаға «Рақымжан ағаның кітабын алып едім, қолтаңбасын алуға болар ма екен» дедім бойымдағы бар батылдықты жиып. Аға кабинетіне ертіп кірді. Таныстырды. Қолтаңбасын алдым. Сонда таңғалғаным – Рақымжан ағаның жадының мықтылығы. Қолымдағы «Шыңғыс ханның көз жасы» кітабына енген бір әңгіменің соңы баспада қағазға түспей қалыпты. Бір абзац. «Баспада техникалық қателік кетіпті» деп сол абзацтағы сөйлемді сөзбе-сөз қолмен жазып берді. Түпнұсқасына қарағаң жоқ, ұзақ ойланып, еске түсіріп те әуре болмады.

Бір жылдан кейін прозадан «Рух» халықаралық байқауы жарияланды. Несаға – әңгіме, Рақымжан аға роман жанры бойынша бәйгеге түсті. Іштей екі жүлденің иегері кім боларын топшылап қойғанмын. Бәрінен бұрын 2-3 жыл бойы қашан жарық көрер екен деп күткен «Бас» романын оқуға мүмкіндік туғанына қатты қуандым. Оқып шықтым. Әсерін сөзбен жеткізе алмаймын. Нәтижесін күтіп жүргенде «Бас» басқа елде жарық көріп қойған шығарма» деген желеумен романды байқаудан алып тастапты. Бұлай көңілім құлазымаған шығар. Мен осындай күйде отырғанда, жазушының халі нешік деп іштей уайым кештім. Жыл соңы жақындап қалған, Рақымжан ағаға хат жазайын деп шештім. Романның ұнағанын, керемет әсер қалдырғанын, ой салған тұстарын, сөзсіз бәйге алатын шығарма екенін жазып, ағаның электронды поштасына жолдап жібердім.

Жіберерімді жіберіп алған соң қарадай қысылып жүрдім. Айдаладағы Тараздан бір қыз баланың хат жазғанын қалай қабылдар екен, мұнымды Несаға естіce не дейді? Ал ол кісінің естімеуі мүмкін емес. Рақымжан аға хатты алса, оқыса, Тараздан деп тұрған соң бірден Несағаға хабарласады. «Осылай да, осылай Рақымжанға хат жазыпсың», – десе, «не деймін?» деген ойдың өзінен ұялып, күнде жұмысқа келе салып кабинетіме зып беріп кіріп кетем де, есікті тарс жауып отырып аламын.

Солай бір апта өтті. Тыныш. Несаға үндемейді. «Е, оқымаған екен ғой, мейлі енді оқымайақ қойса» деп жүргенде, бір күні есікті ашып, Несаға кіріп келді. «Өй, Ардақ, сен Рақымжан ағаңа хат жазыпсың ғой. Ағаң телефон соқты. Жүрші кабинетке, жақсылап айтып берейін» деп кері бұрылды. Соңынан ілестім. «Ағаң риза болып жатыр. Жазуы жақсы екен. Ойы бар, айтары бар. Қытайға жол жүріп кетіпті, келген соң «жауап хат жазып жіберемін» дейді. Мұның дұрыс, жақсы шығармаға берген бағаң жазушыға күш береді», – деп тоқтады.

Ал содан кейін күн сайын электронды поштамды сан ақтарып, хат күтейін. Рақымжан аға не айтар екен? Не жазар екен? Өзім биік тұтқан жазушыдан бірауыз пікір есту – ол бір үлкен нығмет қой. Сөйтіп жүргенде жазушы Рақымжан Отарбаев дүниеден өтті деген хабар келді...

Бір жылдан соң ағамның үйіндегі Сәуле жеңешем хабарласып, сол хатты ары қарай кеңейтіп жазып, Рақымжан Отарбаевтың шығармашылығына арналған әдеби-сын байқауына қатыс деген ой айтты. «Жаза алар ма екенмін» деп көңілде дүдәмал күмән тұрса да, жазып шықтым. Қатыстым. Жүлде алдым. Енді Рақымжан ағадан хат келмейтініне көзім жетсе де, көңілім алаңдап, әлі күнге хат күтіп жүрмін»...

СЕРПІН

21 ҚАРАША 2026 | СЕНБІ



ШЫМКЕНТТЕГІ КӨШІ-ҚОН ТҮЙТКІЛДЕРІ

Тарихи Отанына оралған қазақтарды қолдау, олардың қоғамға кірігуіне жағдай жасау және шетелдегі отандастармен байланысты нығайту – Қазақстанның көші-қон саясатының маңызды бағыттарының бірі. Бұл ретте Шымкент қаласының географиялық орналасуы, тарихи-мәдени ортасы мен демографиялық әлеуеті өңірдегі көші-қон үдерістеріне айрықша сипат береді.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

Көші-қон – тек халықтың бір аумақтан екінші аумаққа қоныс аударуы емес. Оның астарында адам тағдыры, тарихи жады, ұлттық болмыс, әлеуметтік бейімделу және экономикалық даму секілді өзара сабақтас мәселелер жатыр. Әсіресе шетелде өмір сүріп жатқан этникалық қазақтардың тарихи Отанына оралуы мемлекеттің демографиялық саясатымен қатар ұлттық тұтастықты сақтау міндетімен де тығыз байланысты. Осы тұрғыдан алғанда, Шымкент қаласындағы көші-қон саясатын тек әкімшілік рәсімдер мен қоныстандыру шараларының жиынтығы ретінде қарастыру жеткіліксіз. Бұл – елге оралған азаматтардың жаңа ортаға бейімделуіне, әлеуетін іске асыруына, қоғам өміріне белсенді араласуына мүмкіндік беретін кешенді бағыт.

Шымкентте шетелдегі қазақ диаспорасы өкілдерінің қатысуымен ұйымдастырылған «Киелі Қазақстан» танымдық экскурсиясы аясындағы дөңгелек үстел осы мәселенің рухани және гуманитарлық қырын айқындай түсті. Басқосуда тарихи Отанмен байланысты нығайту, ұлттық тарих пен мәдени мұраны насихаттау, шетелдегі қандастармен мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты дамыту мәселелері талқыланды. Жиынға Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Сәрсен Құранбек, «Отандастар қоры» КЕАҚ президенті Ырысқали Дәуренбек, қор қызметкерлері және шетелден келген қазақ диаспорасының өкілдері қатысты.

Кездесуді ашқан Сәрсен Абайұлы тарихи Отан мен шетелдегі қандастар арасындағы байланысты сақтаудың маңызын атап өтіп, мұндай басқосулардың тек ресми сипаттағы шара емес, рухани жақындастықты нығайтатын маңызды алаң екенін жеткізді.

– Бүгінгі басқосу – алыста жүрсе де жүрегі Атажұрт деп соғатын бауырларымызбен қауышудың, ой бөлісудің, бір-бірімізді жақынырақ танудың алтын көпірі. Қазақ халқы қашанда алыста жүрсең де, атажұртыңды ұмытпауды өсиет еткен. Сіздердің бүгін Шымкентке келіп, «Киелі Қазақстан» бағдарламасына қатысып отырғандарыңыз сол өсиеттің жалғасы, туған елге деген сағыныштың, перзенттік махаббаттың дәлелі, – деді Сәрсен Құранбек.

Бұл сөздің астарында көші-қон саясатының тек демографиялық көрсеткіштермен өлшенбейтін терең мазмұны жатыр. Өйткені тарихи Отанмен байланысты сақтау ең алдымен ұлттық сана мен рухани сабақтастықты үзбеу. Ал елге оралған немесе шетелде өмір сүріп жатқан қазақтардың өз тамырынан ажырамауы үшін мәдени, тілдік және қоғамдық байланыстарды жүйелі түрде дамыту қажет. Сондай-ақ қала әкімінің орынбасары «Отандастар қоры» жүзеге асырып отырған «Киелі Қазақстан» жобасының рухани маңызына тоқталды. Экскурсияның мақсаты тек тарихи орындарды аралаумен шектелмейді. Бұл – ата-баба мұрасын танып, ұлттық тарих пен мәдениетті тереңірек сезінуге мүмкіндік беретін тағылымды бастама.

Қазақстан үшін этникалық қазақтардың тарихи Отанына оралуы ұзақмерзімді мемлекеттік саясаттың құрамдас бөлігі болып саналады. Алайда елге оралған азаматтарды қабылдау көші-қон саясатының алғашқы кезеңі ғана. Одан кейінгі маңызды міндет – олардың тұрақты қоныстануына, жұмыспен қамтылуына, білім алуына, кәсіпкерлікпен айналысуына және қоғамдық ортаға толыққанды араласуына жағдай жасау. Бұл жерде әлеуметтік бейімделу мәселесі алдыңғы қатарға шығады. Қоныс аударған азамат үшін жаңа ортаға үйрену, құжат рәсімдеу, тұрғын үй мәселесін шешу, балаларын білім беру ұйымдарына орналастыру, еңбек нарығына бейімделу бір-бірімен тығыз байланысты міндеттер. Осы мәселелердің әрқайсысы жүйелі сүйемелдеуді қажет етеді.

Сондықтан көші-қон саясатының тиімділігі қоныс аударған азаматтардың санымен ғана өлшенбеуі тиіс. Оның нәтижесі адамдардың жаңа қоғамда қаншалықты орныққаны, тұрақты табысқа қол жеткізгені, кәсіби әлеуетін жүзеге асырғаны және қоғамдық өмірге араласу деңгейі арқылы бағаланғаны жөн.

Шымкент секілді халқы тығыз, экономикалық және әлеуметтік байланыстары қарқынды қалада бұл бағыттың өзіндік маңызы бар. Қаладағы білім беру, денсаулық сақтау, кәсіпкерлік, сауда және қызмет көрсету салалары жаңа қоныстанушылардың әлеуетін іске асыруға мүмкіндік беретін бағыттар ретінде қарастырылуы мүмкін. Дегенмен мұндай мүмкіндіктерді нақты нәтижеге айналдыру үшін тұрғын үй, жұмыспен қамту, кәсіби даярлау және әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігі өзара үйлесімді болуы қажет.

Шымкенттің тарихи және географиялық ерекшелігі көші-қон мәселесіне кеңірек қарауды талап етеді. Қала – оңтүстік өңірдің ірі экономикалық, мәдени және білім беру орталықтарының бірі. Оның әлеуметтік-экономикалық құрылымы, кәсіпкерлік ортасы және өңірлік байланыстары ішкі және сыртқы көші-қон үдерістерінің өзара ықпалдасуына негіз қалыптастырады. Мұндай жағдайда көші-қон саясаты демографиялық өсімді басқарумен ғана шектелмеуі керек. Қалаға келген азаматтардың адами капиталын дамыту, еңбек нарығына бейімдеу, кәсіби біліктілігін пайдалану және әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз ету де маңызды.

Әсіресе тарихи Отанына оралған қандастардың арасында түрлі кәсіп иелері, білімді мамандар, кәсіпкерлер мен жастар бар. Олардың жинақтаған тәжірибесі мен кәсіби дағдылары жергілікті экономиканың дамуына үлес қоса алады. Бұл үшін азаматтардың қабілеті мен сұранысын ескеретін жұмыспен қамту тетіктерін жетілдіру, кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсету және біліктілікті тану рәсімдерін жеңілдету мәселелері назарда болуы қажет.

Көші-қон саясаты тек елге оралған қандастармен жұмыс істеумен шектелмейді. Шетелде тұратын қазақ диаспорасымен тұрақты байланыс орнату да стратегиялық мәнге ие. Өйткені шетелдегі отандастар Қазақстанның мәдени және рухани кеңістігінің ажырамас бөлігі. Бұл бағытта ана тілін үйрету, ұлттық тарихты насихаттау, мәдени іс-шаралар ұйымдастыру, жастар алмасуын дамыту және білім беру саласындағы ынтымақтастықты кеңейту маңызды. Әсіресе шетелде дүниеге келген жас буынның Қазақстан туралы танымын қалыптастыру, олардың қазақ тілін меңгеруіне және ұлттық мәдениетпен байланысын сақтауына мүмкіндік жасау қажет.

Осы тұрғыдан алғанда, «Отандастар қоры» жүзеге асырып отырған жобалардың маңызы зор. Шымкенттегі дөңгелек үстелде қордың қызмет бағыттары, жүзеге асырылып жатқан жобалары мен алдағы жоспарларының таныстырылуы да осы байланыстың институционалдық негізін кеңейтуге бағытталған.

Қатысушылардың шетелдегі қазақ жастарының ана тіліне, ұлттық салт-дәстүрге қызығушылығын арттыру, тарихи-мәдени мұраны кейінгі ұрпаққа жеткізу және гуманитарлық байланыстарды кеңейту жөніндегі пікір алмасуы мәселенің өзектілігін көрсетті.

Шымкентте өткен дөңгелек үстел осы міндеттердің өзара байланысын тағы бір мәрте аңғартты. Бір жағынан, тарихи Отанына оралған азаматтардың қоғамға бейімделуіне жағдай жасау қажет болса, екінші жағынан, шетелде тұратын қазақтардың ұлттық құндылықтармен байланысын үзбеу маңызды. Бұл екі бағыттың түпкі мақсаты ортақ – қазақтың рухани тұтастығын сақтау және ұрпақтар сабақтастығын жалғастыру.

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» республикалық мемлекеттік мекемесі, туристік және рекреациялық қызметті дамыту мақсатында № 10, 11, 13 лоттар бойынша жер учаскелерін 49 жылға дейінгі мерзімге ұзақмерзімді пайдалануға ұсынады.

Тендерлік өтінімдер тендерді ұйымдастырушыға қолма-қол немесе пошта арқылы келесі мекенжай бойынша ұсынылады: 070908, Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Катонқарағай ауылы Жәмпейісов көшесі, 16А, «Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ ғимараты, қабылдау бөлімі.

Тендерлік өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі: 2026 жылы 30 қараша сағат 17:30-ға дейін. Тендерлік өтінімдері бар конверттерді ашу 2026 жылы 01 желтоқсан сағат 10:00-де ұсынымдарды қабылдау мекенжайында өткізіледі.

Бекітілген тендерлік құжаттама Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің www.br.katonkaragai.kz ресми сайтында орналастырылған.

Толық ақпарат: Экологиялық ағарту және туризм бөлімі, тел.: 8(72342) 2-97-96; 8-707-966-81-31.

Эл.пошта: katontourism@mail.ru.

№ 10 лот. Учаскенің орналасқан жері: Берел филиалы, Рахман орманшылығы, 85 орам 19 телім. Объектінің атауы: туристерге қызмет көрсету объектісі. Жер учаскесінің ауданы – 0,9 га.

№ 11 лот. Учаскенің орналасқан жері: Берел филиалы, Рахман орманшылығы, 67 орам 24, 35 телімдер. Объектінің атауы: туристерге қызмет көрсету объектісі. Жер учаскесінің ауданы – 7,9 га.

№ 13 лот. Учаскенің орналасқан жері: Берел филиалы, Рахман орманшылығы, 85 орам 20, 21 телімдер. Объектінің атауы: туристерге қызмет көрсету объектісі. Жер учаскесінің ауданы – 5,2 га.

Республиканское государственное учреждение «Катон-Карагайский государственный национальный природный парк» Комитета лесного хозяйства и животного мира Министерства экологии и природных ресурсов Республики Казахстан, в целях развития туристской и рекреационной деятельности предоставляет земельные участки сроком до 49 лет в долгосрочное пользование по лотам №10,11, 13.

Тендерные заявки представляются организатору тендера нарочно или посредством почтового отправления по адресу: 070908, Восточно-Казахстанская область, Катон-Карагайский район, село Катон-Карагай, ул. Жампейсова, 16А, здание РГУ «Катон-Карагайский государственный национальный природный парк», приемная.

Окончательный срок представления тендерных заявок: до 17:30 часов 30 ноября 2026 года. Вскрытие конвертов с тендерными заявками состоится: в 10:00 часов 01 декабря 2026 года по адресу приема заявок.

Утвержденная тендерная документация размещена на официальном сайте www.br.katonkaragai.kz Катон-Карагайского государственного национального природного парка.


За подробной информацией обращаться в отдел экологического просвещения и туризма, тел.: 8(72342) 2-97-96, 8 707 966 81 31.

Эл.почта: katontourism@mail.ru.

Лот № 10. Местоположение участка: Берельский филиал, Рахмановское лесничество, квартал 85, выдел 19. Наименование объекта: объект для обслуживания туристов. Площадь участка – 0,9 га.

Лот № 11. Местоположение участка: Берельский филиал, Рахмановское лесничество, квартал 67, выделы 24, 35. Наименование объекта: объект для обслуживания туристов. Площадь участка – 7,9 га.

Лот № 13. Местоположение участка: Берельский филиал, Рахмановское лесничество, квартал 85, выделы 20, 21. Наименование объекта: объект для обслуживания туристов. Площадь участка – 5,2 га.





Қараусыз ғимарат қауіпті ме, нышаны ма?

Иесіз, қараусыз қалған ғимарат тұрмақ, маңайына қоқыс төгілген жерден де аулақ жүруге тырысатынымыз жасырын емес. Алайда тап осы мәселе Атырауда әлі күнге дейін өзекті күйінде қалып отыр.

Баян ЖАНҰЗАҚОВА,
Атырау облысы

Бүгінде шаһардың өзінде иесіз қалған 140-тан астам ғимарат есепке алынған. Қала әкімдігінің мәліметінше, соның 75-і сүрілген. Бұл – мәселені шешу бағытында белгілі бір жұмыстардың атқарылып жатқанын көрсеткенімен, әлі де назар аударуды қажет ететін нысандардың бар екенін аңғартады.

Бір қарағанда, қаңырап бос тұрған ғимараттар қаланың көркін бұзатын ескі құрылыстар ғана болып көрінуі мүмкін. Алайда олардың артында адам қауіпсіздігі, қоғамдық тәртіп, қоршаған ортаның тазалығы секілді маңызды мәселелер тұр.

БАСПАНАСЫ ЖОҚТАР «БАСЫП АЛҒАН»

Атырауда заң мен тәртіп аясында «Айқын нәтиже» жобасы жүзеге асырылып жатыр. Мақсат – құқықбұзушылықтың алдын алу, қоғамдық тәртіпті нығайту және тұрғындар үшін қауіпсіз қалалық орта қалыптастыру. Жоба негізінен үш бағытты қамтиды. Олар – қараусыз қалған ғимараттарды бұзу, бейнебақылау камераларын қамтымайтын аумақтарды анықтау және көшелерді жарықтандыру. Атырау қаласының прокуроры Мерген Меңдіғалиевтың айтуынша, қараусыз ғимараттарды бұзу жұмыстарын мердігер Energy Systems ЖШС жүзеге асыруда.

– Қараусыз қалған ғимараттар мәселесі тек қаланың сәулеттік келбетіне қатысты емес. Иесіз ғимараттардың кейбірі ішімдік ішетін немесе тұрақты баспанасы жоқ адамдардың паналайтын орнына айналған. Сондықтан мұндай ғимараттарды сүру тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етумен қатар, қаланың сәулеттік келбетін жақсартуға да бағытталған, – деді қала прокуроры Мерген Меңдіғалиев.

Назерке Қалиева – Атырау қаласының тұрғыны. Жергілікті жұртшылық «Шалқыма» деп атап кеткен шағынауданда тұратын ол жатақхана маңындағы қараусыз қалған ғимараттың қанша уақыт өтсе де бұзылмай тұрғанына алаңдаулы.

– Үш балам бар. Бәрі де өсті, аяқтанды. Жолдасым қайтты. Қолда бала-келін, немерелерім бар. Өзім зейнет жасына жете қоймағандықтан, жұмыстамын. Немерелерім үшін алаңдаймын. Бірі таңмен, екінші кештетіп сабаққа келіп-кетіп жатады. Келін де, ұлым да жұмыста болғандықтан, немерелерім сабаққа өздері барып-келеді. Біз сол жатақхана маңындағы жеке үйлердің бірінде тұрамыз. Балалардың сабағына барып-келетін жол дәл жатақхананың маңы. Аты шулы жатақханаға Атырауда білмейтін адам жоқ шығар. Сол жатақхана маңындағы үйдің өртеніп, кейін бос қалғанына пәлен жыл өтті. Адамдарды қолмен ұстап алмасақ та, талай шприц, бөтелкелерді сол үйдің маңынан көріп жүрдік. Кейде топтанып кете бара жатқан адамдар да болады. Балалар сабақтан аман-есен келгенше жанымызды шүберекке түйіп отырамыз. Бірақ жұмыста жүргендіктен, уақыт бізге бағына бермейді. Сондықтан қаладағы осындай иесіз қалған үйі бар, ғимараты бар, бәрін тезірек сүріп тастаса деймін. Әйтпесе күніміз бала үшін уайымдаумен өтіп жатыр, – дейді тұрғын.

Зейнеткер Атамаш Қасым да қараусыз қалған ғимараттардан бөлек, қала көшелеріндегі



жарықтандыру деңгейіне де назар аудару керек деп ойлайды.

– Жарықтандырумен бірге, бейнебақылау камераларының жеткіліксіздігі де өзекті. Алдымызда қыс келе жатыр. Кешкі және түнгі уақытта жарық аз түсетін көшелермен жүру, қараусыз қалған нысандардың маңынан өту бәрібір қолайсыздық туғызады. Жас келген сайын көру қабілетіміздің де нашарлайтыны түсінікті. Сондықтан мектепке ерте барып, кеш қайтатын бала-шаға, жұмыстан қас қарая шығатын үлкендер, көлік аялдамаларына жақын баратынымыз бар – осындайда көшелер жарық болумен бірге, қоғамдық кеңістіктердің бақылауда болуы да маңызды ғой, – дейді зейнеткер.

«Айқын нәтиже» жобасы аясында қазір камералармен қамтылмаған аумақтарды анықтау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Атырау қаласының прокуроры Мерген Меңдіғалиевтің айтуынша, бұл қауіпсіздік инфрақұрылымын дамытуда қай аумақтарға басымдық беру қажеттігін айқындауға мүмкіндік бермек.

Атырау қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және тұрғын үй инспекциясы бөлімі басшысының орынбасары Олжас Хасановтың айтуынша, сүрілуі жоспарланған ғимараттардағы тұрғындардың барлығы көшірілген. Босатылған аумақтардың бір бөлігіне алдағы уақытта жаңа тұрғын үйлер мен сауда нысандарын салу жоспарланып отыр.

– Бұл ретте иесіз ғимараттарды бұзу жұмыстары қаланың бос жатқан аумақтарын тиімді пайдалануға да жол ашады. Яғни қауіпсіздік мәселесін шешумен қатар, қаланың құрылыс әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді, – дейді Олжас Хасанов.

21 МЫҢ КАМЕРАСЫ ЖЕТКІЛІКТІ МЕ?

Осыдан екі жыл бұрын Атырау Қазақстандағы қылмыс өршіп тұрған топ үш өңір тізіміне кірді. Бас прокуратураның ресми мәліметіне сәйкес, Маңғыстау, Атырау және Павлодар облыстары тіркелген қылмыс санының бойынша көш бастаған еді. Одан бері арада екі жыл өтті. Атырау облыстық полиция департаментінен білгеніміздей, қазір бір ғана қала аумағына 21 мың бейнебақылау камерасы орнатылған екен.

– Жалпы, қоғамдық тәртіпті сақтау – полиция үшін ең басты миссия. Біздер иесіз ғимараттар болса да, болмаса да жұмысымызды жалғастыра береміз. Жыл басынан полиция департаменті қызметкерлері «Қауіпсіз үй» жедел профилактикалық іс-шарасы аясында 8 479 тұрғын үйді тексерді. Тексеру барысында жеке және жалдамалы үйлер, көпқабатты тұрғын үйлердегі пәтерлер, саяжайлар, шаруа қожалықтары мен қараусыз қалған ғимараттар қамтылды. Қауіп болуы мүмкін аймақтар қашан да бақылауымызда, – дейді Атырау облысы полиция департаментінің баспасөз хатшысы Мейірім Ердәулет.

> **Жалпы, қоғамдық тәртіпті сақтау – полиция үшін ең басты миссия. Біздер иесіз ғимараттар болса да, болмаса да жұмысымызды жалғастыра береміз. Жыл басынан полиция департаменті қызметкерлері «Қауіпсіз үй» жедел профилактикалық іс-шарасы аясында 8 479 тұрғын үйді тексерді.**

Аты шулы Жангелдин трагедиясын халық әлі ұмыта қойған жоқ. Бүкіл Қазақстанды дүр сілкіндірген қанды қылмыс кезінде бір отбасының мүшелері түгел көз жұмған еді. Ата-енесін ауылдағы өз үйлерінде, қос балдызын қаладағы жалдамалы үйде өлтірген Сұлтан Сәрсемалиевтің қылмыстан кейін ұзақ уақытқа дейін жасырына алуына да бақылау камерасы жоқ «соқыр аймақтардың» әсері болды деп айта аламыз. Себебі қылмыстық оқиға толық баяндалған сот залынан білгеніміздей, Сәрсемалиев Атырау қаласы маңында жалдап тұрған үйлер камерамен жабдықталмаған, полицияның толықтай бақылауындағы учаскелер емес.

«Соқыр аймақ» дегеннен шығады, осыдан бір жыл бұрын Жылыой ауданында болған қанды қылмыс та әлі күнге дейін ел есінде. 7 жасар қыз баланы қорлап өлтірген қылмыскер әрекетін «соқыр аймақта» жасаған болатын. Қылмыстың қанды ізін анықтауға кедергілердің болуына да сол камера орнатылмаған аумақтың көп болуы кері әсерін берген еді. Сондықтан бейнебақылау камераларын қалалық жерге ғана емес, ауыл-аймақтарға да орнатудың маңызы зор.

Атырау облысы полиция департаментінің ресми мәліметінше, биылғы жылдың алғашқы 10 айында Атырау облысында камералар көмегімен 735 қылмыс ашылған екен. 2025 жылы 302 қылмыс қылмыс ашылған. Бұл цифрлар өңірдегі криминогендік жағдайды бағалаудың басты критерийі бола алмауы мүмкін. Дегенмен қылмыстың алдын алуда, қоғамдағы тәріпті, қауіпсіздікті сақтауда – көшедегі бейнебақылау камераларының қаншалықты маңызды рөл атқаратынын көрсетеді.

Әлеуметтанушы Ақтоты Дәулетбаеваның айтуынша, қараусыз қалған ғимараттар – тек қаланың көркін бұзатын нысандар емес, қоғамға да кері әсерін тигізетін мәселе.

– Мұндай ғимараттар көбейген сайын тұрғындардың қауіпсіздігіне қатысты алаңдаушылығы артады. Әсіресе иесіз қалған, қоршауы жоқ, кез келген адам кіріп-шыға алатын нысандар түрлі келеңсіз жағдайларға себеп болуы мүмкін. Оның үстіне, адам тұратын ортаның да көңіл күйге әсері бар. Қираған ғимараттар, қараусыз қалған аумақтар қаланың жалпы келбетін өзгертіп қана қоймай, тұрғындардың өз ортасына деген көзқарасына да ықпал етеді. Адам өзі өмір сүретін жердің таза, қауіпсіз әрі жайлы болғанын қалайды. Ал осындай мәселелер ұзақ уақыт шешімін таппаса, халықтың жергілікті билікке деген сеніміне де әсер етуі мүмкін. Сондықтан бұл мәселеге тек құрылыс немесе сәулет тұрғысынан қарамау керек. Ең алдымен, мұндай аумақтарда тұратын адамдардың қауіпсіздігі мен жайлылығы ескерілуі қажет. Қалай десек те, қараусыз қалған ғимараттар ретке келтіруді, мүмкіндігінше қайта пайдалануды немесе сүріп тастауды қажет етеді, – дейді әлеуметтанушы.

Ресми деректерге сәйкес, қараусыз ғимараттар мәселесі жалғыз Атырау облысында ғана емес, Алматы, Шымкент, Павлодар, Қарағанды, Өскемен, Тараз және Қостанай қалаларында да айрықша байқалып отыр. Торғай төсіндегі Арқалық қаласындағы бос қалған аумақтар мәселесі өз алдына бөлек тақырып. Қалай десек те, иесіз ғимараттарды сүру уақыт оздырмауы қажет.



ЦИФРЛЫ ӘЛЕМ

21 ҚАРАША 2026 | СЕНБІ

Цифрлы әлем кеңістігі күн сайын кеңейіп, бұрын үлкен болған құрылғылардың өзі кішірейіп келеді. Бұл үрдіс миниатюризация деп аталады. Яғни гаджеттердің көлемін азайтып, мүмкіндігін сақтап қалу. Мұны күнделікті қолданатын заттардан да байқауға болады. Мысалы, қазір құлаққа тағатын түймедей сымсыз құлаққаптар бар. Олар біз үйренген құлаққаптардан әлдеқайда кішкентай. Тіпті кейбір үлгілері ұйықтаған кезде де құлаққа батпай, кедергі келтірмейтіндей етіп жасалған.



Құлаққаптың тосын хикаясы

Сымбат БЕГІМБАЙ

Мәселен, Rowkin Micro – көлемі ықшам сымсыз стереоқұлаққаптардың бірі. Ұзындығы – небәрі 1,7 сантиметр, салмағы – 3,1 грамм шамасында. Құлақ қалқанынан сыртқа көп шығып тұрмайтындықтан, күнделікті қолдануға ыңғайлы. Ал Soundcore Sleep A20 мен Bose Sleepbuds II модельдері арнайы ұйқы кезінде пайдалануға бейімделген. Олардың пішіні қырынан жатқанда құлаққа батпайтындай етіп жасалған. Сонымен қатар сыртқы шуды бәсеңдетіп, тыныш ұйықтауға көмектесетін дыбыстарды ойната алады.

Sony LinkBuds S те жеңіл әрі ықшам құрылғылардың қатарына жатады. Салмағы шамамен 4,8 грамм болатын құлаққапта шуды белсенді басу функциясы қарастырылған. Ал швециялық Earin компаниясының A-3 моделі өзгеше құрылымымен ерекшеленеді. Салмағы шамамен 3,5 грамм болатын құрылғыда артық батырмалар мен көлемді бекіткіштер жоқ. Өндірушілер оны құлаққа табиғи орналасатындай етіп жобалаған.

АУДИОҚҰРЫЛҒЫЛАР ТЫҢШЫЛАРДАН БАСТАЛҒАН

Құлақ ішіне жасырылатын шағын аудиоқұрылғылардың тарихы қазіргі сымсыз гаджеттерден әлдеқайда ертерек басталады. Өткен ғасырдың ортасында арнайы қызметтер құпия ақпарат алмасу кезінде пайдалануға арналған шағын қабылдағыштарды қолданған. Кейін бұл бағыттағы технологиялар жетілдіріліп, құлақ ішіне орналасатын құрылғылар медицинада, байланыс саласында және күнделікті тұрмыста кеңінен қолданыла бастады.

Бүгінде осындай шағын гаджеттің корпусына динамик, Bluetooth антеннасы, процессор мен аккумулятор секілді бірнеше маңызды бөлшек орналастырылады. Мұның бәрі арнайы инженерлік шешімдер мен дәл құрастыруды талап етеді. Көлемі кішірейгенімен, кейбір модельдер үш-бес сағатқа дейін үздіксіз жұмыс істей алады. Ал қуаттау қаптамасы құрылғының жұмыс уақытын ұзартуға мүмкіндік береді. Мәселен, швециялық Earin компаниясы – сымсыз құлаққаптарды барынша ықшам етіп жасауға талпынған өндірушінің бірі. Компания ұсынған алғашқы модельдердің өлшемі небәрі 14×20 миллиметр болған. Құрылғыда есту аппараттары мен кәсіби құлақішілік мониторларда қолданылатын дыбыс технологиясы пайдаланылған. Оның ерекшелігі – артық сымдардың, көлемді бөлшектердің болмауы. Құлаққап музыка тыңдауға арналған қарапайым әрі ықшам құрылғы ретінде жасалған.

Earin жинағындағы ұзындығы 62 миллиметрлік арнайы қаптама құлаққаптарды сақтауға ғана емес, қуаттауға да арналған. Құрылғы қаптамаға салынған кезде автоматты түрде зарядталады. Толық қуатталған жағдайда 5 сағатқа дейін музыка тыңдауға болады.



Сонымен қатар пайдаланушыға құлақ өлшеміне қарай таңдауға арналған үш түрлі силикон ұштық пен құлаққапты берік бекітетін Concha Lock құрылғысы ұсынылады. Соңғысы спортпен шұғылданғанда немесе белсенді қозғалыс кезінде құлаққаптың түсіп қалмауына көмектеседі.

АСҚАЗАНҒА ТҮСКЕН AIRPODS

Шағын құлаққаптардың қолайлылығымен қатар, олардың көлеміне байланысты күтпеген оқиғалар да кездеседі. Әсіресе ұйықтап жатқанда немесе күнделікті дәрі-дәрмек қабылдағанда байқамай жұтып қою жағдайлары тіркелген. Бір қызығы, мұндай оқиғалардың кейбірінде құлаққап адам ағзасына түскеннен кейін де Bluetooth байланысын жоғалтпаған.

Уфалық Мария есімді әйел Apple AirPods құлаққабын дәрі-дәрмекпен шатастырып, басқа капсулалармен бірге жұтып қойған. Біраз уақыттан кейін құлаққаптың біреуі жоғалғанын байқап, оның асқазанына түскенін түсінеді. Ауруханада рентгенге түскен соң дәрігерлер оған өз бетінше құсуға немесе іш жүргізетін дәрі қабылдауға болмайтынын ескерткен. Өйткені мұндай әрекеттер құрылғының батареясын зақымдап, ағзаға зиян келтіруі мүмкін еді. Дәрігерлер жағдайды бақылауға алып, құлаққаптың табиғи жолмен шығуын күткен. Келесі күні гаджет хирургиялық араласусыз ағзадан шыққан. Оқиғаның ең қызықты тұсы – құлаққаптың асқазанда жатқан кезінде де смартфонмен Bluetooth байланысын сақтауы. Әйелдің айтуынша, құрылғы телефонға қосылып тұрғанымен, музыка дыбысы естілмеген.

Мұндай жағдай алғаш рет кездесіп отырған жоқ. Бірнеше жыл бұрын Тайвань тұрғыны Бен Хсу ұйықтап жатып, байқамай AirPods құлаққабын жұтып қойған. Таңертең бір құлаққабын таба алмаған ол Find My AirPods функциясын іске қосып, дыбыс сигналының өз денесінен шығып жатқанын анғарған. Ауруханада түсірілген рентген құрылғының асқазанда тұрғанын растаған. Дәрігерлердің бақылауымен құлаққап табиғи жолмен шыққаннан кейін, оны тазалап, кептіріп көргенде әлі де жұмыс істеп тұрғаны анықталған.

Сонымен қатар АҚШ тұрғыны Брэд Готьенің де басынан осыған ұқсас оқиға өткен. Ол үй ауласында қар тазалап жүріп, музыка тыңдаған. Кешке қарай құлаққабының біреуі жоғалғанын байқаса да, оған аса мән бермеген. Түнде кеуде тұсында жайсыздық сезініп, медициналық тексеруден өткенде, AirPods құлаққабы өңешіне тұрып қалғаны анықталған. Дәрігерлер оны эндоскопия арқылы алып шыққан. Кейін құрылғының жұмыс істеп тұрғаны, алайда микрофонының сапасы төмендегені белгілі болған.

Ал АҚШ азаматы Мо Кеннеди ұйықтап жатып AirPods Pro құлаққабын жұтып қойған. Ауруханада жүргізілген компьютерлік томография оның асқазанға түскенін көрсеткен. Батареяның ағзаға тигізуі мүмкін зиянын ескерген дәрігерлер құлаққапты шұғыл түрде алып тастаған. Бұл оқиға да шағын электронды құрылғылардың адам өміріне күтпеген қауіп төндіруі мүмкін екенін көрсетті.

Мұндай оқиғалар сымсыз құлаққаптардың технологиялық мүмкіндігін ғана емес, оларды пайдаланудағы қауіпсіздік мәселесін де күн тәртібіне шығарады. Құрылғының шағын болуы оның қауіпсіз екенін білдірмейді. Әсіресе литий батареялары зақымданған жағдайда адам ағзасына қауіпті химиялық заттар бөлінуі мүмкін.

Құлақ ішіне жасырылатын шағын аудиоқұрылғылардың тарихы қазіргі сымсыз гаджеттерден әлдеқайда ертерек басталады. Өткен ғасырдың ортасында арнайы қызметтер құпия ақпарат алмасу кезінде пайдалануға арналған шағын қабылдағыштарды қолданған. Кейін бұл бағыттағы технологиялар жетілдіріліп, құлақ ішіне орналасатын құрылғылар медицинада, байланыс саласында және күнделікті тұрмыста кеңінен қолданыла бастады.

Сондықтан құлаққапты ұйықтар алдында шешіп қою, кішкентай гаджеттерді балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау және құрылғы жоғалған жағдайда оның қайда кеткенін мұқият тексеру маңызды. Егер құлаққапты байқамай жұтып қойса, өздігінен құсуға немесе іш жүргізетін дәрі қабылдауға болмайды. Мұндайда дереу медициналық көмекке жүгіну қажет.

Технологияның басты мақсаты – адам өмірін жеңілдету. Алайда көлемі кішірейіп, мүмкіндігі артқан сайын гаджеттерді қолданудағы жауапкершілік те ұлғая түседі.

AMANAT MEDIA GROUP
AIQYN
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары
Мадияр ТӨЛЕУ – Шығарушы редактор
Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы
Эльмира ЖҮРСІНБЕККЫЗЫ – Абай облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді

ЖАЛПЫ ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4817
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Келемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редакторлар – Кәмила ДҮЙСЕН, Айхан ШӘРІП